

# **ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

## **I БӨЛІМНІҢ МАЗМҰНЫ**

### **БӨЛІМ 1. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ**

- 1.1. Оқушылар контингенті
- 1.2. Оқушыларды конкурстық іріктеу
- 1.3. Виртуалды және каникулярлық мектеп

### **БӨЛІМ 2. ПЕДАГОГ КАДРЛАР**

- 2.1. Мұғалімдерді конкурстық іріктеу
- 2.2. Педагог кадрлардың сапалық құрамы, оқу-тәрбие үдерісін кадрмен қамту
- 2.3. Біліктілікті арттыру
- 2.4. Педагог кадрларды қызметтік бағалау және мұғалімдердің кәсіби дамуы
- 2.5. Педагогтердің жетістіктері
- 2.6. Педагогтердің білім беру саласындағы мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру

### **БӨЛІМ 3. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ**

- 3.1. Тәрбие жұмысы. Кураторлық қызмет және ата-аналар комитеті
- 3.2. Оқушылардың көшбасшылығын дамыту
- 3.3. Дарынды оқушылармен жұмыс/олимпиадалық резерв
- 3.4. Қосымша білім беру және әлеуметтік жобалар
- 3.5. Оқушылардың әл-ауқаты. Оқу-тәрбие үдерісіндегі психологиялық қолдау
- 3.6. Кәсіби бағдар беру жұмысы

### **БӨЛІМ 4. БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ**

- 4.1. Оқушылардың оқу жетістігіне мониторинг жүргізу
- 4.2. PISA сынақ тестілеуі
- 4.3. Халықаралық аккредиттеу
- 4.5. Мектепшілік бақылау
- 4.6. Үлгерім және білім сапасы
- 4.7. 10-12 сыныптардағы сыртқы бағалау нәтижелері
- 4.8. Оқушылардың халықаралық және республикалық олимпиада, конкурстар, конференциялар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары
- 4.3. Халықаралық емтихандар нәтижелері
- 4.4. Жоғары оқу орындарына түсу

## II БӨЛІМ МАЗМҰНЫ

1. НЗМ тәжірибесін тарату
  2. Жазғы мектеп
  3. Мектеп ауласын абаттандыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету
  4. Мектепті цифрландыру
- 
5. Медициналық қызмет жұмысы
  6. Мектеп жатақханасының жұмысы
  7. Мектептің баспасөз қызметінің жұмысы
  8. Серіктестік бойынша жұмыс
  9. Мектеп кітапханасының жұмысы
  10. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы
  11. NIS Engineering, робототехника, WRO және т.б..

## БӨЛІМ 1. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

### 1.1. ОҚУШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ

2023-2024 оқу жылының басында оқушылар контингенті 764 оқушыны құрады, олардың 29-ы ақылы негізде, 2-уі экстернат бағдарламасымен білім алушылар. Сынып саны – 33, олардың 28-і оқушы саны 25-28-ден болғандықтан топтарға бөлінетін сыныптар, 5-уі оқушы саны 14-15-тен болғандықтан топтарға бөлінбейтін сыныптар.

Кесте 1. Оқу жылының басындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (20.09.2023 ж.)

Сынып	Сынып саны	Оқушы саны	Оқыту тілі		Ақылы негізде	Экстернат
			қазақша	орысша		
7	5 (4+1)	126	84	42	2 (каз), 4 (орыс)	
8	6	148	99	49	8 (каз), 4 (орыс)	
9	6	140	96	44	3 (каз), 2 (орыс)	1
10	6 (5+1)	135	93	42	2 (каз), 1 (орыс)	1
11	6 (4+2)	126	91	35	1 (каз), 2 (орыс)	
12	4 (3+1)	89	74	15		
<b>Всего</b>	<b>33 (28+5)</b>	<b>764</b>	<b>537</b>	<b>227</b>	<b>29</b>	<b>2</b>

2024 жылдың қаңтар айында 26.12.2023 ж. НЗМ ДББҰ Басқарма отырысының шешімімен (хаттама №59) 7-сыныптарға резервтен 37 (40 оқушының 3-уі гранттан бас тартты) оқушы қосымша қабылданды.

Жалпы 2023-2024 оқу жылы барысында 7 оқушы келді (олардың 3-уі резервтен 7-сыныпқа, 1-уі 8-сыныпқа ақылы негізде, 3-уі басқа НЗМ-нен ауысу), 11 оқушы кетті (3-уі басқа НЗМ-ге ауысу, 8-і өз еркімен жалпы білім беретін мектепке ауысу).

2023-2024 оқу жылының соңында оқушылар контингенті 798 оқушыны құрады, олардың 30-ы ақылы негізде білім алушылар. Қазақ тілінде білім алатын оқушылар саны – 559, немес 70%, 239-ы (30%) орыс тіліді сыныптарда оқиды. Сынып саны – 34, олардың 30-ы бөлінетін толық сыныптар, 4-уі бөлінбейтін топтар.

Кесте 2. Оқу жылының соңындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (15.06.2024 ж.)

Сынып	Сынып саны	Оқушы саны	Оқыту тілі		Ақылы негізде	Экстернат
			қазақша	орысша		
7	6	166	110	56	1 (каз), 5 (орыс)	
8	6	145	97	48	9 (каз), 4 (орыс)	
9	6	140	97	43	3 (каз), 2 (орыс)	1
10	6 (5+1)	134	92	42	2 (каз), 1 (орыс)	1
11	6 (4+2)	124	89	35	1 (каз), 2 (орыс)	
12	4 (3+1)	89	74	15		
<b>Всего</b>	<b>34 (30+4)</b>	<b>798</b>	<b>559</b>	<b>239</b>	<b>30</b>	<b>2</b>

Жыл сайын орыс тілінде оқитын оқушылар үлесі соңғы төрт жылда 5%-ға артқан: 2023-2024 және 2022-2023 - 30%, 2021-2022 – 29,2%, 2019-2020 – 25%.

Оқушылар құрамының басым бөлігін қазақ ұлты құрайды – 969%. Басқа ұлт өкілдерінің үлесі – 3,1%.

Кесте 4. Оқушылардың ұлттық құрамы

Сынып	Оқушы саны	қазақ	%	Басқа ұлттар										%	
				орыс	татар	башкир	қырғыз	өзбек	Ингуш	агул	индианка	азербайжан	түрік		
7	166	<b>162</b>	<b>97,6</b>	2								1		<b>1</b>	<b>2,4</b>
8	145	140	96,6	3		1								1	3,4
9	140	133	95	3	1						1	1	1		5
10	134	129	96,3	2			1	2							3,7
11	124	123	99,2						1						0,8
12	89	86	96,6	2	1										3,4
	798	<b>773</b>	96,9	<b>12</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>3,1</b>

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайына жасалған талдаулар оқушылардың 51%-ның (өткен жылы 47,2) «көп балалы отбасы» санатына жататынын, 22,3% (18,2) шағын қалалар мен ауылдық жерлерден екенін, 9,3%-ы (өткен оқу жылында – 9,8) толық емес отбасынан екендігін көрсетеді.

Кесте 5. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы (2023 жылдың 1 қазаны жағдайында):

№	Әлеуметтік санаты	7	8	9	10	11	12	всего	%
1	Көп балалы отбасы балалары	93	68	80	67	60	39	<b>407</b>	<b>51</b>
2	Аз қамтылған отбасы балалары	0	0	0	0	0	0	<b>0</b>	<b>0</b>
3	Толық емес отбасы балалары	15	11	14	15	14	5	<b>74</b>	<b>9,3</b>
4	Ата-анасы мүгедек балалар	2	3	6	4	2	1	<b>18</b>	<b>2,3</b>
5	Мүгедек балалар	1	2	4	3	2	0	<b>12</b>	<b>1,4</b>
7	Қамқоршылық тағайындалған балалар	1	0	0	0	0	0	<b>1</b>	<b>0,1</b>
7	Шағын қалалар мен ауылдық жерлерден келген балалар	41	32	30	34	22	19	<b>178</b>	<b>22,3</b>

Біздің мектептің контингентіндегі ерекшелік – оқушылардың 51% көп балалы отбасынан болуы. Бұл екі жақты әсер етеді. Бір жағынан оқушыларда бір-біріне көмектесу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өседі, екінші жағынан мұндай балаларға ата-ана тарапынан қолдаудың аздығы сезіледі.

## 1.2 ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ - КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

2024-2025 оқу жылында 7 сыныпта оқуға түсу үшін конкурстық іріктеуге үміткерлердің құжаттарын қабылдау 2024 жылдың 8 қаңтарынан 10 ақпанына жүргізілді. Қабылданған өтініштер саны – 1608 болды, олардың 1295-сі қазақ тілінде, 313-і орыс тілінде.

Конкурстың іріктеу 2024 жылдың 28-29 наурыз күндері өткізілді. Қатысушылар саны – 1558 (2023 жылы – 1250). Олардың 527-сі (2023 жылы – 381) шектік балл жинағандар – 33,8% (2023 жылы - 31,3%). НЗМ ДББҰ Басқармасы отырысының шешімімен жоғары балл жинаған 120 оқушы (89 қазақ тілді, 31 орыс тілді) мектепке қабылданды, 420 оқушы (2023 жылы – 260) резервтік тізімде.

Мықты тұстарымыздың бірі - конкурстық іріктеуге қатысатын балалардың саны жылдан жылға артуда. Конкурста бір бос орынға орта есеппен 12-13 (2023 жылы – 10-11) үміткер қатысты. Соңғы 4 жылда құжат тапсырушылар саны 1000-нан 1600-ге дейін өсті. Грант иегерлерінің орташа ұпайлары да өсуде – 2019 жылы - 950-ден жоғары болса, 2024 жылы – 1170 (2023 жылы – 1140) болды.

Биылғы жылы ең жоғары балл – 1361 (2023 жылы - 1414), мектепке қабылданған оқушылардың ішінде ең төменгі балл – 1068 (2023 жылы – 1020) болды. Ақылы оқуға үміткерлер саны да көбейіп отыр. 2023-2024 оқу жылында 30 оқушы ақылы негізде білім алды (2022-23 оқу жыл 21 оқушы), кезек күтушілер саны - 10.

## **ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ КАНИКУЛЯРЛЫҚ МЕКТЕП**

2023-2024 оқу жылында 6-сыныптарға арналған виртуалды мектепке 26 оқушы тіркеліп, 19 оқушы (15 оқушы қазақша, 4 оқушы орысша) 2024 жылдың 3-5 қаңтары аралығында ұйымдастырылған каникулярлық мектепке қатысты.

5-сыныптарға арналған виртуалды мектепке 43 оқушы тіркеліп, 38 оқушы 2024 жылдың 3-5 маусымы аралығындағы каникулярлық мектепке қатысуға мүмкіндік алды. 38 оқушының 30-ы тірек мектебі болып бекітілген Қарақия ауданының №6 жалпы орта білім беретін мектебінің 5-сынып оқушылары.

Олар 40 сағат көлемінде қазақ және орыс тілдері бірінші және екінші тіл ретінде, ағылшын тілі, математика, сандық сипаттамалар, жаратылыстану (физика, химия, биология, география) пәндерінен білімдерін толықтырды.

## **БӨЛІМ 2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР**

### **2.1 МҰҒАЛІМДЕРДІ ІРІКТЕУ КОНКУРСЫ**

Мұғалімдерді іріктеу - бос лауазымдарға орналасуға және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру 3 конкурстық кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде үміткерлерден реюме қабылданады, бейіндік пән бойынша тестілеуден және stm-Revised жүйеге бағытталған сауалнамасына жауап беру қажет, конкурстың екінші кезеңіне өту үшін "Ұсыным" болу керек.

Екінші кезеңі-конкурстық комиссияның үміткерімен әңгімелесу.

Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы - қорытынды отырыста конкурстық комиссия мүшелері бірінші және екінші кезеңдердің нәтижелері негізінде педагогтердің бос лауазымына орналасуға үміткерлерді бағалайды және олардың ішінен іріктеуді жүзеге асырады.

2023-2024 жылы 3 мәрте (29 маусым 2023 жылы, 14 тамыз 2023 жылы және 25 тамыз 2023 жылы) конкурстық іріктеудің бірінші кезеңі өткізілді. 2023 жылы ең бірінші рет конкурстық іріктеу 29 маусымда өткізілді, 34 педагог бірінші кезеңге

өтініш берді тек қана 9 педагог "Ұсыным" нәтижесін алды қалған 25 педагог ұсынылмады.

2023 жылы ең екінші рет конкурстық іріктеу 14 тамызда өткізілді, 28 педагог екінші кезеңге өтініш берді тек қана 4 педагог "Ұсыным" нәтижесін алды қалған 24 педагог ұсынылмады.

2023 жылы ең үшінші рет конкурстық іріктеу 25 тамызда өткізілді, 31 педагог бірінші кезеңге өтініш берді тек қана 3 педагог "Ұсыным" нәтижесін алды қалған 28 педагог ұсынылмады.

## **2.2. ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ МАМАНДАРМЕН ҚАМТЫЛУЫ**

2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың жалпы саны 177 болды (оның ішінде бала күтімі бойынша әлеуметтік демалыста – 32, академиялық демалыста - 2), оның ішінде:

- әкімшілік-басқару персоналы – 7 (*директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, ғылыми-әдістеме жөніндегі орынбасары, методист, жатақхана меңгерушісі, кеңейтілген лаборатоия меңгерушісі*);
- пән мұғалімдері – 100 және бала күтімі бойынша әлеуметтік демалыста -23, академиялық демалыста -2;
- педагог қызметкерлерге теңестірілген тұлғалар - 36 (*педагог-ұйымдастырушы-куратор - 14, педагог-психолог - 3, педагог-кітапханашы - 2, алғашқы әскери дайындық бойынша оқытушы – ұйымдастырушы - 1, жатақхана тәрбиешілері - 6, жатақхана тәрбиеші көмекшілері - 4, қосымша білім беру педагогтері - 3, кәсіби бағдар көрсетуші консультант - 1, хореограф - 1, көркемдік-музыкалық жетекші - 1*) және бала күтімі бойынша әлеуметтік демалыста -9;
- шетелдік мұғалімдер – 3 (*биология, физика және химия пәндерінен*).

Жыл басында 15 педагог жаңадан жұмысқа қабылданды (*ағылшын тілі - 3, математика - 1, информатика – 2, тарих – 2, химия – 2, биология – 2, алғашқы әскери дайындық бойынша оқытушы–ұйымдастырушы – 1, педагог-ұйымдастырушы-куратор - 2*). Олардың ішінде 4 мұғалім НЗМ түлегі, 1 мұғалім «мұғалім-эксперт», 9 «мұғалім», 2 «тағылымдамашы».

Сонымен қатар, ішкі резервті дамыту мақсатында 1 педагог кураторлықтан қазақ тілі пәні мұғалімі, 1 лаборант физика пәні мұғалімі, 1 жатақхана тәрбиешісі педагог-ұйымдастырушы-куратор қызметіне ауыстырылды.

2023-2024 оқу жылы барысында 6 мұғалім өз еркімен жұмыстан босатылды (оның ішінде 1-биология пәні мұғалімі, 1-ағылшын тілі пәні мұғалімі, 2-информатика пәні мұғалімі, 1-физика пәні мұғалімі, 1-тарих пәні мұғалім) және 7 педагог қызметкерлері бала күтімі бойынша әлеуметтік демалысқа шықты (оның ішінде 1-қазақ тілі пәні мұғалімі, 2-математика пәні мұғалімі, 1-ағылшын пәні мұғалімі, 1-орыс тілі пәні мұғалімі, 1-биология пәні мұғалімі, 1-география пәні мұғалімі), 1 мұғалім «Болашақ» бағдарламасымен шетелге оқуға кетті (физика пәні мұғалімі).

Оқу жылы барысында 4 педагог жұмысқа қабылданды (1 – биология, 1 – информатика, 1 – орыс тілі, 1 – педагог-ұйымдастырушы-куратор), 2 мұғалім академиялық демалыстан жұмысқа шықты.

<b>Педагогикалық шеберлік деңгейлері</b>	<b>Мұғалімдер саны, барлығы 129 (102 жұмыста , декреттік демалыста - 27)</b>	<b>Үлесі</b>
--	--	--------------

Мұғалім-шебер	0	0
Мұғалім-зерттеуші	0	0
Мұғалім-сарапшы	9	8,8%
Мұғалім - модератор	39 (31+8 декрет)	30,4%
Мұғалім	68 (53+15 декрет)	52%
Мұғалім-стажер	13 (9+4 декрет)	8,8%

### 2.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Ақтау қаласының мия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын және Назарбаев Зияткерлік мектептері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қағидаларын іске асыру мақсатына сәйкес қызметін жүзеге асырып келеді. Мектептің педагог кадрларының біліктілігін арттыру жүйесінде кәсіптік дағдылар мен қабілеттерді дамытуға, жаңа идеяларды қалыптастыру, педагогтердің өзін-өзі дамытуына бастамашылық жасауға бағытталған жұмыс жалғасын тауып келеді.

Мектеп әкімшілігі мектепшілік курстарды, семинарлар мен тренингтерді тиімді жоспарлау және сәтті өткізу үшін қажеттіліктерді анықтау бойынша педагогтар арасында сауалнама жүргізді. Сондай-ақ, мектептің ішкі ресурстары белсенді пайдаланылды, яғни тәжірибелі мұғалімдер мен сертификатталған тренерлер кәсіби қолдау көрсету мақсатында мектепшілік курстар, семинарлар мен тренингтер өткізді.

2023-2024 оқу жылында мектепте тренерлер саны 30 адамды құрады. Сертификатталған тренерлер мектеп ішіндегі әріптестері мен облыстың тірек мектептерінің мұғалімдері үшін семинарлар мен шеберлік сыныптарын өткізеді. Педагогтер өз тәжірибелерін өңірлік, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы көрсетеді, сондай-ақ шығармашылық топтарда жұмыс атқарып, әдістемелік ұсынымдар әзірлейді.

#### Сертификатталған тренерлер

№	Тренерлер	Саны
1	Cisco IT essential тренерлері	6
2	«Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасы бойынша тренерлер	3
3	Triple Science тренерлері	2
4	CLIL әдістемесі бойынша тренерлер	4
5	CLIL әдістемесі бойынша тренерлер (Blended Learning)	6
6	Педагог қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренерлер	4
7	"Робототехника"бағдарламасы бойынша тренерлер	1
8	Ықтималдық теориясының тренерлері	1
9	Тест тапсырмаларын әзірлеуші тренерлер	1
10	CELTA сертификатының иелері	2
<b>Барлығы</b>		<b>30</b>

2023-2024 оқу жылында мұғалімдер түрлі бағыттар бойынша курстар мен семинарға қатысқандар саны:

Курстың атауы	Өткізу кезеңі	Қатысушылар саны
«Тиімді оқу және оқыту» (онлайн)	20.10. –29.12.2023	8
«Өз тәжірибесін дамытуды басқару»	18.09. -10.11.2023	5
«Мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау» (онлайн)	16.10. -22.12.2023	2
«Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» тақырыбында семинар (пәндер шеңберінде).	29.- 31.01.2024	33
«Сабақтағы саралау тәсілдері»	14.-16.02.24	33

Орыс тілі және әдебиет мұғалімі А.А.Исмаганбетова «Мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау» курсына сәтті аяқтап педагогтерді кәсіби қолдау тренері атанды.

### Мектепшілік курстар

2022-2023 оқу жылының I жартыжылдығында мектепшілік курстар 20 қыркүйек пен 20 желтоқсан, II жартыжылдығында 18 қаңтар мен 17 мамыр аралығында әр сәрсенбі сайын сағат 16.50-дан 17.30-ға дейін өткізілді. Мектепшілік курстар қатысушыларының тізімі мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

### 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында мектепшілік курстар туралы ақпарат

Курстардың атауы	Қатысушылар саны	Сертификат алғандар саны
АКТ. Бейне сабақтар.	6	3
Оқыту сапасын жақсарту құралы ретінде іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеу.	17	5
IELTS-ке дайындық	19	11
APTIS-ке дайындық	21	9
General English	19	11
Жаһандық азаматтық	2	0
Балалардың әл-ауқаты	3	0
Жас мамандарға Action Research/Lesson Study (жас мамандарға зерттеу дағдыларын үйрететін курс)	6	5
Қазгест	7	3
Жас мамандар мектебі	6	6
Тәрбиешілердің кәсіби дамуына әсер ететін курс	4	4
<b>Барлығы</b>	<b>110</b>	<b>57</b>

### 2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығында мектепшілік курстар туралы ақпарат

Курстардың атауы	Қатысушылар саны	Сертификат алғандар саны
«Action research/ ECER»	15	11



«Ғылыми жобаға дайындау»	6	6
«Жасанды интеллектіні сабақта тиімді қолдану»	23	12
«Глобальное гражданство»	5	4
«Благополучие детей»	5	5
«General English», «IELTS»	22	7
<b>Барлығы</b>	<b>76</b>	<b>45</b>

## **Мектепшілік «Жылдың үздік жас мұғалімі-2024» байқауы**

2024 жылдың 26 ақпан мен 1 наурыз аралығында мектепте шығармашылықпен жұмыс жасайтын және дарынды жас педагогтерді анықтау, қолдау және ынталандыру, сондай-ақ олардың кәсіби өсуіне жағдай жасау мақсатында жас «Жылдың үздік жас мұғалімі-2024» конкурсы өткізілді. Байқау үш тапсырмадан тұрды:

- *«Мен - тұлға, мен – мұғалім» визит карточкасы» бейнеролигі*
- *«Менің педагогикалық тәжірибем» - ашық сабақтар байқауы*
- *TEDx. форматындағы «Шешендік өнер» байқауы.*

Қазылар алқасының құрамында мектептің көшбасшы мұғалімдері, «Үздік педагог-2022» республикалық байқауының жеңімпаз ұстаз және педагог-психологтары болды. Байқауға 12 жас педагог қызметкер қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша жас мамандар Гран-При, I орын, II орын, III орын және «Үздік педагог-2022» республикалық байқауының жеңімпаз ұстазы Ж.Қ.Мауытованың атаулы жүлдесіне ие болды.

### **Байқаудың нәтижесі бойынша ұтымды болған тұстары:**

- Сыныпты шебер басқару, оқушылармен тығыз байланыс, сабақта жағымды атмосфераның болуы
- Сабақтардың өмірмен байланысы
- Уақытты басқаруға деген ұмтылыс
- Оқытудың белсенді әдістерін қолдану
- Педагогтердің креативтілігі жоғары деңгейде

### **Ұсыныстар:**

- Мұғалімнің кәсіби даму мақсатына сәйкес сабақтарды жоспарлау
- Сабақ рефлексиясын жүргізу кезінде оқу мақсаттары мен сабақ мақсаттарына оралу
- Сабақтың мақсаттары мен бағалау критерийлері арасында байланыс бар екеніне назар аудару
- Әр сабақта сараланған тапсырмаларды қолдану
- Оқушыларға әрқашан кері байланыс беру
- Бағалау критерийлеріне сәйкес бағалау жүргізу, нақты бағалау критерийлерін жасау
- Сабақта мұғалімнің сөйлеу уақытын қысқарту, оқушыларға сабақта көбірек сөйлеуге, өз ойларын білдіруге мүмкіндік беру

## **2.4. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚЫЗМЕТТІК БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ**

2023-2024 оқу жылы басында директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары мен кәсіби қолдау бойынша тренерлері бірлесе отырып, педагогтерді аттестаттауға дайындауға және өткізуге бағытталған жұмыс жоспарын құрып, мектеп директорының келісімімен бекітілді.

Оқу жылы басталар алдында, 2023 жылдың тамызында педагогтерге кәсіби даму мақсаттарын анықтауға көмектесу үшін олармен жеке кездесулер өткізіліп, әңгімелесу барысында ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, мектепішілік бағалау кезеңіне жүйелі қолдау көрсету үшін тренерлер бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес семинарлар мен тренингтер өткізді. Мектептің жас және жаңадан келген педагогтері үшін кәсіби даму мақсатын қою бойынша тренинг өткізіліп, кәсіби даму мақсатын анықтау үшін әдістемелік көмек көрсетілді. Сондай-ақ, қыркүйек айында әдістемелік бірлестіктердің жетекшілеріне сабақты бақылау және мектепті бағалау парағын толтыру бойынша кеңестер мен ұсыныстар берілді. Қазан айында бағалау координаторлары тренерлермен кездесе отырып, «жоспарлау», «оқыту» және «оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау» фокустары бойынша сындарлы кері байланыс беру қағидағтарымен танысты.

2024 жылдың 4 қаңтарынан бастап педагогтерден аттестаттаудан өтуге өтініштер қабылданды. Барлығы 14 өтініш түсті, 10 міндетті аттестаттау, 2 мерзімінен бұрын аттестаттау және педагогикалық шеберліктің екі деңгейі бойынша аттестаттауға жататын педагог қызметкерлерден 1 міндетті және 1 мерзімінен бұрын өтініш қабылданды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2023 жылғы 10 тамызындағы шешімімен (№43 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарында педагогтерді аттестаттау Ережелерінің 20.2 (3 педагог) и 20.3 (1 педагог) пункттеріне сәйкес 4 педагог міндетті аттестаттауға қатысудан бас тарту туралы өтініш жазды.

Мектеп директорының 2024 жылдың 15 қаңтарындағы №09/НҚ бұйрығымен педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша 3 тренер, директордың орынбасарлары және көшбасшы мұғалімдерден тұратын мектептің жұмыс тобының құрамы мен мектептің аттестаттау комиссия құрамы бекітілді.

Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабақтарын бақылап, олардың кәсіби даму мақсаттарына жетуіне қолдау көрсету үшін сабақтарды бақылау кестесі бекітілді. Осы кестеге сәйкес, әдістемелік бірлестік жетекшілері, бағалау координаторлары, мектеп әкімшілігі сабақтарға қатысып, педагогтерге кәсіби даму мақсаттарына бойынша ілгерілеу үшін кері байланыс берді. Сабақты бақылау қорытындысы бойынша мектепті бағалау парақтары уақытылы толтырылды.

Мектептің әдістемелік кеңесінің қысқы отырысында аттестаттаудан өтетін педагогтердің тәжірибесіне жартыжылдық шолулар тыңдалды, мұғалімдерді кәсіби даму мақсатына қарай ілгерілету жөнінде қорытындылар жасалды және ұсыныстар

берілді. Сондай-ақ, қажеттілікке сай екінші жартыжылдықтағы кәсіби даму мақсаттарына түзетулер енгізілді.

Педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында кіріктірілген пәндік апталықтар, «Үздік жас мұғалім» конкурсы, ашық сабақтар конкурсы, түрлі оқыту семинарлары, аттестатталатын мұғалімдер белсенді қатысқан менторинг апталығы сияқты түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Екінші жартыжылдықта аттестаттаудан өтетін пелагогтердің сабақтарын жоспарлау, оқыту, оқу жетістіктерін бағалау және сабақты кешенді талдау бойынша бақылау жұмыстары жалғасты. Әдістемелік бірлестік жетекшілері, кураторлар, әдіскерлер, жетекшілік ететін орынбасарлар мен директор сабақтарды бақылай отырып, жиынтық бағалау түрінде кері байланыс берді. Сондай-ақ, барлық аттестатталушы мұғалімдерге талаптарға сәйкес сабақ бойынша рефлексивті есеп жазу бойынша семинар өткізілді.

2024 жылдың 14 наурызында өткізілген мектептің әдістемелік кеңесінің отырысында аттестаттаудан өтетін педагогтерге оқушылардың, ата-аналардың және әріптестердің пікірлерін ескере отырып, кәсіби дамудың мақсатына қол жеткізу туралы қорытындылар негізінде кәсіби даму бойынша ұсыныстар берілді.

2024 жылдың 18 наурызында өткізілген мектепшілік бағалау нәтижесінде Мектептің аттестаттау комиссиясы өтініш берген 14 педагогтің 13-і педагогикалық шеберліктің мәлімделген деңгейіне ұсынылады деп шешім қабылдады. Ағылшын тілі деңгейі бойынша педагогикалық шеберліктің мәлімделген деңгейіне 1 педагог сәйкес келмегендіктен, аталған педагогке 2024-2025 оқу жылы қайта аттестаттауға ұсыныс беріліп, аттестаттаудың келесі кезеңдеріне жіберілмеді.

2024 жылдың 26 наурызына дейін кәсіби қолдау тренерлері аттесталататын мұғалімдермен тығыз жұмыс істеді және олардың рефлексивті есептеріне формативті баға берді. 2024 жылдың 8-сәуіріне дейін педагогтердің рефлексивті есептері ПӨО порталына жүктелді. Сонан соң, мұғалімдер аттестаттаудың үшінші кезеңіне арналған портфолио мен презентация дайындау талаптарымен танысты.

«Сарапшы» педагогикалық шеберлік деңгейі бойынша аттестатталатын педагогтер үшін Microsoft Teams платформасында «Аттестаттау АҚ ДББҰ 2024-Ақтау ХББ» командасы құрылды, онда аттестаттаудың үшінші кезеңі өткізілді. Бұл командада «файлдар» бөлімінде аттесталатын мұғалімдердің портфолиолары мен тиісті дәлелдері жүктелді. ДББҰ аттестаттау комиссиясының отырысы - 2024 жылдың 4 маусымында, мектептің аттестаттау комиссиясының отырысы - 2024 жылғы 3 маусымында өтті.

Аттестаттаудың үшінші кезеңінің қорытындысы бойынша ДББҰ аттестаттау комиссиясы аттестатталатын педагогтерді даярлау бойынша мынадай ұсыныстар берді:

- НЗМ тәжірибесін жалпы білім беретін мектептерге белсенді түрде тарату;
- рецензияланған ғылыми журналға мақала жариялау;
- республикалық, халықаралық деңгейде (пәндік олимпиадалар, ғылыми зерттеу және шығармашылық жобалар, конференциялар) оқушылармен жұмыстың нәтижелілігін көрсету бойынша жұмыстану.

Аттестаттаудың үшінші кезеңінің қорытындысы бойынша Мектептің аттестаттау комиссиясы аттестатталатын педагогтерді даярлау бойынша мынадай ұсынымдар берді:

- рефлексиялық есептердің сапасын жақсарту бойынша жұмысты жетілдіру (7 рефлексиялық есептің барлығы өту ұпайларын жинамауына және бір есептің плагиат болуына байланысты);

Бұл ұсыныстар кейінгі жылдары педагог қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдау жөніндегі жұмысты жоспарлау кезінде ескерілетін болады.

### 1-кесте. Аттестаттау қорытындысы бойынша сандық көрсеткіштер

№	Пед.шеберлік деңгейі	Өтініш берушілер саны	«Міндетті» аттестаттау түрі	Мәлімделген деңгейге сәйкес келеді
1	NIS мұғалім сарапшы	5	5	3
2	NIS мұғалім модератор	7	5	6
3	Бірінші деңгей	1	1	1
4	Базалық деңгей	1	0	1
<b>Барлығы</b>		<b>14</b>	<b>11</b>	<b>11</b>

Барлығы 14 педагог аттестаттаудан өтті, олардың 11-і мәлімделген деңгейге сәйкес келеді, бұл аттестатталушылардың жалпы санының 78,5% құрайды. «NIS мұғалім-модераторы» педагогикалық шеберлік деңгейін – 100%, "NIS мұғалім-сарапшысы" деңгейін аттестаттаудың III кезеңінен кейін - 75% растады.

### Кесте 2. Аттестаттаудың барлық кезеңдері бөлінісінде нәтижелерді сандық талдау

Аттестаттау кезеңдері	Аттестатталушылар саны	Ұсынылғандар саны	Ұсынылмағандар саны	Олардың ішінде ұсынылған:							
				тағылымдамашы	мұғалім	Мұғалім-модератор	Мұғалім-сарапшы	Мұғалім-зерттеуші	Мұғалім-шебер	Базалық деңгей	Бірінші деңгей
Аттестаттаудың I кезеңі	14	13	1	0	0	6	3	-	-	1	1
Аттестаттаудың II кезеңі	11	2	9	0	0	0	2	-	-	-	-
Аттестаттаудың III кезеңі	12	11	1	0	0	6	3	-	-	1	1

2023-2024 оқу жылында педагогтерді аттестаттау рәсімінің қорытындысы бойынша мұғалімдердің өз тәжірибелерін рефлексиялау дағдылары әлі де жеткілікті деңгейде дамығанын көрсетеді. Осыған сәйкес, келесі оқу жылына арналған жоспарлар:

- педагогтердің қажеттіліктерін негізге ала отырып, мектептің педагог қызметкерлерін аттестаттаудан өтуге жоспарлы даярлау;
- аттестаттаудан педагогтерге жүйелі түрде тренерлердің кәсіби қолдауымен қамтамасыз ету;
- мұғалімнің рефлексивті тәжірибесін дамыту бойынша мектепшілік курстар ұйымдастыру;
- педагогтердің кәсіби өсуіне ықпал ететін іс-шараларды (тренерлермен жеке әңгімелер, менторинг, ашық сабақтар конкурсы) ұйымдастыру бойынша жұмысты жалғастыру.

## 2.5. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2023 жылдың 17-22 тамыз аралығында «Кәсіби оқыту қауымдастығының дамуы: сапа мен тиімділік» тақырыбында Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде аралас форматта өткен тамыз конференциясына оқу ісі жөніндегі Ырыскүл Имамбаева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айбар Мурзабеков дәстүрлі форматта қатысса, мектептің қалған педагогтері қашықтан қосылды. Аталаған Тамыз конференциясы аясында ұйымдастырылған НЗМ мектептері арасында «Табысты тәжірибелер панорамасы» байқауында «Ағылшын тілі» санатында – «Инновациялық кейс» бойынша «Using Memrise Application to enrich students' vocabulary in English» жұмысын қорғаған ағылшын тілі пәні мұғалімдері Жүсіпова Мадина мен Әлібекқызы Ақторғын 1 орынға ие болды. Сонымен қатар, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Шадкам Айназ және Қосханова Арай «Improving students' speaking motivation through dubbing» тақырыбындағы зерттеу жұмысы 2 орынға ие болды.

2023 жылдың 4 қазанында Астана қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында өткізілген желілік «Үздік жыл мұғалімі» байқауына қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Дауталиева Сәния қатысып, жоғары нәтиже көрсетіп, конкурс нәтижелері бойынша алғашқы үздік бес мұғалім қатарында көрінді.

### Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың желілік кезеңіндегі қазылар алқасының мүшелері

№	Мұғалімнің аты жөні	Пәні	Уақыты
1	Мауытова Ж.Қ.	Қазақ тілі мен әдебиеті	3.01.24-6.01.24
2	Утесинова Б.Ж.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	3.01.24-6.01.24
3	Курбанғалиев М.С.	География	3.01.24-6.01.24
4	Исмағанбетова А.А.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	3.01.24-6.01.24

### 7-8 сыныптарға арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың желілік кезеңіндегі қазылар алқасының мүшелері

№	Мұғалімнің аты жөні	Пәні	Уақыты
1	Курбанғалиев М.С.	География	2.05.24-4.05.24
2	Исмағанбетова А.А.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	3.05.24-5.05.24

3	Көшек Ә.Б.	География	2.05.24-4.05.24
4	Ерболат С.	Химия	2.05.24-4.05.24
5	Суйналиева А.Т.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	3.05.24-5.05.24

## **2.6.БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ**

Оқу жылының басында педагогтер оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту әдістері мен өз тәжірибелерін жақсарту мақсатында кәсіби даму мақсатымен сәйкестендіріп, зерттеу тақырыбын анықтау тапсырылады. Педагогтер зерттеу тақырыптары жақын болған жағдайда, бірлесе отырып, ортақ тақырыптар бойынша шағын топтарда «Action Research» және «Lesson Study» зерттеулерін жүргізеді. Сондай-ақ, мектепте жетекші мұғалімдер зерттеуге бағытталған мектепшілік курстар арқылы зерттеу қалай жүргізу туралы, конференцияларға зерттеулер бойынша қысқаша абстракт жазу туралы кәсіби қолдау береді.

### **Мектепшілік зерттеу конференциялары**

Зерттеу мәдениетін дамыту мақсатында мектепте 2023 жылдың 27 желтоқсанында І жартыжылдықтағы «Ментор және менти» жұмысын қорытындылау мақсатында «Менің кәсіби мақсатым» жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеде жас мамандар өздерінің кәсіби даму мақсатына жетуге бағытталған іс-әрекеттерін таныстырды және мектебіміздің тәжірибелі ұстаздарынан ұсыныстар алып тәжірибе алмасты. Жәрмеңкені қорытындылау нәтижесінде ағылшын тілі пәні мұғалімі Айназ Шадкам, математика пәні мұғалімі Гүлзада Рахимова және химия пәні мұғалімі Ақбота Мусаева белсенділік танытып, үздік таныстырылым жасағаны үшін марапатталды.

Сондай-ақ, 2024 жылдың 30 қаңтарында «Зерттеушілік үдерісі– мұғалімнің кәсіби дамуының кепілі» атты мектепшілік ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.

Конференцияда 40-тан астам зерттеу жұмыстары таныстырылып, жеңімпаздар анықталды. Байқау қорытындысы бойынша Өмірсерік Қалдыбаев, Нияз Мадина, Ұлжан Қаджаева, Ару Қорғанбаева, Марзия Жеткізенова, Баян Джарасова, Мадина Юнес, Индира Абдрахманова, Ақгүл Сарманова, Азима Суйналиева, Ырыскүл Имамбаева, Мөлдір Амандықова, Ләззат Мұхамедованың зерттеу жұмыстары үздік деп танылды.

2024 жылдың сәуір айының 30 күні мектебімізде онлайн форматта кезекті Батыс Қазақстан аймағы Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің IV конференциясы өткізілді. Конференция мақсаты - НЗМ жүйесінде кәсіби қауымдастықты нығайтып, зерттеу тәжірибесін алмасу алаңын құру. Конференцияда Ақтау, Атырау, Түркістан, Ақтөбе және Қызылорда НЗМ мектептерінен педагогтер 6 секция бойынша 41 зерттеу жұмыстарымен бөлісті. Биылғы оқу жылында айрықша атап өтетін жаналық - конференция жұмысына НЗМ мектептерімен тығыз қарам-қатынас орнатқан тірек мектептерінің мұғалімдерінің қатысып, тәжірибе алмасу

алаңының кеңеюі және алдағы уақытта біріге зерттеу жұмыстарын жүргізуге ұсыныстар берілді.

Конференция соңында дауыс беру нәтижесінде үздік зерттеу жұмыстары анықталып, баяндамашылар «Үздік зерттеуші» номинациясы бойынша дипломдармен марапатталды. Сондай-ақ, конференцияға баяндама оқып және тыңдаушы болып қатысқан барлық 102 педагогке қатысушы сертификаттары берілді

### *Мұғалімдердің халықаралық конференцияларға қатысуы туралы ақпарат*

№	Мұғалімнің аты-жөні	Баяндаманың тақырыбы	Конференцияның атауы, орны, күндері
1	Байтокаева Лаура Серикболовна	«Мектептегі тәлімгерлікті қалай жақсартуға болады?» (How can Mentoring in Schools be Improved?)	ECER -2023 білім беру саласындағы зерттеушілер конференциясы, Глазго, Ұлыбритания 22-25 тамыз 2023 ж.
2	Саменова Шолпан Рахимовна	«Мектептегі тәлімгерлікті қалай жақсартуға болады?» (How can Mentoring in Schools be Improved?)	ECER -2023 білім беру саласындағы зерттеушілер конференциясы, Глазго, Ұлыбритания 22-25 тамыз 2023 ж.
3	Токтамысова Ибалы Талғатовна	«Оқушылардың ойлауды жобалау алгоритмі негізінде технологиялық стартап жобаларын құру дағдыларын дамыту» (Developing Student's Skills in Creating Technological Start-Up Projects Based on the Thinking Design Algorithm)	ECER -2023 білім беру саласындағы зерттеушілер конференциясы, Глазго, Ұлыбритания 22-25 тамыз 2023 ж.
4	Бекешова Лаура Дохтырбаевна	«Оқушылардың ойлауды жобалау алгоритмі негізінде технологиялық стартап жобаларын құру дағдыларын дамыту» (Developing Student's Skills in Creating Technological Start-Up Projects Based on the Thinking Design Algorithm)	ECER -2023 білім беру саласындағы зерттеушілер конференциясы, Глазго, Ұлыбритания 22-25 тамыз 2023 ж.
5	Ермаганбетова Нурзада Дуйсенғалиевна	«Ағылшын тілі мұғалімдерінің (T2) екінші/шет тілінде жазу дағдыларына қатысты алаңдаушылығы және оның оқытуға әсері» (Kazakhstan EFL Teachers ' Second/Foreign Language Writing Apprehension and Its Effect on Their Teaching)	ECER -2023 білім беру саласындағы зерттеушілер конференциясы, Глазго, Ұлыбритания 22-25 тамыз 2023 ж.
6	Нусипжанова Гульжан Каденовна	«11-сынып оқушыларының CLIL әдістемесін қолдана отырып, биология пәнінен жазбаша тапсырмаларда академиялық ағылшын тілін қолдану	WALS 2023 Дүниежүзілік сабақтарды зерттеу қауымдастығы халықаралық конференциясы

		дағдыларын дамыту» (Developing 11th-grade students' skills in the using academic English language in written assignments for biology applying the CLIL methodology)	Зволле, Нидерланды 27-29 қараша 2023 ж.
7	Оразбаева Нұрдана Төлегенқызы	«Жазбаша түрде өзара бағалаудың әсері қандай» (What is the impact of peer assessment in writing)	АЕА-Europe-2023 халықаралық конференциясы 1-4 қараша 2023 ж. Мальта
8	Келимбердиева Алтын Низаматдиновна	«Жазбаша түрде өзара бағалаудың әсері қандай» (What is the impact of peer assessment in writing)	АЕА-Europe-2023 халықаралық конференциясы 1-4 қараша 2023 ж. Мальта
9	Утешева Зухра	«Бағалау реформалары: ниет, қабылдау және сапаны бағалау» (Assessment reforms: intentions, acceptance and quality assessment)	АЕА-Europe-2023 халықаралық конференциясы 1-4 қараша 2023 ж. Мальта
10	Мауытова Жаннұр Қалыбайқызы	«Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөздік қорын байыту»	«Ресей Федерациясы республикаларының мемлекеттік тілдерінің жұмыс істеуі: жағдайы мен болашағы» халықаралық қатысуымен бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференция 7-8 желтоқсан 2023 ж. Якутск, Ресей
11	Дауталиева Сәния Айболатқызы	«Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөздік қорын байыту»	«Ресей Федерациясы республикаларының мемлекеттік тілдерінің жұмыс істеуі: жағдайы мен болашағы» халықаралық қатысуымен бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференция 7-8 желтоқсан 2023 ж. Якутск, Ресей
12	Павиз Хурия Илиясқызы	«Сыни тұрғыдан оқу стратегияларының экспозициялық мәтіндерді түсінуге әсері» (The impact of Critical reading strategies to comprehend expository texts)	АСЕ-2023 (білім саласындағы Азия конференциясы) Токио, Жапония 22-25 қараша 2023 ж.
13	Келимбердиева Алтын Низаматдиновна	«Сыни тұрғыдан оқу стратегияларының экспозициялық мәтіндерді түсінуге әсері» (The impact of Critical reading strategies to comprehend expository texts)	АСЕ-2023 (білім саласындағы Азия конференциясы) Токио, Жапония 22-25 қараша 2023 ж.



14	Жүсіпова Мадина Қалыққызы	«Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын студенттердің сөйлеу дағдыларын жақсарту құралы ретінде өзара бағалауды қолдану» (Using Peer Assessment As A Tool To Improve EFL Students' Speaking Skills)	АСЕ-2023 (білім саласындағы Азия конференциясы) Токио, Жапония 22-25 қараша 2023 ж.
----	------------------------------	--	---

2023 жылдың 22-25 тамызында Ұлыбританияның Глазго қаласына өткен «The Value of Diversity in Education and Educational Research» тақырыбындағы ECER-2023 халықаралық конференциясына 5 педагог баяндама оқыды және 2 педагог тыңдаушы боп қатысты. Конференцияда физика пәні мұғалімдері Токтамысова Ибалы Талғатовна, Бекешова Лаура Дохтырбаевна «Оқушылардың ойлауды жобалау алгоритмі негізінде технологиялық стартап жобаларын құру дағдыларын дамыту», ағылшын тілі пәні мұғалімі Ермаганбетова Нурзада Дуйсенгалиевна «Ағылшын тілі мұғалімдерінің (Т2) екінші/шет тілінде жазу дағдыларына қатысты алаңдаушылығы және оның оқытуға әсері», директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Байтокаева Лаура Серикболовна және тарих пәні мұғалімі Саменова Шолпан Рахимовна «Мектептегі тәлімгерлікті қалай жақсартуға болады?» тақырыптарында зерттеу жұмыстарымен бөлісті. Сондай-ақ, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Келимбердиева Алтын Низаматдиновна, Павиз Хурия Илиясқызы білім берудегі соңғы зерттеулермен, тенденциялармен және озық тәжірибелермен танысу мақсатында аталған конференцияда тыңдаушы боп қатысты.

Биология пәні мұғалімі Нусипжанова Гульжан Каденовна 2023 жылдың 27-29 қарашасында, Нидерландының Зволле қаласында өткен WALS 2023 Дүниежүзілік сабақтарды зерттеу қауымдастығы халықаралық конференциясында «11-сынып оқушыларының CLIL әдістемесін қолдана отырып, биология пәнінен жазбаша тапсырмаларда академиялық ағылшын тілін қолдану дағдыларын дамыту» тақырыбында зерттеуін таныстырды.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері Келимбердиева Алтын Низаматдиновна мен Оразбаева Нұрдана Төлегенқызы АЕА-Europe-2023 білім беруді бағалау қауымдастығының конференциясында «Жазбаша түрде өзара бағалаудың әсері қандай», Утешева Зухра «Бағалау реформалары: ниет, қабылдау және сапаны бағалау» тақырыптарында баяндамаларымен бөлісті.

Сондай-ақ, мұғалімдер онлайн форматтағы халықаралық конференцияларда өз зерттеулерін таныстырды. Олар қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Мауытлова Жаннұр Қалыбайқызы мен Дауталиева Сәния Айболатқызы Ресейдің Якутск қаласында ұйымдастырылған «Ресей Федерациясы республикаларының мемлекеттік тілдерінің жұмыс істеуі: жағдайы мен болашағы» халықаралық қатысуымен бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференциясында, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Павиз Хурия Илиясқызы, Келимбердиева Алтын Низаматдиновна, Жүсіпова Мадина Қалыққызы «АСЕ-2023: білім саласындағы Азия конференциясында» өз зерттеулерін таныстырып, өз пәндері бойынша білім саласында өз үлестерін қосты.

Мектеп мұғалімдерінің зерттеу жұмыстары 2024 жылдың 22-25 тамызында Кипр мемлекетінің Никосия қаласында өтетін «ЕСЕР -2024 білім беру саласындағы зерттеушілер конференциясының» академиялық кеңесінің жоғары бағасына ие болып, шақырту алды:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Зерттеу тақырыбы
1	Нұрым Жадыра Асылханқызы, Рахимова Гулзада Нұрланқызы	«Проблемалық-бағдарланған оқыту технологияларын қолдана отырып, математикадан сыртқы жиынтық бағалауға 10 сыныпты дайындау процесін жетілдіру»
2	Сабырова Инкар Айтбайқызы, Сулейменова Нуржамал Ильясовна, Даулетов Кадырбек Сансызбаевич	«Математика сабақтарында тригонометрияны оқушылардың жетістіктері мен мотивациясын арттыруда байытылған сараланған тәсілді қолдану тиімділігін бағалау»
3	Суюнбекова Актоты Азаматовна	«Оқу және оқыту тұрғысынан Қазақстанда міндетті математикалық білім беруді жақсарту үшін Финляндия мен Сингапурдағы міндетті математикалық білім беруді салыстырмалы талдау»
4	Мауытова Жаннұр Қалыбайқызы, Келимбердиева Алтын Низамитдиновна, Павиз Хурия Илиясқызы, Kayode William Olaiifa	«Сыни тұрғыдан оқу стратегияларының экспозициялық мәтіндерді түсінуге әсері»
5	Жүсіпова Мадина Қалыққызы, Әлібекқызы Ақторғын	«Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын студенттердің сөздік қорын байыту және өзін-өзі реттеу үшін WordWall пайдалану»
6	Жүсіпова Мадина Қалыққызы	«Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын студенттердің сөйлеу дағдыларын жақсарту құралы ретінде өзара бағалауды қолдану»
7	Дауталиева Сәния Айболатқызы, Мауытова Жаннұр Қалыбайқызы	«Жатақхана тәрбиешілерінің кәсіби дамуына мектепшілік оқыту арқылы қалай әсер етуге болады?»
8	Амандықова Мөлдір Дүйсенқызы, Мұхамедова Ләззат Сегізбайқызы	«Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуда сұрақтар қоюдың маңыздылығы қандай?»
9	Ерболат Салават, Галустян Анжела, Шадқам Тойбиби, Тілегенова Саяжан,	«Төңкерілген сабақ» әдісі арқылы оқушылардың академиялық үлгерімін арттыру»
10	Ескелди Мадина Юнес	«Подкаст құру арқылы 14-15 жас аралығындағы студенттердің сөйлеу дағдылары мен өзін-өзі реттеуін жақсарту»
11	Канаева Алуа Канатовна, Нагимуллина Мөлдір Жасуланқызы	Қазақ (оқытудың екінші тілі) және ағылшын (оқытудың үшінші тілі) тілдерінің интеграцияланған сабақтарының көмегімен тілдерді оқытудың филологиялық процесін дамыту

12	Бектеміс Бірғаным Ізтаңатқызы, Конырбаева Жанат Маханбетовна	«Математика сабақтарында графикалық есептерді шешу арқылы 7-9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту»
13	Айгүл Айтан	«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін мәтіндік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдерінің тиімділігі»
14	Каражанова Курал Мередхажыевна	«Ғылыми мақалаларды талдау арқылы биология сабақтарында 12 сынып оқушыларының оқу дағдыларын дамыту»

Сондай-ақ, ағылшы тілі пәні мұғалімдері Қосханова Арай, Ескелди Мадина 2024 жыдың 11-15 шілде арасында Ұлыбританияның Лондон қаласында өтетін «ЕСЕ 2024» конференциясында өздерінің зерттеу жұмыстарын баяндайды. Халықаралық білім беру конференцияларына қатысу педагогтердің кәсіби дамуын әсерімен қатар жаһандық білім беру және зерттеу қауымдастықтарының ұжымдық ілгерілеуіне ықпал етеді.

***Мұғалімдердің WALС, ECER, NIS, AEA халықаралық конференцияларына қатысуы туралы мәліметтер***

Конференция	Зерттеу жұмыс саны	Зерттеушілер саны	Конференцияға қатысушылар саны
ECER, Больцано қ., 2018ж.	7	12	6
NIS Conference, Астана қ., 2018ж.	9	19	19
WALS, Амстердам қ., 2019ж.	10	21	2
ECER, Гамбург қ., 2019ж.	7	8	4
NIS Conference, Нур-Султан қ., 2019ж.	11	24	24
ECER, Шотландия, Глазго қ., 2020ж.	3	6	1
WALS, АҚШ Сан-Франсиско қ., 2020ж.	3	3	2
ECER, Швеция, Женева қ., онлайн, 2021ж.	2	5	3
NIS Conference, онлайн, Нур-Султан қ., 2021ж.	3	5	5
WALS, онлайн, 2021ж.	4	11	4
ECER, Армения, Ереван қ., 2022ж.	2	3	2
NIS Conference, Астана қ., 2022ж.	2	3	3
ECER, Великобритания, Глазго қ., 2023ж.	3	5	5
WALS, Нидерланды Зволле қ., 2023ж.	2	2	1
AEA-Eurore, Мальта, 2023ж.	2	3	3

## БӨЛІМ 3. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

### 3.1. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ. КУРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕН АТА-АНАЛАР КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ

#### 3.2.1. КУРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2023-2024 оқу жылының ұйымдастырылуы жөніндегі бұйрықтың 7 қосымшасына сәйкес шаңырақтар бөлінісі мен оларға жетекшілік ететін педагог-ұйымдастырушы-куратордың тізімі мен олардың координаторлығы келесідей бекітілген:

№	Аты-жөні	Сыныптары	Шаңырақ
1	Есенгазина Ләзат Тулегеновна	8 В, 11 В	Ақеспе
2	Таңбаева Динара Серикқызы	8 С, 12 В	Маңғыстау
3	Амантурлина Мейрамгуль Калдановна	7 В, 8 Е	Қашаған
4	Хамзина Айдана Сатыбалдиновна	7 С, 10 А	Бәйтерек
5	Салменова Асель Нурболатовна	12 С, 10 D	Астана
6	Джалгасова Жанар Джалилқызы	7 Д, 9 В	Хан Тәңірі
7	Амантурлы Айгерім Қуанханқызы	11 F, 9 D, 9 F	Т.Шевченко
8	Қоржықбаева Ақмарал Марданқызы	12 D, 9 С	Жібек жолы
9	Муратов Амангали Маратович	7 Е, 11 С, 12 Е	Ақорда
10	Күзен Қамар Байдуллақызы	10 С, 9 А, 7 Ф	Тамшалы
11	Кушербаева Куралай Довлетбайқызы	10 F, 9 Е	Отпантау
12	Анесова Индира Булатовна	11 D, 10 Е	Ұлытау
13	Айтжан Майра Қуанышқызы	11 Е, 8 Ф	Алатау
14	Сұлтанбаева Сымбат Мухамеджановна	11 А, 8 А, 10 В	Шерқала
15	Базаркулова Эльмира Амановна	7 А, 8 D	Саура

2024 жылдың қаңтарында резервті тізімнен 7 сыныпқа 1 қазақ сыныбы және 1 орыс тобы көтерілген болатын. Бұл сыныптар тәжірибесі бар кураторларға тапсырылды. 7 «Ф» қазақ сыныбы педагог-ұйымдастырушы-куратор Қ.Б. Күзенге, ал 7 «Е» орыс тобы А.М. Муратовқа тапсырылды.

Оқу жылы басында педагог қызметкерлерге outlook.com арқылы педагог-кураторлар туралы келесідей ақпараттар жіберілді.

«Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының педагог-ұйымдастырушы-кураторлары (2023-2024 оқу жылы)



Есенгазина Ләзат Тулегеновна  
Аға педагог-  
ұйымдастырушы-  
куратор  
«Астана»  
шаңырағы  
8 «В», 11 «В»  
Тел: 87814090529



Амантурлина Мейрамгуль Калдановна  
«Қашаған жолы»  
шаңырағы  
7 «В», 8 «Е»  
Тел: 87777058382



Муратов Амангали Маратович  
«Ақ Орда»  
шаңырағы  
7 «В», 11 «С», 12 «Е»  
Тел: 87018490946



Амантурлы Айгерім Қуанханқызы  
«Тарис Шевченко»  
шаңырағы  
11 «F», 9 «D», 9 «F»  
Тел: 87757785050



Кушербаева Куралай Довлетбайқызы  
«Отпантау»  
шаңырағы  
10 «F», 9 «E»  
Тел: 87780006013



Айтжан Майра Қуанышқызы  
«Ақтау» шаңырағы  
11 «Е», 8 «F»  
Тел: 87758851497



Таңбаева Динара Серикқызы  
«Маңғыстау»  
шаңырағы  
8 «С», 12 «В»  
Тел: 87754030052



Күзен Қамар Байдуллақызы  
«Тамшалы»  
шаңырағы  
10 «С», 9 «А»  
Тел: 87018461624



Сұлтанбаева Сымбат Мухамеджановна  
«Шерқала» шаңырағы  
11 «А», 8 «А», 10 «В»  
Тел: 87765266388



Салменова Асель Нурболатовна  
«Астана» шаңырағы  
10 «D», 12 «C»  
Тел: 87760250091



Қоржықбаева Ақмарал Марданқызы  
«Жібек жолы»  
шаңырағы  
12 «D», 9 «C»  
Тел: 87077757258



Базаркулова Эльмира Амановна  
«Саура» шаңырағы  
7 «А», 8 «D»  
Тел: 87774236444



Анесова Индира Булатовна  
«Ұлытау» шаңырағы  
11 «D», 10 «E»  
Тел: 87769731220




Джалгасова Жанар Джалилқызы  
«Хан Тәңірі» шаңырағы  
7 «D», 9 «B»  
Тел: 87477090300



Хамзина Айдана Сатыбалдиновна  
«Бәйтерек» шаңырағы  
7 «С», 10 «А»  
Тел: 87473398460

**Кураторлар бірлестігінің еңбек өтілі бойынша сапалық құрамы**



**Кураторлар бірлестігінің жасерекшеліктері бойынша сапалық құрамы**



**Кураторлар бірлестігінің жасерекшеліктері бойынша сапалық құрамы**



2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығында шаңырақтар мен оларға жетекшілік ететін педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың бөлінісі келесідей жүзеге асырылды:

№	Аты-жөні	Сыныптары	Шаңырақ	Координаторлық
1	Есенгазина Ләзат Тулегеновна	8 В, 11 В	Ақеспе	Әдістемелік бірлестік жетекшісі, ата-аналармен жұмыс, «Әке ізімен» клубы
2	Таңбаева Динара Серикқызы	8 С, 12 В	Маңғыстау	Кураторлық сағаттар, «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» және тәжірибе тарату координаторы
3	Амантурлина Мейрамгуль Қалдановна	7 В, 8 Е	Қашаған	Асхана жұмысын ұйымдастыру және «Қазақтың 100 әні» жобасы координаторы
4	Хамзина Айдана Сатыбалдиновна	7 С, 10 А	Бәйтерек	«Ата-аналар университеті» жобасы және Өзін-өзі басқару
5	Джалгасова Жанар Джалилқызы	7 Д, 9 В	Хан Тәңірі	Олимпиада жұмысы координаторы, кураторлар бірлестігінің хатшысы
6	Амантұрлы Айгерім Қуанханқызы	11 F, 9 D, 9 F	Т.Шевченко	«Ұрпақтар сабақтастығы», Жазғы әлеуметтік жобалар координаторы
7	Қоржықбаева Ақмарал Марданқызы	12 D, 9 С	Жібек жолы	«Жазғы мектеп» және «Қоғамға қызмет» жобасы координаторы
8	Муратов Амангали Маратович	7 Е, 11 С, 12 Е	Ақорда	Үйірме жұмысын ұйымдастыру және сыртқы ұйымдармен байланыс координаторы
9	Күзен Қамар Байдуллақызы	10 С, 9 А, 7 Ф	Тамшалы	«Даналық Бейсенбі» жобасы, Lost and found, «Ұлы дала ақындары»
10	Күшербаева Куралай Довлетбайқызы	10 F, 9 E, 12 C	Отпантау	Контингент жұмысы, «100 кітап» жобасы координаторы
11	Анесова Индира Булатовна	11 D, 10 E, 10 D	Ұлытау	«TEDx» клубы координаторы, NIS Radio және мектептің тәртіптік кеңесінің хатшысы
12	Онбаев Саламат Исаұлы	11 Е, 8 Ф	Алатау	«100 күйдің тарихы» жобасы және жаһандық азаматылық координаторы, SDG, «READ X» клубы
13	Султанбаева Сымбат Мухамеджановна	11 А, 8 А, 10 В	Шерқала	«Википедия» клубы координаторы «Замандастар жырлары» координаторы
14	Базаркулова Эльмира Амановна	7 А, 8 D	Саура	«Оқушы үні» жобасы, координаторы ПМПК хатшысы

2023-2024 оқу жылының басында педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың әдістемелік бірлестігінің отырысында келесі мәселелер оқу жылына негізгі мақсат болып қойылды:

- Мектепшілік кәсіби біліктілікті дамыту курстарына міндетті түрде қатысу;
- Шетелдік тәжірибелерді суреттейтін мерзімдік басылымдар мен кітаптарды оқу;
- Әр куратор өз сыныбының қажеттілігін ескеріп, сабақты жоспарлауы керек;
- Сабақты жоспарлауда сыныптың жасерекшеліктерін ескеру керек.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Мурзабеков педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың кәсіби өсуіне ықпал ету үшін келесі семинарларды өзі жүргізген болатын:

- **«Жүйелік әдістемелік кешенді қалай жазамыз?»**
- **«Кураторлардың сыныпты бақылау фокустары»**
- **«Кураторлар зерттеуді қалай жүргізуі керек?»**

Әр куратордың кәсіби дамыту мақсаттарын ескеріп, зерттеу тақырыптарын анықтап, зерттеу топтарын жасақтады. Зерттеу топтары қазір әдебиеттік шолу жасап жатыр.

№	Зерттеу тақырыптары	Мүшелері
1	Ойын технологиялары арқылы сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалай арттыруға болады?	Мурзабеков А.Б., Маскарова Т.О., Анесова И.Б., Амантұрлы А.К.
2	Проблемалы мазмұндағы ситуациялар арқылы оқушылардың анализ жасау дағдысын қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Байғалиева Л.Н., Амантурлина М.К., Дюсупова Л.Е.
3	Арнайы дайындалған алгоритмдер арқылы оқушылардың ашық сұрақтарды қою дағдысын қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Сарманова А.А., Наженова Б.Х.,
4	Мини жобалар әдісі арқылы оқушылардың бойында құрмет құндылығын қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Танбаева Д.С., Султанбаева С.М.,
5	Нақты экологиялық кейстер арқылы оқушылардың бойында экологиялық тәрбиені қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Салменова А.Н., Арыстанова Б.А.
6	Ассоциация әдісі арқылы оқушылардың ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетін дамыту	Мурзабеков А.Б., Айтжан М.К., Күзен Қ.Б.,
7	Оқушыларда фактчекинг дағдығын Flipped classroom әдісі арқылы қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Сағындықова Ж.А., Күшербаева Қ.Д.,

2024 жылдың 30 қаңтарында мектепшілік «Зерттеушілік үдерісі-мұғалімнің кәсіби дамуының кепілі» атты іс-тәжірибені зерттеу конференциясына педагог-ұйымдастырушы-кураторлардан 2 зерттеу жұмысы таныстырылды. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары өзекті және тыңдаушылардың көп талқысына түсті.

1. «Сабақтағы оқушылардың іс-әрекеттерін бақылаудың формасы тиімді ме?» зерттеуі. Авторлары: Мурзабеков А.Б., Қоржықбаева А.М., Амантұрлы А.Қ.
2. «Возможно ли устранить последствия буллинга с помощью парной работы?» зерттеуі. Авторлары Мурзабеков А.Б., Арыстанова Б.А., Күзен Қ.Б.

### **Біліктілікті арттыру курстары:**

1. Барлық педагог-кураторлар ««Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларын Қорғау саясаты және «Мектеп оқушыларының әл-ауқатын қамтамасыз ету» біліктілікті арттыру курсы аяқтады.
2. «Берік отбасы жобасын НЗМ енгізу». Күзен Қ.Б., Салменова А.Н. қазан 2023 ж.
3. «НЗМ кейс-менеджментті енгізу». Мурзабеков А.Б., Есенгазина Л.Т., қараша 2023 ж.
4. «KiVa буллингке қарсы бағдарламасының аймақтық тренері (2 деңгей)». Мурзабеков А.Б., Есенгазина Л.Т., Анесова И.Б. 23-26.04.2024.

### **НЗМ тәжірибесін тарату бойынша семинарлар**

1. 2023 жылдың тамызында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ дәстүрлі Тамыз конференциясында «Благополучие и безопасность учащихся» секциясында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б. Мурзабеков (Шымкент ФМБ НЗМ ТЖО Г.С. Кудайкуловамен бірге) «Личная и общественная безопасность» тақырыбында барлық НЗМ педагогикалық қызметкерлеріне арнап вебинар өткізді.

2. 2023 жылдың 13 қарашасында жалпы білім беретін мектептер директорлығына үміткерлерге арналған «Кураторлық қызметті жұмысы» және «НЗМ жүйесінде тәрбие беруді ұйымдастыру және тәрбие жобалары» семинары.

3. Халықаралық деңгейде тәжірибе тарату 2024 жылдың 24 мамырында Әзірбайжан Республикасы Баку қаласындағы серіктес мектеп №36 Ағайынды Новрузовтар атындағы жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырылды. Семинар тақырыбы «НЗМ жүйесіндегі педагог-куратордың ролі/ Роль педагог-куратора в системе НИШ». Семинар жүргізуші директор орынбасары Мурзабеков А.Б., аға педагог-куратор Есенгазина Л.Т.

4. 2024 жылдың 19 қаңтарында Қарақия ауданы №6 мектепте «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары» және «Даналық бейсенбі» тақырыбындағы семинарларды педагог-кураторлар Күзен Қ.Б., Кушербаева Қ.Д. өткізді.

5. Педагог-кураторлар Амантұрлы А. және Қоржықбаева А.М. «Нұн Жұбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ «Шаңырақ қауымдастығы», «Қоғамға қызмет» жобаларын таныстыру семинарын өткізді.

6. 2024 жылдың 23 ақпанында Қарақия ауданындағы № 6 жалпы білім беретін мектеп, Шетпе селосындағы Нұн Жұбаев атындағы мектеп және Бейнеу ауданындағы Күйкен атындағы мектеп мұғалімдеріне «Қоғамға қызмет» тақырыптарында семинарды педагог-кураторлар А.М.Қоржықбаева мен Ж.Д.Жалгасова өткізді.

7. 2024 жылдың 23 ақпанында Актау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде педагог -кураторлары И.Б. Анесова мен Э.А. Базаркулова «NIS радиосын жүргізу» тақырыбында тірек мектептеріне арналған семинарын жүргізді.

**«Үздік сабақты бақылаушы» бірлестік ішіндегі байқауы**

Әр тоқсан соңында педагог-ұйымдастырушы-кураторларының пән мұғалімдерінің сабақтарын бақылауға ынталандыру үшін «Үздік сабақты бақылаушы» бірлестік ішіндегі байқауы ұйымдастырылды. Әр куратор өз сабақты бақылау парақтарын рефлексиялап, уақытылы толтыруы керек. Жоба қорытындысы бойынша өткен оқу жылымен салыстырғанда бақыланған сабақ саны анағұрлым артты.

### **Қорытынды**

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың кәсіби құзыреттіліктерін одан әрі дамыту үшін семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарының қажеттілігі бар. Оқушылардың тұлғалық дамуына жол ашатын шараларды көбірек өткізу басты мақсатқа айналды. Педагог-кураторлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін 2024-2025 оқу жылының басында өзара оқытуға бағытталған семинарлар мен шеберлік сабақтары өткізіледі.

Менторлық жұмыс әдістемелік бірлестікте жолға қойылған, алайда ментор мен ментиден өзара ықпалдастығы арқылы пайда болған туындылар аз. Кураторлар ата-аналармен жоғары деңгейде жұмыс жасайды, алайда бірқатар кураторларда мықты тәлімгерлермен жұмыс жасауға қажеттілік бар.

### **2023-2024 оқу жылындағы Кураторлық қызметтің SWOT анализі**

**Мықты тұстары**

**Әлсіз тұстары**



<ul style="list-style-type: none"> <li>• НЗМ тәжірибесін тарату бойынша семинарларды жергілікті және халықаралық деңгейде өткізу.</li> <li>• «Зияткер отбасында» жобасының жүргізілуі.</li> <li>• Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру деңгейінің жоғарылығы</li> <li>• «Кіші Туған елге тағзым» жобасының ұйымдастырылуы</li> <li>• Ата-аналармен тиімді ықпалдастық</li> <li>• Ата-аналардың ұлттық салт-дәстүр бойынша шеберлік сабақтары</li> <li>• Тәрбие шараларын ұйымдастыру кезіндегі жоғары жауапкершілік</li> <li>• Үлгерімі төмен немесе ерекше қамқорлықты қажет ететін оқушылар бойынша кейс-менеджмент жүргізу</li> <li>• Авторлық жобалардың көптігі.</li> <li>• «Үздік сабақты бақылаушы» жобасы нәтижесінде сабақты бақылау жоғарылады</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кураторлық сағаттар немесе шаңырақ сағаттарын өткізу бойынша әдістемелік жинақты жасақтамауы</li> <li>• 3 куратор ғана ғылыми конференцияларда өз зерттеу нәтижесі бойынша баяндамалар жасады</li> <li>• Менторлық нәтижесінде өнімнің болуы</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіп-қатер</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сыныптарында 100% білім көрсеткіші бар кураторлармен тәжірибе алмасу</li> <li>• Оқушылар арасында тьюторлық жұмысты жандандыру</li> <li>• Кәсіби кітаптарды оқу бойынша кураторлар ішілік байқаулар ұйымдастыру</li> <li>• Әр куратордың кәсіби даму траекториясы бойынша маршрут құрастыру</li> <li>• Шаңырақ бұрыштарының ұйымдастыру</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Зерттеу жұмыстарымен айналыспау</li> <li>• Жас мамандардың декреттік демалысқа кетуі</li> <li>• Шараларды ұйымдастыру кезінде оқушылардың жасерекшелік физиологиясы мен психологиясын ескеру</li> </ul>

### 3.2.2. АТА-АНАЛАР КОМИТЕТІНІҢ МЕКТЕПШЕН ТИІМДІ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

#### «Өркен» гранты иегерлері мен олардың ата-аналарын мектепке бейімдеу» апталығы

2023 жылдың тамыз айы соңында жаңадан келген 7 сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған арнайы семинарлар мен таныстырылымдар жүргізілді. Ата-аналар мен оқушылар мектепке бейімделіп, өздері маңызды маңызды сұрақтарға жауап алды. 1 аптаға созылған бағдарларлау апталығында оқушылар мен ата-аналар НЗМ бағалау жүйесі, шаңырақ концепциясы, ментор/ менти жобалары туралы мол ақпарат алды.

#### Бракераж комиссиясы

2023-2024 оқу жылында Бракераж комиссияның жоспары бойынша асхана тамағының сапасы қадағалау мақсатында жұмыстанды. Жыл басынан бері бракераж комиссиясының 12 отырысы өткен болатын. Оқу жылының бірінші жарты жылдығында көтерілген сұрақтардың бірі асхана тамағының сапасы болды. Мектеп әкімшілігі мен ата-аналар комитеті тығыз жұмыс жасау нәтижесінде оқушыларды ыссы тамақпен қамтамасыз ету жеке кәсіпкермен келісімшарт үзіліп, 2024 жылдың сәуір айынын бастап, жаңа кәсіпкер келіп, асхана тамағының сапасы жолға қойылды.

## **Ата-аналар жиналыстары**

Оқу жылының басында «2023-2024 оқу жылы бойынша ұйымдастырылатын шаралар» және «Оқушылардың әл-ауқаты» тақырыбындағы жиналыстар әр сыныпта өткізілді. Оқушылардың білім сапасы, сабаққа үлгерімін арттыру және тәрбиесін қадағалау мақсатында әр тоқсаннан кейін «Бетпе-бет» форматта ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Ата-аналар мұғалімдермен кездесу барысында, оқу үлгеріміне қатысты кеңестер алса, педагог-психологтардан жасөспірімдік кезеңдегі мінез-құлық өзгерістері туралы сұрақтарын қойып, бала тәрбиелеу бойынша тиімді кеңестер алды. Сонымен қатар кейбір сыныптар стандартты емес жағдайда кураторларымен кездесіп, оқушы тәрбиесіндегі маңызды сұрақтарды талқылады.

### **7 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Берік отбасы» курсы**

Оксфорд университетімен құрылған «Берік отбасы» курсы міндетті түрде 7 сыныптарының барлығына бірдей жүргізіледі. Курсты сертификатталған педагог-психолог мамандары жүргізеді. Курсқа оқушы мен ата-ана міндетті түрде қатысуы керек. Бұрынғы жылдары тек аналар көп қатысатын жиындарға, биыл әкелер де белсенді қатысып бастады. Себебі бұл курста берілетін мәліметтер мен стратегиялар бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты одан әрі дамытуға бағытталған.

### **Ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер**

2024 жылдың 5 сәуірінде ата-аналар комитеті мүшелеріне арнап мектептің педагог-психологтары «Балалардағы жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және ақпараттандыру» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылды. тренингке барлық ата-аналар қатысты. Себебі бұл қазіргі қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

### **«Наурыз думан» мерекелік шарасы**

16 наурыз Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде мектеп ұжымы және ата-аналар комитетінің ұйымдастыруымен «Наурыз думан» мерекелік шарасы өткізілді. Шараға 5 киіз тігіліп, ұлттық тағамдардан дастархан жайылды. Шара барасында театрландырылған қойылымдар, ұлттық әндер мен би көрермен ықыласына бөленді. 3 шаңырақтан бірігіп, киіз үйлерді құру дәстүр ата-аналарға қатты ұнады. Себебі олар өзара танысып, әрі қарай бірге жұмыс жасауға жол ашты.

### **Ата-аналар зияткерлік ойындарда**

7 сынып ата-аналары арасында «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобасы аясында «Эрудит ата-ана» атты интеллектуалды сайысы өткізілді. Интеллектуалды ойын 8 сынып ата-аналары арасындағы «Brain ring» интеллектуалды сайысы және «100 әні» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Әуенді тап» викториналық ойыны өткізілді. ұйымдастырылды.

### **Ата-аналар қайырымдылық шараларына қатысады**

2023-2024 оқу жылының басында жыл бойына қайырымдылық шараларын өткізуге қор жинау мақсатында «Мейірімділік жүректен» акциясы өткізілді. Акциядан жиналған қаржы Маңғыстау облыстық арнаулы қарттар үйіне, Отбасы үлгісіндегі балалар ауылына және Жаңа жыл алдында аз қамтылған отбасыларға көмектесуге жұмсалды.

Мектептің «Мейірім өскіні» еріктілер клубы ата-аналар комиетінің қолдауымен 2024 жылдың көктем айларында Қазақстан Республикасының солтүстік және батыс аймақтарын су басудан зардап шеккендерді қолдауға арналған қайырымдылық жәрмекесі өткізілді. Жиналған қаржы «Biz birgemiz» республикалық қорына жіберілді.

### **«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы**

• «Әжемнің ертегісі» жобасы мектебіміздің бірегей авторлық жобасы болып табылады. Себебі «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасын толықтай насихаттайтын жобаға шаңырақ оқушыларының әжелері қатысады. Негізгі мақсаты оқушыларға құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие беру болып табылады.

• «Ұрпақтар сабақтасығы» және «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Мейірім өскіні» ұйымының еріктілері №2 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының қарияларына арналған оқушылар ән, би билеп қарияларға тамаша көңіл-күй сыйлады.

• 8 «С» сыныбына «Атадан-өсиет» танымдық сабағы сол сынып оқушысының атасы келіп, өз өмір жолын, ХХ ғасырдың нәубетті жылдары туралы оқушыларға баяндап берді. Оқушылар өз сұрақтарын қойып, батасын алды.

• «Әке - тәрбие тамыры» тақырыбында әкелер форумы. 2023 жылы бастау алған әкелер форумына жыл санап қатысушылар саны артып келеді. Форум барысында «Отбасы тәрбиесіндегі әкенің ролі» тақырыбында белгілі коуч М.Дүмбаев дәріс берді. Сонымен қатар «Сұрақ-жауап» айдарында өте маңызды мәселелер көтеріліп, сол жерде шешімі табылды. Мысалы, 7-8 сынып оқушыларының телефонға тәуелділігін байқаған әкелер мектеп әкімшілігіне 7-8 сынып оқушыларының телефондарын 8.30-17.30 аралығында жинап алу ұсынылып, қолдау табылды. Форум соңында әкелер химия және биология пәндерінен қызықты эксперименттер жасап, әсерлерімен бөлісті.

### **Экологиялық бастамалар**

2024 жылдың мамыр айында 9 «Д» сынып оқушысы ата-анасы А.Тулесбаевтың қолдауымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы «Шерқала» тауы және Ақмыш сайы маңында барлық 9 сынып оқушылары сенбілікке қатысты. Сенбілік аясында 50 қапшық қоқыс жиналды. Ата-ана барлық 9 сынып оқушыларын Шерқала және Ақмыш жерлеріне апару және жиналған қоқысты алып кету үшін арнайы көліктермен қамтамасыз етті. Сонымен қатар далалық форматта палау пісіріп, оқушыларға жақсы демалыс ұйымдастырды.

### **«Аналар, арулар- мейірім бұлағы» аналарға арналған кеш**

Алғашқы рет мектебімізде 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай оқушылар өз аналарына арнап шығармашылық концерт кешін ұйымдастырды. Аналар өз балаларының өнерлерін тамашалап, керемет әсер алды.

### **Спорттық шаралар**

*Шаңырақ ата-аналар арасындағы "Ұлттық - спорт ұлт денсаулығының кепілі" спатакиадасы* атты жарысы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Әр шаңырақтан шыққан бір әке, бір анадан, бұқа тартыс, асық ойнау, ләңгі тебу, оқтау тартыс, теңге алу, қол күрес спорт түрлерінен жарысып, мүмкіндіктерін сынады. Зияткерлік мектеп ата-аналармен тұрақты жұмыс жүргізіледі. Бұл жолы елдігіміздің тұғыры болған, ұлттық

спорт түрлеріне назар аудару назар аудардық. Жарыс барысында ата-аналарымыздың ұлттық спорт түрлерін өте жақсы меңгергенін байқалды.

Шаңырақ оқушыларының әкелері арасында футбол спартакиадасы өтті. 10 шаңырақтан 60 әке қатысты. Жеңімпаз шаңырақтар өзара аралсып танысты.

*Ата-ана, оқушы және ұстаздар арасындағы шахмат турнирі.* 2024 жылдың 27 сәуір күні Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Ата-аналар мектепте» айлығы аясында педагог-ұйымдастырушы-куратор және Дене шынықтыру әдістемелік бірлестігінің қолдауымен ата-аналар, оқушылар және ұстаздар арасында шахмат турнирі ұйымдастырылған болатын. Шара барысында әр шаңырақтан шыққан оқушы мен ата-ана қасына әр әдістемелік бірлестіктен бір мұғалімнен қосылып команда құрылды. Шахмат өте қатты шыдамдылық пен стратегиялық ойлауды қажет ететін ойын түрі болып есептеледі.

**«Даналық Бейсенбі» жобасында «Желтоқсан-86» қозғалысына қатысқан аналар**

«Желтоқсан-86» қозғалысына қатысқан 1986 жылдың жастары біздің мектептің ата-аналары екендігін кездейсоқ білдік. 12 сынып оқушысы Асанов Мырзаәлінің анасы Клара Суханбердиев өзінің студенттік шақтан құрбылары болған Әсем Шукурова және Гульмира Курбаншаевамен сол уақытқа ситуацияны толықтай оқушыларға айтып берді. Оқушылар желтоқсаншы жастардың әрбір сөзін мұқият тыңдап, ой елегінен өткізді. Оқушылар өздерін аландататын сұрақтарға толығымен жауап алды. Өте әсерлі, танымдық мағынасы бар кездесу кеші болды.

#### **«Ата-аналар мектепте» айлығы**

«Ата-аналар мектепте» айлығы шеңберінде «Әжеден ғибрат» клубының кезекті қыз балаларға арналған танымдық және шеберлік сабақтары өткізілді. Әжелер өткізген танымдық-шеберлік сабақтар оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танытып, қоғамның парасаттылық пен адамгершілігі мол, патриот тұлғасын қалыптастырудағы рөлін анықтауда маңызы зор болды.

Ата-аналардың қолдауымен кәсіптік бағдар беруге бағытталған «Мамандықтар жәрмеңкесі» акциясы ұйымдастырылды. Бұл акция арқылы оқушылар өз ата-аналарының қызметі туралы біліп, басқа ата-аналардың қызметі бойынша сұрақтарын қойды.

«Ата-аналар мектепте» айлығын қорытындылау мақсатында «Сағындырған әндер-ай» ретро ән кеші ұйымдастырылды. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатырған ретро ән кешіндегі әуенді әндер мен көз тартар билер әр буын өкілінің жүрегінен орын тауып, көрерменнің 100% көңілінен шықты.

### **2023-2024 оқу жылындағы Ата-аналармен жұмыстың SWOT анализі**

<b>Мықты тұстары</b>	<b>Әлсіз тұстары</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>• «Зияткер отбасында» жобасын ата-аналардың қолдауы</li><li>• Оқушыларды сапалы тамақпен қамтамасыз ету үшін ата-аналардың Бракераж комиссиясының жиындарына келуі</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Бірқатар ата-аналардың бала тәрбиесімен айналыспауы</li><li>• Әкелердің ер бала тәрбиесіне салғырт қарауы</li><li>• «Ата-аналар университеті» жобасы аясында барлық ата-аналарды қамту жиілігі</li></ul>

<ul style="list-style-type: none"> <li>«Кіші Туған елге тағзым» жобасына ата-аналардың белсенді араласуы</li> <li>«Әжеден ғибрат» клубының жұмысына ата-әжелердің араласуы</li> <li>«Берік отбасы» бағдарламасынан ата-аналардың өтуі</li> <li>Ата-аналар шеберлік сағаттарын жүргізеді</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ұялы телефонға тәуелділікті жою ата-аналар тарапынан қолдау табылмайды</li> <li>Жалпыға ортақ шаш және киім үлгісін сақтамайтын оқушыларды ата-аналардың қолдауы</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіп-қатер</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>Белсенді ата-аналардың болуы</li> <li>Жазғы әлеуметтік жобалар («Ата-ана жұмысындағы 1 күн», «Кәсіпорындардағы жазғы тәжірибе», «Апталық ауыл өмірімен танысу»)</li> <li>Ата-аналарды толық тәрбие жобаларымен таныстыру</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Толық емес немесе көп балалы отбасылардың балалары ата-ана мейіріміне аз бөленеді</li> <li>Ата-аналар тарапынан оқушыларды гипербаптау</li> </ul>

### 3.3. ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҒЫН ДАМУ

2023-2024 оқу жылында Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы №48 2013 жылдың 29 тамыздында қабылданған «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларын тәрбиелеу саясаты» негізінде мектеп директорының №288/ 09.10.2023 жылғы бұйрығына сәйкес өз жұмысын әрі қарай жалғастырды. Оқу жылының басында өзін-өзі басқару ұйымының Президенті 12 «В» сынып оқушысы Оңдаған Нұрлыбек болып, әр түрлі жобалар шеңберінде жұмысын жалғастырды.

Жаңа президентті сайлау бойынша үгіт-насихат жұмыстары қыркүйек айынан бастау алып, екі кезеңмен (үгіт насихат жұмысы және дауыс беру) жүргізілді.

**Президентті сайлау (инаугурация).** «Өзін-өзі басқару ұйымы президентінің анықтау бойынша кезекті сайлау қорытындылары айқындалып, 2023-2024 оқу жылына мектеп Президенті ретінде 11 «С» сынып оқушысы Айтбай Дінмұхамед атанып, мектептің барлық оқушылары жиналған жиында салтанатты түрде ант берген болатын. Инаугурация барысында оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жаңа мүшелері таныстырылған болатын. Жаңа құрамдағы өзін-өзі басқару ұйымының атауы «Birge» деп анықталды.

Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын үйлестіру педагог-ұйымдастырушы-куратор А.С.Хамзинаға тапсырылды.

«Birge» мектепшілік оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы мүшелері бекітілді.

№	Аты-жөні	Сынып	Қызметі
1.	Айтбай Дінмұхамед	11 «С»	Мектеп өзін-өзі басқару ұйымы Президенті
2.	Жанай Бағлан	10 «А»	Вице-президент
3.	Дуйсембаева Индира	11 «В»	Білім министрі
4.	Сайранова Сара	10 «С»	Старосталар кеңесі
5.	Хайрушев Әмірлан	10 «Е»	Спорт министрі
6.	Асқар Ақтәжі	11 «В»	Ішкі істер министр
7.	Байсейіт Алихан	11 «В»	БАҚ министрі
8.	Жалғас Наргиз	11 «А»	БАҚ министрі

9.	Ришат Дильшат	11 «С»	Экология министрі
10.	Абыл Назерке	10 «D»	Мәдениет министрі
11.	Азан Есбол	10 «А»	Мәдениет министрі
12.	Бекболат Шынар	11 «B»	Тәртіп министрі
13.	Ғалымбек Жанат	11 «D»	Тәртіп министрі
14.	Баянғали Аружан	11 «B»	Сыртқы істер министрі
15.	Смит Әділбек	11 «D»	Сыртқы істер министрі
16.	Қоблашова Асия	10 «А»	Хатшы

**Көшбасшылықты дамытуға бағытталған маңызды кездесулер.** 2023-2024 оқу жылында серіктес мектептер және қалалық орта мектептермен тығыз жұмыстар жүргізілген болатын.

2023 жылдың қыркүйек айының соңында 2023-2024 оқу жылына Мектеп Президентін сайлау науқаны басталып, 5 қазан күні сайлау өткізілді. Сайлау нәтижесі келесідей болды:

- Барлық дауыс бергендер саны -784
- Бірнеше дауыс берген оқушылар -9
- Абзал Қосай -46 = 6%
- Смит Әділбек -105 =13%
- Иманмади Айсұлу -174 =22%
- Ақуал Дина -187 =24%
- Айтбай Дінмұхаммед -272 =35%

2023-2024 оқу жылында мектептің өзін-өзі басқару ұйымының Президенті болып 11 сынып оқушысы Айтбай Дінмұхаммед сайланды.

2023 жылдың желтоқсанында мектеп оқушылары мен мектеп түлектіріне (NIS ALUMNI) арналған SAMGAU-2023 форумы өткізілді. Форумның негізгі тақырыбы «Жасанды интеллект және білім берудің болашағы/ AI vs. A.I. (*Academic Integrity vs. Artificial Intelligence*)». Форум барысында биология пәні мұғалімі Балғалиева А.К., мектеп түлегі Аймағамбетова Б., 11 сынып оқушысы Иманмади А. Және Жалғас Н. форумның негізгі тақырыбы туралы дискуссия жүргізді. Содан кейін түлектердің сессиялық кездесулері өтті. Әр түлек өзінің мамандық таңдауы және ЖОО түсуі туралы айтып, оқушылардың көптеген сұрақтарына жауап берді. Форум түлектер мен оқушылар арасындағы волейболдан жолдастық кездесумен аяқталды.

2024 жылдың 5 наурызында серіктес мектептермен «Көшбасшылар форумы» өтті. «Менің жауапкершілігім – менің болашағым» тақырыбы аясында өткен бұл форумға: БИЛ, Дарын, 13-гимназия, 12-мектеп, IT лицей-мектебі және IT лицейінің өзін-өзі басқару ұйым өкілдері қатысты. Форум барысында жас-көшбасшылар алдағы уақытта ұйымдастыратын шараларды талқыға салды. Сондай ақ, «Жүрегім жомарт» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру бойынша ойларымен бөлісті.

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы осы оқу жылында халықаралық серіктестік жобасына да қатысты. Олар Кениядағы Mpesa Foundation академиясының өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерімен онлайн кездесу жасады. Кездесу барысында әр оқушы өзінің елі мен мектебінің ерекшеліктерін таныстырды.

«Жүрегім жомарт» акциясы аясында 2024 жылдың ақпан айында өткізілген қалалық дебат жарысына төреші ретінде коммуникация саласындағы сарапшы ретінде

танылып жүрген Қайрат Хасанов шақыртылған болатын. Шара соңында кері байланыс беріліп, дебат сайысының ерекшеліктері жайында оқушыларға құнды мәліметтер айтылды.

**Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жүргізген қайырымдылық шаралары.** Өзін-өзі басқару ұйымының (әрі қарай ӨБҰ) ұйымдастыруымен «Жүрегім Жомарт» қайырымдылық акциясының 2 легі ауқымды деңгейде өткізілді.

«Жүрегім Жомарт» қайырымдылық акциясының 2 легі шахмат турнирінен бастау алды. Қалалық деңгейде өткен шахмат турниріне 20дан астам оқушы қатысып, БИЛ және Дарын мектептерінен оқушылар келіп, шахмат сайысында бақ сынасты. Қалалық мектептер арасындағы салауатты бәсекелестіктің дамуына үлес қосқан шаралардың бірі болды.

11 наурыз күні қалалық футбол жарысы өтті. Серіктес мектеп оқушылары бақ сынасты. 1 орынды БИЛ мектебі. 2 – 3 орынды НЗМ оқушылары иеленді.

**Акция соңында зияткерлер жиналған қаражатқа азық-түлік алып әлеуметтік жағдайы төмен 3 отбасыға табыстады.**

Алғыс - қазақ халқының ұлттық танымындағы ізеттіліктің бір түрі. Қазақта «кішіпейіл болсаң, кішірейіп қалмайсың» деген мәтел бар. Кішіпейілдік танытып, жылы ілтипат білдіру адамдар арасында жақсы қарым-қатынас орнатары сөзсіз. Көктемнің алғашқы күні 1-ші наурыз «Алғыс білдіру» күні болып табылады. Биылғы жылы өзін-өзі басқару ұйымы мектептің кіші қызметкерлеріне естілік сыйлықтарын табыстап, ән-би кешімен аяқтады.

Тематикалық күннің келесі тақырыбы ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерге негізделген болды. 14 наурыз күні «Қазақи бас киімдер күні» тематикалық күні болып өтті. Бұл күні қыз балалар мектепке ұлттық әшекей бұйымдар мен шашбау тағып келсе, ал ер балалар тақия киіп келді. Өзін-өзі басқару ұйымының ұсынысын ұстаздар қолдап, ұлттық нақыштағы кәжекейлер киіп келді.

**Экологиялық таза табиғи ортаны қалыптастырудағы көшбасшылық**

Туған жеріміздің қоршаған ортасын қорғау – әрбір азаматтың борышы. Осыған орай, 6 сәуір күндері мектебіміздің өкілдері бірігіп, қоғамдық жұмыс күніне қатысты, осылайша экологияға және екінші үйімізге өз үлестерін қосты. Көктемгі сенбілік, шуақты ауа-райы және бірлескен жұмыс мектебіміздің барлық өкілдері үшін бұл күнді нағыз көктем және белсенді етті. Сенбілік жақсы ұйымдастырылды, соның арқасында қатысушыларға тек пайда ғана емес, сонымен қатар қуаныш әкелді.

**Мектеп оқушыларының академиялық білімдерін жоғарылатуға бағытталған шаралар.** Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары алғаш рет мектепте «Ментор-менти» жүйесін енгізген болатын. Жоба мақсаты пәндік олимпиададан жоғарғы нәтиже көрсетіп жүрген жоғары сынып оқушылар төменгі сынып оқушыларына бағыт-бағдар беру. Жоба жоспарына сәйкес аясында 7 желтоқсан күні менторлармен және 7-8 сыныптармен кездесу өтті. Түрлі пән менторлары оқушыларға өз олимпиада жетістіктерін таныстырып, оқушылардың сұрағына жауап берді. Осылайша, 7-8 сыныптарға арналған олимпиадаға дайындық бойынша «Ментор-менти» жобасы өз тұсауын кесті.

Жыл сайын өтетін «Әдемілік балы» кешін биыл «Бірге билейік» көңілді кешіне ауыстырылды. Кешке 7-12 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар бұл кеште заманауи әндер би номерлерін орындап, көңіл көтерді.

Жергілікті серіктес мектеп болып табылатын БИЛ мектебімен волейбол және баскетбол бойынша жолдастық кездесулер ұйымдастырды. Жарыс барысында оқушылар өзара танысып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Мектептің еріктілер ұйымдары әрдайым қайырымдылық шараларын ұйымдастырады. Солардың бірі қайырымдылық кино кеші. Кино кеште қандай кино көрсетілетіндігі оқушылардан сауалнама арқылы сұралады. Кейін арнайы баға қойып, кино кеші ұйымдастырылады. Кино кештен түскен қаржы мұқтаж жандарға көмек көрсетуге жұмсалады.

Танымал блогер, жастар мотиваторы Есен Танкеновпен кездесу арқылы оқушылар әлеуметтік желілерді жүргізу этикасы, сонымен қатар контентке назар аудару қажеттілігі туралы айтылды. Оқушылар өздерінің жеке сұрақтарын қойып, бірге бейнеролик түсірді.

«Эколидер» клубымен бірге Экофест шарасы өткізу жасыл көшбасшылыққа оқушыларды баулиды. Экофест барысында ұйым мүшелері қағаз және пластик қалдықтарына екіншілік өмір сыйлау бойынша шеберлік сағаттарын өткізді.

Тартыл Фест ер балалар арасында дәстүрлі түрде өткізілетін шара. Оқушылар жыл санап қызығушылықпен қатысады. Физикалық денсаулықтың қалыпты болуы менталды денсаулықтың қалыпты болуына жол ашады. Ең жоғары нәтиже көрсеткен командалар марапатталды.

7-8 сынып оқушылары үшін ұйымдастырылған Brain battle сайысына оқушылар қызығушылықпен қатысты. Себебі ақыл – ой жарысы оқушыларға әртүрлі пәндерден білімдерін толықтыруға шақырады.

Мектеп өмірін қызықты қылу үшін мектеп бойынша AntiBackPack day ұйымдастырылып, оқушыларға позитивті көңіл-күй сыйлады. Себебі оқушылар сумка ретінде әртүрлі заттарды қолданды. Ал ұзақ қоңыраулар кезінде әлемдік хит ән «Ламбада» оқушылар мен ұстаздар билеп, ерекше әсер алды. Тіпті бір-бірінің ұстап, ұзын тізбек жасап, ламбада биін биледі.

Оқушылар көшбасшылығын дамытуға бағытталған «Жыл оқушысы» жобасы мектеп дәстүрі болып есептеледі. Себебі 9 номинация бойынша бақ сынаған оқушылар жыл қорытындысы бойынша ұйымдастырылған «Мектебім саған мың алғыс» шарасында марапатталды. Биыл жобаға «Жыл экологы» номинациясы қосылды. Көшбасшы оқушылар үшін бұл маңызды шара болып табылады.

### ***Шығармашылық шаралар***

2023 жылдың қыркүйек айында мектептің акт залында Жайдарман ойыны өткізілді. Байқау келесідей 3 кезеңнен тұрды: музыкалық үй жұмысы, сәлемдесу және биатлон. Жарыс барысында оқушылар өздері құрастырған әзілдерін көрермен назарына ұсынды.

2023 жылдың қараша айында «Маңғыстау» шаңырағының ұйымдастыруымен мектебіміздің 7 сыныптары арасында дәстүрлі түрде «Таланттар алаңы» мегажобасы өткізілді. Жобаның мақсаты, мектебімізге жаңадан қосылған зияткерлердің



бойындағы ерекше таланттарын тану. Жобаның жоғары деңгейде өтуіне мектептің ОБҰ құрамындағы оқушылардың үлесі зор.

Ата-ана, оқушы және ұстаз арасындағы шахмат турнирі 2024 жылдың 27 сәуірі күні өткен болатын. Турнир 5 кезеңнен тұрды. Барлық қатысушылар жоғары нәтиже мен шеберлік көрсетті. Мұндай іс-шаралар ортақ қызығушылықтарды біріктіріп, ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсартта түсті.

2024 жылдың қаңтарында мектебімізде мини футбол бойынша дәстүрлі турнир өткізілді. Турнирде командалар өз Шаңырақтарының намысын қорғап, мектеп қабырғасындағы ең маңызды жүлделердің бірі - Директор Кубогын жеңіп алу мүмкіндігіне ие болды. Футболмен қызығушылардан турнирге жақсы дайындалу, ал жанкүйерлерден сүйікті командаларына қолдау көрсету сұралды.

Мектебімізде өткен, алдағы уақытта өтетін шараларды және өзге де жаңалықтар мен хабарландыруларды уақытылы жеткізу мақсатында, NIS radiosy жұмысы осы оқу жылында одан әрі жанданды. NIS radiosy бүтіндей бір ұжымға айналып, мектеп өкілдерін туған күндерімен құттықтап, байқаулар мен олардың жеңімпаздарын және өзге де жайттарды хабарлап жүрді.

«Caspian Startup» байқауының сәтті өтуіне Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының қосқан үлесі зор. Байқауға қатысушы қонақтарды қарсылап алып, оларға қажеттілігіне сай мектепті таныстырды. Сонымен қатар шеберлік сағаттары күнінде өзін-өзі басқару ұйымының таныстырылым көрсетті.

## **Мектепте оқушылардың көбасшылығын дамыту бойынша SWOT анализі**

### **Мықты тұстары:**

- *Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің белсенділігі*
- *Мектеп әкімшілігі мен оқушылардың тиімдігі ықпалдастығы*
- *Мектеп оқушылар мектеп әкімшілігіне сеніммен қарайды.*

### **Әлсіз тұстар:**

- *Оқушылардың белсенділігі әсерінен академиялық көрсеткіштерінің төмендеуі.*
- *Өзін-өзі басқару ұйымының ішінде ішкі тәртіп ережелерін сақтамайтын оқушылардың болуы (сабаққа кешігу)*
- *Оқушылардың қайырымдылықты тек қаржы арқылы шешуге болады мазмұнындағы ойлары*
- *Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын координациялайтын тәжірибесі мол педагог-ұйымдастырушы-кураторды немесе пән мұғалімін жетекшілікке қою*

### **Мүмкіндіктер:**

- *Президент сайлау процесін күрделендіру және онтайландыру*
- *Оқушылардың тұлғалық дамуын арттыратын шаралардың аздығы*
- *«Лидерлер мектебін» қалыптастыру*
- *Барлық мұғалімдердің оқушылардың бойындағы көшбасшылықты дамытуы*

### **Қауіп-қатер:**

- *Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерінің мектеп өмірін «өзіндік» жақсарту бойынша идеяларының аздығы*

### 3.4. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС/ОЛИМПИАДАЛЫҚ РЕЗЕРВ

Назарбаев Зияткерлік мектебінің міндеттерінің бірі оқушылардың дарындылығын анықтау қолдау, дамыту және дарынды балалардың дамуына жағдай жасау болып табылады. 2023-2024 оқу жылы басынан биология, информатика және математика пәндері бойынша жетекші мамандар мен тренерлерді тарта отырып, элективті курстар ұйымдастырылды. Барлық пәндер бойынша олимпиада бойынша координаторлар тағайындалды. Олимпиадалық резерв (МОР) мектебі жұмыс істейді, оның құрамына 25 оқушы, оның ішінде желілік, республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпаздары кіреді. Координаторлар оқушылардың жеке дайындық кестелері бойынша дайындық сабақтары жүргізілетін қадағалайды. 2024-2024 оқу жылы пәндік олимпиадалар бойынша жаңа жетістіктерге толы болды.

2023 жылдың 24-25 тамызында Алматы қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы базасында робототехникадан өткен World Robot Olympiad (WRO) байқауының республикалық кезеңінен «Future Innovators» санатында бақ сынаған «AMS» командасы үздік атанып, III орын иегері атанды. Команда мүшелері Данил Мухалев және Камила Куатова.

Сонымен қатар, 11 сынып оқушылары Расул Абуов, Бақтығали Айсұлтан және Нұргелді Есенгелді IT бағыты бойынша «Kazakhstan International Innovation Fair 2023» байқауында қола жүлдеге ие болды.

География пәні бойынша «Beyond Olympiad» онлайн олимпиадасына 7-9 сыныптар арасында Аят Шәкіржан III орынға ие болса, 10-12-сыныптар арасында Деміржан Шорман II орынды иеленді. Жеңімпаздардың жетекшілері – география пәнінің мұғалімдері Баян Джарасова және Мирас Курбанғалиев.

2023 жылдың 21-22 қыркүйекте ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» атты өзге ұлт өкілдерінің оқушылары арасында қазақ тілінен республикалық қашықтық олимпиадасын өткізді. Олимпиадаға қатысқан мектебіміздің оқушылары жүлделі орындарға ие болды. Жеңімпаздар «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталды:

- Артем Бедарев 9 «Е» сынып оқушысы, I орын
- Варвара Мухалева 10 «F» сынып оқушысы, I орын
- Фериде Мутиева 8 «D» сынып оқушысы, II орын
- Амина Гасанова 9 E сынып оқушысы, II орын
- Мехти Сафаров 9 E сынып оқушысы, II орын
- Фатима Хамхоева 11 «F» сынып оқушысы, III орын

Сондай-ақ, 2024 жылдың 17-19 сәуір аралығында өткен «Әбіш оқулары» республикалық байқауының желілік іріктеу кезеңінен 8 сынып оқушысы Ботагөз Тойлыбай жоғарғы ұпай жинап, I дәрежелі орынға ие болды. Ботагөз жазушы шығармасын иллюстрациялау бағыты бойынша «Аңыздың ақыры» романының негізгі төрт суреттеу бағытында автор позициясын көрсете алды. Жетекшілері қазақ тілі пәні мұғалімі Айгүл Айтан, өнер пәні мұғалімі Айбек Бисенғали. Жазушы шығармасын мәнерлеп, жатқа оқудан 11 сынып оқушысы Нұрдана Бекетай I

дәрежелі орынға ие болды. Жетекшісі қазақ тілі пәні мұғалімі- Айгүл Айтан. Аталған оқушылар байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алды.

2023 жылдың 21-24 қараша күндері өткен Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңіне 12 сынып оқушылары Алина Чернякова, Нұрхожа Алшенов, Мырзаәлі Асанов, Жансая Загирова және Өсер Шүкірбай жолдама алып, Мырзаәлі Асанов грамотаға ие болды.

10 сынып оқушысы Қарақат Нұрмұхаметова «Менің шағын Отаным» жас тарихшылардың зияткерлік конкурсының желілік кезеңін жеңіп, 2023 жылғы 29 қазан – 1 қараша аралығында Ақтөбе қаласында өтетін байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алды. Жетекшісі – тарих пәні мұғалімі Гулжанат Курманова.

7 сынып оқушысы Малика Нурланова облыстық кезеңдерден өтіп, республикалық Л.Эйлер атындағы математикалық олимпиадаға қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Ол 70 ке жуық 8 сынып оқушыларымен сайысқа түсіп, қорытынды есеп бойынша 4 орынға ие болды.

### **Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада**

2023-2024 оқу жылында Олимпиада координаторыары 7-12 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік рейтингтік олимпиада өткізе бастады, бұл оқушыларды ең жоғары нәтиже көрсететін оқушыларды анықтауға және олардың пәндік олимпиадаға деген ынталандаруға көмектеседі. Олимпиада қорытындысы бойынша әр сынып пен пән бойынша үздік оқушылардың рейтингі жасалды. Сәйкесінше, Олимпиадалық резерв мектебінің тізімі жыл сайын жаңартылып отырады.

Сондай-ақ, 2023 жылдың қараша айының 18-де мектепте жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді. Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінің қорытындысы бойынша 41 оқушы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша 21 оқушы, қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 17 оқушы, квотадан тыс қатысқан 3 оқушы) 2024 жылдың 4-5 қаңтар аралығында қашықтық форматта өткен олимпиаданың желілік кезеңіне қатысуға мүмкіндік алды. Желілік олимпиада қорытындысы бойынша мектептің 24 оқушысы 12 пән бойынша жүлделі орындарға ие болды. Қоржын 8 алтын, 6 күміс, 10 қола жүлдеге толды. Нәтижесінде 10 оқушы жолдама алып, 9 оқушы қатысты (1 оқушы отбасы жағдайына байланысты қатыса алмады).

### ***Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада желілік кезең жүлдегерлері***

№	Оқушы аты-жөні	Пәні	Орын
1	Азамат Жолжан	Информатика	I
2	Сұлтанбек Сары	Информатика	III
3	Ақансері Қайырбай	Информатика	III
4	Ануарбек Рамазан	Биология	I
5	Махамбет Сисеналиев	Биология	II

6	Санжар Жакубов	Химия	I
7	Нұрбол Бахтигулов	Химия	III
8	Алиби Тұралы	Физика	II
9	Рустем Оразбай	Географи	I
10	Аят Шәкіржан	География	III
11	Дамир Нурланов	Математика	I
12	Қарақат Нұрмұхаметова	Орыс тілі	I
13	Варвара Мухалева	Орыс тілі мен әдебиеті	I
14	Наргиз Жалғас	Орыс тілі	III
15	Мөлдір Сейткамал	Қазақ тілі мен әдебиеті	I
16	Есбол Азан	Қазақ тілі мен әдебиеті	II
17	Нұрсая Қаршыға	Қазақ тілі мен әдебиеті	II
18	Есенқұл Нұрқанат	Қазақ тілі мен әдебиеті	III
19	Асем Джанибекова	Ағылшын тілі	II
20	Ілияс Глеужан	Ағылшын тілі	III
21	Камила Нұржан	Қазақстан тарихы	II
22	Зейнеп Серік	Қазақстан тарихы	III
23	Аружан Арманова	Құқық негіздері	III
24	Данил Мухалев	Француз тілі	III

Аталған олимпиаданың республикалық кезеңі (жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша) математика пәні бойынша 2024 жылдың 17-21 наурызында Астана қаласында, информатика, география пәндері бойынша 24-28 наурызында Алматы қаласында, химия, биология пәндері бойынша 27-31 наурызында Павлодар қаласында өткізілді. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша мектебімізден 6 оқушы қатысын, 5 жүлделі орын иеленіп, 1 оқушы грамота иегері болды.

### **Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиада жүлдегерлері**

№	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Орын
	Азамат Жолжан	9	Информатика	III
2	Нұрбол Бахтигулов	11	Химия	II
3	Ануарбек Рамазан	9	Биология	грамота
4	Санжар Жакубов	10	Химия	III
5	Рустем Оразбай	10	География	III
6	Дамир Нурланов	11	Математика	III

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша олимпиада 2024 жылдың 1-5 сәуірінде (қазақ тілі мен әдебиеті) Қостанай қаласында, 7-11 сәуірінде (орыс тілі мен әдебиеті) Астана қаласында өтті. Қатысқан 3 оқушының үшеуі де жүлделі орындар алды.

### **Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиада жүлдегерлері**

№	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Орын
	Қарақат Нұрмұхаметова	10	Орыс тілі	I

	Варвара Мухалева	10	Орыс тілі мен әдебиеті	III
	Мөлдiр Сейткамал	11	Қазақ тілі мен әдебиеті	II

Әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларға үздіксіз және жүйелі дайындықты қамтамасыз ету мақсатында 2023-2024 оқу жылында мектепте олимпиадалық резервте тұрған оқушылар үшін маусымдық оқу-жаттығу жиындары өткізіле бастады. Оқу жылында барлығы 3 мектеп оқу-жаттығу жиыны өткізілді: күзгі, қысқы және жазғы. Оқу-жаттығу жиындарын өткізуге түрлі олимпиадалардың жүлдегерлері мен жеңімпаздарын дайындаған пән мұғалімдері тартылды.

### **Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының желілік кезеңі**

Жаратылыстану-математикалық бағыт және қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндері бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының желілік кезеңі 2024 жылдың 3-4 мамырында қашықтық форматта өтті. Желілік кезеңге мектебімізден 42 оқушысы қатысты. Жасөспірімдер олимпиадасының желілік кезеңінің қорытындысы бойынша 20 оқушы жүлделі орындарға ие болды:

№	Оқушы аты-жөні	Пәні	Орын
1.	Мейіржан Құдабаев	Физика	I
2.	Мәди Досқажаев	Физика	II
3.	Алина Багауетдинова	Физика	II
4.	Бағдаулет Ерғали	Химия	I
5.	Әлібек Исатай	Химия	III
6.	Азамат Зинал	Математика	II
7.	Малика Нурланова	Математика	III
8.	Саят Қаршыға	Математика	III
9.	Сұлтан Сабитов	География	II
10.	Ясмина Оспанова	География	III
11.	Рустам Якушев	Биология	III
12.	Оспан Салих	Информатика	III
13.	Думан Жұбаназар	Қазақ тілі мен әдебиеті	I
14.	Ақниет Курбанкали	Қазақ тілі мен әдебиеті	III
15.	Бағдат Аманбай	Қазақ тілі мен әдебиеті	III
16.	Назерке Камалова	Орыс тілі мен әдебиеті	I
17.	Рахат Мұхаммедали	Орыс тілі мен әдебиеті	I
18.	Наз Қадис	Орыс тілі мен әдебиеті	II
19.	Жанерке Танатарова	Ағылшын тілі	III
20.	Ислам Жандос	Ағылшын тілі	III

### **«NIS Hackaton – 2024» желілік байқауы**

2024 жылдың 24-26 наурыз аралығында Алматыда өткен «NIS Hackaton – 2024» желілік байқауында Ақтау НЗМ командасы жүлделі II орынға ие болды. Еліміздегі барлық Зияткерлік мектептердің 180-ге жуық үздік бағдарламашы-әзірлеушісі Алматыдағы химия-биология бағытындағы NIS алаңына жиналды. Шарт бойынша 44 команда 1 тәулік ішінде «EdTech» тақырыбында жоба әзірледі.

Команды құрамы:

- Ахметкерей Әділжан
- Абзал Қосай
- Абдулла Исламбек
- Куатова Камила
- Сисеналиев Махамбет
- Кенжебай Есболат
- Еркін Алихан
- Азиз Есқайратұлы

### **3.5. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР**

#### **3.5.1. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ**

Қосымша білім беруді дамыту концепция аясында 7 сыныптарға міндетті қосымша сабақ ретінде Робототехника және Домбыра сабақтары енгізілсе, ал 8 сыныптар үшін хореография мен хор сабақтарды сабақ кестесіне енгізілді. 2023 жылдың 15 қыркүйегінде мектепте «Үйірмелер жәрмеңкесі» ұйымдастырылып, мектеп бойынша 25 үйірме мен секция жұмыстары жыл басында жұмысын бастап, нәтижелігін көрсетті.

№	Үйірме атауы	Жетекшінің аты-жөні	Үйірмелердегі		Қызметі
			Сағ	ПДО	
1.	Эколидер	Жаксылыкова Б.О.	-	0,5	ҚББП
2.	Ted X	Анесова И. Б.	-	-	Куратор
3.	«Қос перне» домбыра үйірмесі	Тажмагамбетова Г.С.	-	1	ҚББП
4.	NIS Жайдарман	Базарбай Б.Т.	Көрк.ж	-	Көркемдік-муз.жетекші
5.	«Жас Art Dance»(орта) би ансамблі	Егізбаева Ү. С.	хореог	-	Хореограф
6.	«Кәсіби ән айту»	Жайлыбаева М.Қ.	-	0,5	ҚББП
7.	Макет жасау және жобалау	Сарсенбаев Қ.	-	0,5	ҚББП
8.	«Бейнелеу өнері» үйірмесі	Бисенғали А.	2	-	Өнер пәні мұғалімі
9.	«Сәңгер» тігін үйірмесі	Жумаева А.Т.	-	0,5	ҚББП
10.	Волейбол	Махметова В.К.	2	-	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
11.	Баскетбол	Исчанов А.	2	-	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
12.	Футбол	Арыстанов А.С.	2	-	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
13.	Шахмат	Турдымбетова А.	2	-	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
14.	Тоғызқұмалақ	Турдымбетова А.	2	-	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
15.	Актер шеберлігі	Мысабаев А.	-	0,5	Қосымша білім беру педагогі
16.	Телестудия	Нұрмұханова Г. А., Ұзақбай Б.	-	-	Баспасөз хатшысы, оператор
17.	MUN клубы	Айтжан М. Загирова Ж.Э.	-	-	Куратор 12 «Е» сынып оқушысы
18.	NIS Radio	Анесова И.Б.	-	-	Куратор
19.	«Жас сардар» әскери-патриоттық клубы	Утемисов Н.Т.	-	-	АӘД пәні мұғалімі
20.	Робототехника	Медет М.	-	0.25	ҚББП
21.	Википедия	Султанбаева С.М.	-	-	Куратор
22.	ВИА	Базарбай Б.Т.	Көрк.ж	-	Көркемдік-муз.жетекші
23.	«Жас суретшілер» клубы (Өмір Г.Ө.)	Өмір Г.Ө.	-	-	Өнер пәні мұғалімі
24.	«UNESCO» клубы	Жумаева А.Т.	-	-	ҚББП
25.	Робототехника	Вакант I		0.25	

Қалған қосымша сабақтардың барлығы оқушыларға ыңғайлы уақыттарға Кураторлармен сабақ кестесіне қойылды. Қосымша білім беру сабақтарының сапасы мен жұмысын үйлестіру үшін координатор ретінде куратор Муратов А.М. бекітілді. Сонымен қатар әрбір куратор өз сыныбының қосымша сабаққа қатысуын

қадағалау міндеттелді. Оқу жылының соңында қосымша білім беру сабақтарының нәтижелігін көрсету үшін NIS Fest шарасы ұйымдастырылды.

Қосымша білім беру үйірмелеріне қатысатын оқушылардан шығармашылығын шыңдау мақсатында келесі мектепшілік шаралар ұйымдастырылған болатын:

### **Желілік "Домбырашылар флешмобы " (150 оқушы)**

ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 150 оқушысы 2023 жылдың 14 желтоқсанында Маңғыстау облыстық Қ.Сыдықов атындағы облыстық кітапханада «Ұлы дала мұрагерлері» домбырашылар флешмобын өткізді. Дәстүрлі шарада зияткерлер ұлы ақын Абайдың шығармалары мен халық күйлерін орындады.

Шараның басты мақсаты – бабалар рухына шығармалар арқылы тағзым ету. Сондай-ақ биылғы оқу жылында мектеп қабырғасын аттаған зияткерлік мектептің 150 оқушысының мүмкіндіктерін көрсету, ұлттық тәрбиеге баулу.

Қала тұрғындарына арналған шара барысында жас домбырашылар алдымен Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйін орындаса, кейін «Нәр ағашы», «Кербез сұлу» күйлерін нақышына келтіріп орындады. Флешмобтың екінші бөлімі «Тепеңкөк», «Нәр ағашы» туындыларымен жалғасты.

### **«Таланттар алаңы-2023» мега жобасы**

Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Таланттар алаңы» мега жоба осы оқу жылында да өз жалғасын тапты. 7 сынып оқушыларын шығармашылық тұрғысынан жан-жақты ашу мақсатында ұйымдастырылатын байқауға барлық 7 сынып оқушылары белсене қатысты. Шараның басты ұйымдастырушылары куратор Д.С. Танбаева жетекшілік ететін «Маңғыстау шаңырағы». «Ән», «Би», «Аспапта ойнау», «Дәстүрлі ән орындау» номинациялары бойынша қатысқан оқушылар өз өнерлерін жан-жақты көрсетті.

## **NIS FEST-2024**

2024 жылдың 20 сәуір күні Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында «NIS FEST – 2024» шарасы үшінші мәрте ұйымдастырылды. Шараның ұйымдастырудағы негіздеме ретінде 2021 жылдың 31 тамызында қабылданған №45 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларына арналған 2030 жылға дейінгі қосымша білім беруді дамыту Концепциясы қарастырылады. Оқушылар 2023-2024 оқу жылында қосымша білім беру сабақтаранынан алған дағдылары мен білімдерін осы шарада ортаға салып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Шараның қонақтары ретінде оқушылар, ата-аналар, мектептің Қамқоршылық кеңесі және арнайы шақырылған қонақтар болды. Шараның ашылуында оқушылар ән айтып, әр түрлі халықтардың билерін биледі және домбырамен күй атасы Құрманғазының күйлерін ойнады

### **Шараның негізгі мақсаттары:**

- Қосымша білім беру үйірмелері мен клубтардың жұмысын активизациялау;
- Оқушылардың көркем-эстетикалық тәрбиеге баулу;
- Ата-аналар мен сыртқы ұйым өкілдерінің мектептің қоғамды өміріне араласуын жоғарылату;
- Оқушыларды ұлттық тәрбиеге баулуда ата-аналарды комитетінің жұмысын арттыру.

«NIS FEST – 2024» шарасының өтуі түрлі локациялар арқылы жүзеге асырылды.



Сонымен қатар қосымша білім беру бойынша үйірме жұмыстарынан бөлек «Birge» өзін-өзі басқару және «Мейірім өскіні» еріктілер клубының локациялары да болды. Идеялар жәрмеңкесінде оқушылар өздерінің жаңа ғылыми жобаларын таныстырып, «Birge» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері түрлі активитилер ұйымдастырса, ал еріктілер клубы қайырымдылық дастарханын жайылды.

Қатысушы ата-аналар балаларының тек білім ғана емес, сонымен қатар көркем-эстетикалық бағыттағы тәрбиенің беріліп жатқандығы туралы оң пікірлерін білдірді.

### **Жалпыға бірдей домбыра сабағы**

Мұғалімдер: ҚББП Тажмағамбетова Г.С. және Дүмбаев М.

2024 жылдың 31 мамырында Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаева Зияткерлік мектебі» филиалында "100 күйдің тарихы" жобасы аясында қазақ халқының ұлттық құндылығы мен тұлғатану сабағын кіріктірген «Қазақ дастарханы аясында Құрманғазы Сағырбайұлы жыл» атты домбыра сабағы өткізілді.

Домбыра- қазақ халқының музыкалық мәдениетінің басты символы. Қазақтың қара домбырасының тарихы тереңде жатыр. Қазақ ежелден домбыраны «жарты байлық», «құт бесік» деп қадір тұтқан.

Міне осы домбыраның тарихы сабақтың негізгі өзегі болды. Сабаққа «Қос перне» және «Тұлғатану» үйірмелерінің оқушылары қатысып, домбыра шертіп, ұлттық тарихымызға көз жүгіртті.

### **Облыстық «Ырғақ» би байқауы**

Облыс оқушыларының би мәдениетіне баулу мақсатында бірнеше жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатырған Маңғыстау облыстық «Ырғақ» би байқауы 2024 жылдың ақпан айында ұйымдастырылды. Байқауға облыс бойынша 100 тарта ансамблдер мен жеке орындаушылар қатысты. Байқаудың авторы хореограф Егізбаева Ү.С.

### **Мектепшілік велошеру**

Ақтау қаласының 60 жылдығына арналған мектептің дене шынықтыру және өнер әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен велошеру өткізілді. Велошеру дистанциясы 3 км болды. Шеруге 50 оқушылар мен ұстаздар қатысты. Үздік оқушылар мен ұстаздар естелік дипломдар және медальдармен марапатталды.

### **«Екі жұлдыз» байқауы**

2024 жылдың 16 ақпанында дәстүрлі түрде өтетін «Екі жұлдыз» шығармашылық байқауы ұйымдастырылды. Жыл сайын бұл байқауға қатысушылардың саны артып, қызығушылықтары оянып келеді. Мектеп қауымдастығының барлық мүшелерін қамтитын шара осы оқу жылында офлайн форматта ұйымдастырылып, көптің көңілінен шықты. «Қазақтың 100 әні», «100 күйдің тарихы» атты жобалардың тізіміне кіретін күйлер мен әндер орындалған болатын. Ал кейбір оқушылар заманауи шетелдік әндер мен билерді таңдаған. Алайда ұлттық құндылықтарға негізделген сахна номерлерінің саны көп. Бұл оқушылар мен олардың жетекшілерінің ұлттық болмыс пен мәдениетті құрметпен қарайтындығын көрсетеді. Сонымен қатар биылғы жылы «Актер шеберлігі» номинациясы қосылып, көрермен қошеметіне бөленді.

### **Ата-ана, оқушы және ұстаздар арасындағы шахмат турнирі**

2024 жылдың 27 сәуірінде Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында «Ата-аналар мектепте» айлығы

аясында Дене шынықтыру әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен ата-аналар, оқушылар және ұстаздар арасында шахмат турнирі ұйымдастырылған болатын.

Шара барысында әр шаңырақтан шыққан оқушы мен ата-ана қасына әр әдістемелік бірлестіктен бір мұғалімнен қосылып команда құрылды.

Шахмат өте қатты шыдамдылық пен стратегиялық ойлауды қажет ететін ойын түрі болып есептеледі.

### **Жаңадан келген 7 сынып оқушылары арасындағы Жайдарман сайысы**

2023 жылдың 21 қыркүйегінде жаңадан қабылданған 7 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін жақсарту мақсатында Жайдарман сайысы ұйымдастырылды. Жайдарман сайысын тамашалау барлық сынып оқушылары мен ұстаздары келді. Оқушыларды сахнаға шығуға және әзілдерді құрастыруға музыкалық-көркемдік жетекші Б.Т. Базарбай көмектесті. Жарыс соңында жеңімпаздар командалар марапатталды.

### **Әскери-патриоттық «Үздік командир-2023» сайысы**

Ең бірінші рет ұйымдастырылған «Үздік командир-2023» әскери-патриоттық сайысы 2023 жылдың 22 қыркүйегінде өткізілді. Сайысқа әр сыныптан бір ер бала қатысып, командирге қойылатын талаптар бойынша сыналды. Өз сыныбының оқушыларына қатарда тұру бойынша командалар беріп, саптық жүруін көрсетті. Сайыстың бағалаушылары ретінде әскери бөлімі сарбаздары мен басшылары қатысты.

### **Қаракөл көліндегі Халықаралық құстар санағы**

2023 жылдың 7 қазанында Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаева Зияткерлік мектебі» филиалының қосымша білім беру педагогы Б.О.Жаксылыкова және «Қаракөл сақшылары» еріктілер ұйымы мүшелері дәстүрлі түрде Қаракөлде құстар санағын жүрді. Құстарды саны арнайы бақылау дәстеріне алынды. Сонымен қатар су сынағалары алынып, зерттеу жасалды. Оған қоса көл маңында сенбілік жасалды.

### **Желілік Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны спартакиадасын ұйымдастыру**

2023 жылдың 30 қазанында Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаева Зияткерлік мектебі» филиалында онлайн форматта желілік Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны спартакиадасы ұйымдастырылды. желілік жарысқа барлық Зияткерлік мектептердің оқушылары қатысты. Жарыс кіші, орта және жоғары топтар арасында өткізілді. Жеңімпаздар жекелей және командалық есепте марапатталды.

### **Изучаем мир вместе с MUN**

Бұл шараның негізгі мақсаты оқушылардың әлемнің түрлі елдерін танып білуі. Әр шаңыраққа белгілі бір елді тапсырып, оқушылар сол елдің тарихын, орналасуын және дәстүрін зерттеп, өз шаңырақ бұрыштарын безендірді. Оқушылар тіпті сол елдің киімдерін киіп, танымал адамдарының өлеңдерін жатқа оқыды. Әр шаңырақ өзара қонаққа барып, басқа елдерді таныды. Оқушыларға ғаламдық азаматтылық концепциясы негізінде тәрбие беруге жақсы әсер етті.

### **16 days of Activism against Gender-Based Violence**

Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алын алу мақсатында Халықаралық Зорлық-зомбылық күніне орай 16 days of Activism against Gender-Based Violence суреттер байқауы ұйымдастырылды. Байқау шаңырақтар арасында оздырылды. Байқау жеңімпаздарын марапаттауға UNICEF халықаралық ұйымының Еуропадағы өкілі арнайы келіп марапаттады. Сонымен қатар жоғарыда аталған ұйымның ресми өкілі қатыгездік туралы арнайы лекция сабағын өткізді.

### **«Алғашқы махаббат» спектаклі**

Мектеп ұстаздарынан құралған театр труппасы белгілі шығармалардың бірі «Алғашқы махаббат спектаклін» көрермен назарына ұсынды. Көркемдік жетекшісі қосымша білім беру педагогы Мысабаев А.

### **«Конфуций мектебі» клубы Қытай Жаңа жылын тойлау**

Осы оқу жылында 10 сынып оқушысы Қожамқұлова Л. бастамасымен құрылған «Конфуций мектебі» клубы үзбей сабақтарын жүргізіп, танымдық кештер ұйымдастырды. Солардың бірі Қытай Жаңа жылы. Мектеп фойесінде ұйымдастырылған Қытай жаңа жылы шарасы барлық оқушыларға қатты ұнады. Клуб мүшелері өз қолдарымен Қытай айдаһарын жасап, ұлттық киімдермен қытай тілінде тілектер арнады. Өз шығармашылығын танытып, қытай иероглифтерімен жазудан шеберлік сағатын берді.

### **Дәстүрлі Директор кубогы спартакиадасы**

Шаңырақ оқушылары арасында ұйымдастырылатын дәстүрлі Директор кубогы футбол спартакиадасына барлық шаңырақ командалар құрып қатысады. Бұл жарыс арқылы шаңырақ ішінде сыныптарда байланыс жоғарылай түседі.

### **Облыстық «Эколидер» байқауы**

Облыстық «Эколидер» байқауы Маңғыстау облысы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған бірегей жоба. 2024 жылдың сәуірінде өткізілген байқаудың негізгі символы ретінде аққу құсы алынды. Облыс мектептерінен келген оқушылар түрлі номинациялар бойынша бақ сынап, жеңімпаз атанды. Жоба авторы экология координаторы Жаксылкова Б.О.

## **ҚОСЫША БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША ЖЕТІСТІКТЕР:**

1. 04 қазан күні Тоғызқұмалақтан Ақтау қалалық іріктеу жарысы өтті. Рапид бойынша жекелей біріншілігіне Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектеп оқушылары қатысып жүлделі орындар алды.

- 1 орын 21 жасқа дейінгі қыздар арасында *Жәрдем Жансая*.
- 1 орын 17 жасқа дейінгі ұлдар арасында *Алтымбек Азамат*,
- 1 орын 15 жасқа дейінгі ұлдар арасында *Тлеукул Жанарыс*,
- 2 орын 17 жасқа дейінгі ұлдар арасында *Азан Есбол 17 жас*,
- 3 орын 15 жасқа дейінгі ұлдар арасында *Аманжол Бекжан*,
- 15 жасқа дейінгі қыздар арасында *Манақбай Айгерім* жүлделі орындар

алды.

2. 25 қараша күні ҚР қысқы чемпионаты алдындағы волейболдан 2007-2008жылғы жасөспірім ұлдар арасында қалалық іріктеуде мектебіміздің 10 Е сынып оқушысы Хайрушев Амирлан жүлделі 1 орын.

3. 21 - 22 қазан күні шахматтан қалалық чемпионат жасөспірімдер арасында 15 жас қыздар арасында Шахрезада Кожабай 2 орын, 17 жас ұлдар арасында Азат Хамидулла 1 место, Жандосу Бекен 2 орын.

4. Волейболдан 2009-2010жылғы жасөспірімдер арасында қалалық іріктеу турнирінде Мандарин командасының мүшесі мектебіміздің 8 F сынып оқушысы Берікқазы Нұрдаулет командасы 2 орын.

5. Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастыруымен 25-26 қараша күндері Жасөспірімдер мен балалар арасындағы

классикалық шахматтан Маңғыстау облысының чемпионатында мектебіміздің оқушылары жүлдегерлер қатарынан табылды.

- Хамидулла Азат 11Е 1 орын
- Бекен Жанибек 10Е 3 орын;
- Қожабай Шахризада 9В 2орын.

6. 25 қараша күні ҚР қысқы чемпионаты алдындағы волейболдан 2007-2008жылғы жасөспірім ұлдар арасында қалалық іріктеуде мектебіміздің 10 Е сынып оқушысы Хайрушев Амирлан жүлделі 1 орынға ие болды.

7. Проведенном федерацией АШИХАРА КАРАТЭ Мангистауской области клубном турнире АЮ по АШИХАРА КАРАТЭ в категории 12-13 лет фулл-контакт Газиз Алихан занял призовое первое место.

8. Проведенном федерацией АШИХАРА КАРАТЭ Мангистауской области клубном турнире АЮ по АШИХАРА КАРАТЭ в категории 14-15 лет фулл-контакт Лосьев Максим занял призовое второе и третье место.

9. 25.11.2023 күні стол тенісінен «Сұңқар» спорт клуб жасөспірімдері мен Шетпе ауылындағы филиал арасындағы жолдастық кездесу турнирінде 9 Е сынып оқушысы Аманбаева Альмира 1 орын иеледі.

10. Қараша айының 29-30 күндері аралығында Бейнеу ауданы Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде тоғызқұмалақтан Маңғыстау облысының чемпионатында мектебіміздің 11 D сынып оқушысы Жәрдем Жансая 1 орын алды және ҚР әйелде арасында тоғызқұмалақтан чемпионатына жолдама алды.

11. Тоғызқұмалақтан желілік спартакиадасының жеңімпазы атанды. Командалық есепте 10 - 12 сыныптар - Ақтаудағы Зияткерлік мектептің құрамасы желілік спартакиадада жүлделі I орынды иеленсе, 7 – 9 сыныптар арасында III орын а ие болды.

- 7 - 9 сыныптар (қыз балалар арасында) Назерке Жардем III орынға ие болды.

- 10 - 12 сынып (қыз балалар арасында) 1 орын 11 сынып оқушысы Жансая Жардем

12. 28 қазанда Павлодарда каратэ бойынша АІКО Ашихара Қазақстан Республикасының Кубогы өтті. Аталмыш жарысқа мектебіміздің 7 сынып оқушысы Әлихан Ғазиз жүлделі 2 орын иеленді.

13. Облыстық Жайдарман сайысын “Intellectum” кубогы жеңімпаздары Азан Есбол, Жаңай Бағлан, Әмір Нұржан, Мұрат Абдрахим.

14. Шахматтан 9-11 сынып оқушы қыздар арасындағы облыстық олимпиадасында 9 «Е» сынып оқушысы Жанахмет Ляйсан жүлделі 3 орын алды.

15. 14 Наурыз күні ұйымдастырылған Маңғыстау облысы Амал мерекесіне орай “CASPI CHESS CUP-2024” шахматтан ашық турнирінде мектебіміздің 11Е сынып оқушысы Хамидулла Азат 1 орын алды.

16. Мини футболдан желілік спартакиаданың аймақтық кезеңінде Батыс өңірі бойынша үздік танылып, ұлдар командасы 1 орын және қыздар командасы 2 орын.

17. 9-12.02 күні Мунайлы ауданы №7 ЖОМ-де тоғызқұмалақтан Маңғыстау облысының юниорлар арасындағы (15,17,19,21 жасқа дейінгі) классика, рапид, блиц бойынша чемпионаты болып өтті Бұл жарыста

мектебіміздің 11 D сынып оқушысы Жәрдем Жансая 19 жасқа дейінгі ойыншылар арасында рапид бойынша 1 орын, блиц бойынша 3 орын алды, 15 жасқа дейінгі ойыншыларда 9 A сынып оқушысы Жәрдем Назерке классика бойыншы 3-орын, рапид 2- орын, блиц 3-орын

18. Маңғыстау облысының қысқы волейбол чемпионаты 10E Хайрушев Әмірлан 1 орын

19. Шахматтан 9-11 сынып оқушы қыздар арасындағы облыстық олимпиадасында 9 «E» сынып оқушысы Жанахмет Ляйсан жүлделі 3 орын алды. 14 Наурыз күні ұйымдастырылған Маңғыстау облысы Амал мерекесіне орай “CASPI CHESS CUP-2024” шахматтан ашық турнирінде мектебіміздің 11E сынып оқушысы Хамидулла Азат 1 орын.

20. 2024 жылдың 12-14 қаңтар аралығында Маңғыстау-Арена БЖСМ спорт кешенінде Тоғызқұмалақтан Маңғыстау облысының классика бойынша жекелей чемпионаты Жәрдем Назерке 1 орын Жәрдем Жансая 2 орын.

21. “Қылқалам сырлары” Республикалық жас суретшілер байқауы Утеғалиев Нұрлыхан III орын “Жас суретшілер клубы” үйірмесі.

22. "Әлемді аялаған-Ана" III Республикалық шығармашылық байқау "Қос перне" домбырашылар ансамблі.

23. ҚР чемпионаты Ашихара Каратэ АІКО 7 сынып Газиз Алихан I орын наурыз.

24. 1. Ресей Федерациясы Санкт-Петербург қаласында өткен В.Я.Курбатов атындағы XIV халықаралық ғылыми жұмыстарының олимпиада-байқауында Жақсылықова Бақытгүл Әмірханқызы жетекшілігімен 10-сынып оқушылары Сайранова Сара мен Тайжанова Амина – I орын.

25. 24 ақпанында Ақтөбе қаласында ұйымдастырылған Халықаралық балалар мен жасөспірімдерге арналған «Талантты Қазақстан» би фестиваліне қатысып «Ұйғыр» биімен мектебіміздің «Жас art DANCE» би ансамблі бас жүлдеге ие болып, тамыз айына Түркия еліне жолдама алды.

26. Алматы қаласында ұйымдастырылған «Жеті өнер» халықаралық шығармашылық байқауында «Қос перне» домбырашылар ансамблі ГРАН-ПРИ жүлдесіне ие болды.

27. Баку қаласында өткен «Golden fleece» би байқауында «Жас ART Dance» би ансамблі қазақ биімен ГРАН-ПРИ иеленсе, ұйғыр биімен I орынға ие болды.

### **Қорытынды:**

- Қосымша білім беруді ұйымдастыру жоспарлы түрде жүзеге асырылады.
- Қосымша білім беру бойынша үйірмелер жұмысы арнайы сабақ кестесіне енгізілген.
- Қосымша білім беруді дамыту Концепциясы негізінде жұмыс жүргізу оң ықпал бергендігін байқауға болады.
- Оқу жылы бойынша оқушылардың қосымша білім беру бойынша игерген дағдыларын байқау үшін NIS FEST шарасы ұйымдастырылды.
- Биылғы оқу жылында оқушылар халықаралық деңгейдегі конкурстардан жеңімпаз атанып жүр.
- Мини футболдан 7-8 сынып оқушылар Атырау қаласында өткен аймақтық кезеңнің жеңімпаздары атанды.
- Желілік Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны спартакиадасын Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі өткізді.

## Қосымша білім беру бойынша SWOT анализ

### Мықты тұстары:

- Оқушылар халықаралық деңгейде шығармашылық байқаулар жеңімпаздары атанып жүр.
- Ата-аналар балаларының спорттық және шығармашылық байқауларға қатысуын жан-жақты қолдайды.
- NIS FEST шарасының ұйымдастырылуы
- Сабақ кестесіне барлық үйірмелерінің қойылуы

### Әлсіз тұстар:

- ҚББ педагогтарының тек топпен жұмыс жасауға машықтануы
- Жоғары сыныптармен үйірме жұмыстарының әлсіз жүруі
- ҚББ педагогтары тарапынан оқушыларды шабыттандыратын іс-әрекеттердің аз болуы
- Актер шеберлігі және вокал бойынша мамандардың кәсіби шеберлігінің жетіспеуі

### Мүмкіндіктер:

- Үйірмелер бойынша облыстық немесе қалалық жарыстар мен байқаулар ұйымдастыру
- Оқушылардың қосымша сабақтарға қатысуын қадағалау үшін ата-аналардың сабақтарды бақылауы
- NIS FEST шарасын дәстүрлі түрде ұйымдастыру
- Жергілікті орта білім беру мекемелерімен ынтымақтастықта жұмыс жасау
- Мәдениет ұйымдары мен фабрикаларда оқушыларға арналған экскурсиялар жүргізу
- Басқа пәндермен кіріктіруді арттыру

### Қауіп-қатер:

- ҚББ педагогтарының әр сабаққа тыңғылықты дайындалмауы
- Сабақтарда колаборативті ортаның құрылуы

## 3.5.2 ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

### 1. «100 күй» жобасы

- «Самғай бер білімнің өркеніне, қош келдің зияткерлер мектебіне» алғашқы қоңырау салтанаты.
- Дене шынықтыру, Алғашқы әскери технологиялық дайындық, Өнер пәні және Қосымша білім беру педогогтері әдістемелік бірлестігі апталығы аясында өткен шеберлік сағаты.
- Информатика пәнімен кіріктірілген сабақ «IT quiz» сабағы.
- Ұстаздар күніне орай "Қос перне" домбырашылары акт залда мерекелік концерт.
- «Мәдени диалог: Қазақстан және Әзірбайжан» форумы аясында мәдени шараға «Қос перне» оқушылары қонақтарды күймен қарсы алды.
- 7 сынып оқушылары дәстүрлі «Таланттар алаңында» өз өнерлерін көрсетті.
- «Қазақтың 100әні» және «100 күй» әлеуметтік жобасы бойынша «Әуенді тап» викториналық сайыс.
- Мектебіміздің ұйымдастыруымен өткен желілік онлайн тоғызқұмалақ ойынының ашылуында мектебіміздің «Қос перне» домбырашылары ансамблі күймен ашты.
- Біріккен ұлттар ұйымының халық қорының басшысын қонақ қылып салтанатты түрде "Қос перне" домбырашылары ансамблі күймен күтіп алды.

- «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» атты сазды әдеби кеші өтті.
- «Рухани-адамгершілік тәрбие» апталығында «Ән көңілдің ажары, күй көңілдің базары» атты викториналық сайыс
- Халықаралық әйелдер күніне аналарға арналған концерт.
- Наурыз қарсаңындағы республикалық «Күй күмбірі» флешмобына қатысты.

#### **«100 ән» жобасы**

- «Самғай бер білімнің өркеніне, қош келдің зияткерлер мектебіне» алғашқы қоңырау салтанаты.
- Дене шынықтыру, Алғашқы әскери технологиялық дайындық, Өнер пәні және Қосымша білім беру педогогтері әдістемелік бірлестігі апталығы аясында 7 «В» сынып оқушылары хор орындалды.
- Ұстаздар күніне орай 12 «С» сынып оқушылары сүйікті ұстаздарына ән арнады.
- Ұстаздар күніне орай мерекелік концерт;
- «Мәдени диалог: Қазақстан және Әзірбайжан» форумы аясында мәдени шараға 9 «А» сынып оқушылары хормен орындады.
- Ата-аналар арасында дәстүрлі түрде өтетін «Ұлттық спорт-ұлт денсаулығының кепілі» атты қазақтың ұлттық спорт ойынының ашылуына ән шашумен ашты
- «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Мейірім өскіні» ұйымының еріктілері №2 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының қарияларына арналған оқушылар ән, би билеп қарияларға тамаша көңіл-күй сыйлады.
- 7 сынып оқушылары дәстүрлі «Таланттар алаңында» өз өнерлерін көрсетті
- «Қазақтың 100 әні» және «100 күй» әлеуметтік жобасы бойынша «Әуенді тап» викториналық сайыс.
- Шаңырақтар арасында 100 ән жобасы аясында шаңырақ бұрышында әндер шырқалды.
- «Екі жұлдық» байқауы.
- «Рухани-адамгершілік тәрбиесі» апталығында өткен «Қазақтың 100 әні мен 100 күй» әлеуметтік жобасы бойынша «Ән көңілдің ажары, күй көңілдің базары» атты викториналық сайыс 7 сыныптар арасында.
- «Рухани-адамгершілік тәрбиесі» апталығы аясында Адай Әзімхан Серікұлы - М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының әртісі. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының түлегі. Дәстүрлі әнші Қарамұханова Әлия Озғанбайқызы – Астана қаласы Қазақ Ұлттық Өнер Университетін бітіріп, қазіргі таңда Мұрат Өскінбайұлы атындағы облыстық филармония әртісі, Маңғыстау өнер колледжінде мұғалім. Дәстүрлі күйшімен «Қазақтың 100 әні мен 100 күй» әлеуметтік жобасы «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» атты сазды әдеби кеші.
- «Ана-адамзаттың асылы» атты аналарға шығармашылық кеші.
- «Кел, Наурыз, тойлайық!» мерекелік шарасы.

#### **«100 кітап» жобасы**

- 7 сыныптарға арналған «Бейімделу аптасында» «100 кітап» жобасы толықтай таныстырылды.
- 100 кітап жобасы аясында 7-8 сынып оқушыларына арналған «Mind battle» атты викториналық сұрақтар ұйымдастырылды.
- Күнделікті 3 және 4-ші сабақ арасында жүргізілетін Reading time жобасы, барлық қызметкерлер мен оқушылар қатысады.

- Ойындар арқылы оқушыларды кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында 9 сыныптарға сабақтар ұйымдастырылды.
- Мұхтар Ауезов туған күніне орай тұлғамен танысу ашық сабағы өтті. Кітаптары таныстырылып, үзінділерінен қойылым қойылды.
- Сыр клубы ұйымдастыруымен әлемдік әдеби классика кітаптары жайлы 7- 8 сыныптарға арналған викториналық ойыны.
- «Бейімбет Майлин - ұлт жазушысы» атты шара: "Шұғаның белгісі", "Күлпәш", "Қара шелек" шығармаларын жатақхана оқушылары талдады.
- «Жақсы кітап жан азығы» ашық кураторлық сабақ.
- «Білім – көзі кітапта» «Болашақ» тобының тәрбиеленушілеріне кіріктірілген сабақ,
- «Кітап-білімнің түпсіз аспаны» 7 «А» сыныбы кураторлық сағаты
- І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы бойынша «Жақсыда мін жоқ, жүйрікте сын жоқ» ашық кіріктірілген сабақ.

#### 4. «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы

- 7 «Д» сынып оқушысы Құлайтай Ақтілектің әжесі «Әжемнің ертегісі» жобасы аясында "Алдаркөсенің хикаялары" ертегісін баяндап сыныппен кездесті.
- 7 «С» сыныбы "Әжемнің ертегісі" жобасы аясында дөңгелек отырыс.
- 7 «А» сыныбы "Әжемнің ертегісі" аясында танымдық кездесу.
- «Ұрпақтар сабақтасығы» және «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Мейірім өскіні» ұйымының еріктілері №2 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының қарияларына арналған оқушылар ән, би билеп қарияларға тамаша көңіл-күй сыйлады.
- 8 «С» сыныбына «Атадан-өсиет» танымдық сабағы.
- «Әке - тәрбие тамыры» тақырыбында әкелер форумы.

#### 5. «Ұлы дала ақындары», «Замандастар жырлайды» жобасы

- Қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушыларының бірі Бейімбет Жармағамбетұлы Майлиннің өмірбаянымен танысу кураторлық сағаты.
- 7 сыныптарға арналған бейімделу аптасында «Замандастар жырлары» жобасы толықтай таныстырылды.
- «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған кураторлық сағат
- «Бейімбет Майлин - ұлт жазушысы» атты шара: «Шұғаның белгісі», «Күлпәш», «Қара шелек» шығармаларын жатақхана оқушылары талдады.
- Тұлғаларды танимыз ба? Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби сағат;
- «Замандастар жырлайды» жобасы бойынша «Жансусар»(2008), «Аспан хаттары»(2016) атты жыр кітаптарының авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жергілікті ақын Асылбек Жаңбырбаймен кездесу ұйымдастырылып, репортаж жұмысы жасалды.
- «Замандастар жырлары» жобасы аясында «Жергілікті ақын - жазушылар туралы репортаждар» атты шаңырақаралық сайыс.
- "Тұлғаларды танимыз ба?" Бейімбет Майлиннің өмірі және шығармашылығы мен танысу кеші.

#### 6. ТЕДх жобасы

- «Үйірмелер жәрмеңкесі» жаңа оқу жылының басталуына байланысты жаңа қатысушыларды анықтау.



- «Жаңа бастама» тақырыбындағы отырыс.
- Клуб мүшелерін іріктеу кезеңі
- «Әлемнің үздік жүргізушілердің 9 әдістемесі» сөз саптау шеберліктерін дамыта отырып, сахнада өзін еркін ұстаудың әдістерімен таныстыру.
- «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» кеші. Туған елінің болашағына үлес қосып, елі, жері үшін қызмет етуге тәрбиелеу. Ұлттық тілді жақсы меңгеруге, ұлтжандылық сезімді қалыптастыруға, ойлау, танымдық қабілеттерін арттыру.
- «Менің жауапкершілігім-менің болашағым» жастар форумы
- «Оқуға ұмтыл да, еркін сөйле» TEDx кеші
- «Еркін сөйле-еркін тыңда» тақырыбындағы шарасы. Шарада клуб спикерлері жеке тәжірибесінен туындаған тақырыптармен бөлісті.

## 7. Википедия жобасы

- «Үйірмелер жәрмеңкесі» жаңа оқу жылының басталуына байланысты жаңа қатысушыларды анықтау.
- «Жас қаламгер» тақырыбындағы отырыс.
- Клуб мүшелерін іріктеу кезеңі.
- 7 сыныптарға «Wikipedia» әлеуметтік жобасы жөнінде түсіндірме жұмысы жүргізіліп, викторина ойыны өткізілді.
- 8-9 сынып арасында квест ойыны ұйымдастырылды.
- Клуб мүшелеріне «Уикипедияда» мақала жариялау ережелерін үйрету (отырыс).
- «Уикипедия» сайтына мақала жүктеу жолдары" тақырыбында шеберлік сағат.
- Қабиболла Сыдиықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасына клуб мүшелерімен барып, ақпарат іздестіріп, мақалалар жазу.

## 8. READx жобасы

- 7 сыныптар арасындағы "Мен оқыған бір кітап " атты кездесу.
- Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы ReadX.
- 8 сыныптар арасындағы Бейімбет Майлиннің шығармаларына әдеби кеш.
- 9 сыныптар арасындағы Бейімбет Майлиннің шығармаларына әдеби кеш.
- «Жүректен шыққан бір кітап» 100 кітап жобасы аясында жатақхана тәрбиеленушілеріне арналған дөңгелек үстел.
- «Оқуға ұмтыл да, еркін сөйле» READ x & TED x атты мұғалімдерге арналған дөңгелек үстел.

## 9. Көшбасшылық

- Мектеп Президентін сайлау.
- «Бірге билейік» көңілді кеші.
- БИЛ мектебімен волейболдан жолдастық кездесу.
- Қайырымдылық кино кеші.
- Блогер, жастар мотиваторы Есен Танкеновпен кездесу.
- БИЛ мектебімен Баскетболдан жолдастық кездесу
- Ментор-менти жобасы
- «Эколидер» клубымен бірге Экофест
- Тартыл Фест
- «Тәуелсіз елдің – ұрпағымыз» атты кеш
- «Менің жауапкершілігім-менің болашағым» облыстық жас көшбасшылар форумы.
- Brain battle (7-сыныптар мен мұғалімдер арасында)

- Жайдарман сайысы
- AntiBackPack day
- Директор кубогы
- Караоке-батл.
- Қоңырауларда Ламбада
- Қазақи бас киімдер күні
- 8-9 сыныптар арасында Брейн Батл
- Көктемгі балл
- Киберспорт Бравл Старс
- Экокеруен
- Кениядағы Mpesa Foundation академиясының өзін-өзі басқару мүшелерімен онлайн кездесу
- Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің мүшелерімен кездесу
- «Жыл оқушысы» жобасы

#### 10. «Қоғамға қызмет» жобасы

- WORLD SCHOLS TEAM CHAMPIONATION 2023 3-7 тамыз аралығында Ақтау қаласында өткен FIDE командалық әлем чемпионатын өткізуге еріктілерді дайындау.
- Дүниежүзілік тазалық күніне орай зкосенбілік.
- Мұғалімдер күніне орай «Мейірім өскіні» ұйымының еріктілері ұстаздарға ізгі тілектер мен алғыстарын жеткізу мақсатында арнайы ашықхаттар мен тәттілерілер дайындап құттықтады.
- «Мейірімділік жүректен» атты қайырылымдық жәрмеңкесі өткізілді.
- «Мейірім өскіні» ұйымына жаңа еріктілер қатарына оқушылар қабылдап, ұйым еріктілерін жақындастыру мақсатында ұйымшылдыққа шақыру және түрлі дағдыларын жетілдіру мақсатында тимбилдинг шарасы өткізілді.
- Қоғамға қызмет жобасы аясында «Мейірім өскіні» еріктілері, жетекшісі және мектебіміздің педагог-организатор кураторлары №2 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының қарияларына арналған "Мына әлем қандай керемет" атты шеберлік сағатын өткізді.
- Көмекке мұқтаж жандарға қаржылай көмек ретінде тапсырылатын пластикалық қақпақтар жинау қайырымдылық акциясы өткізілді.
- «Жүрегім жомарт» акциясы өткізілді, жағдайы төмен 3 отбасы азық-түліктермен қамтамасыз етілді.
- «Отбасылық үлгідегі балалар ауылымен» өзара ынтымақтастық және серіктестік орнату мақсатында «Ынтымақ түбі - игілік» атты кездесу кеші ұйымдастырылды. Отбасылық үлгідегі балалар ауылымен өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылды, тәрбиеленушілерге шеберлік сағаты өткізілді.

#### 11. «Даналық Бейсенбі» жобасы

- Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы директоры Хамзат Сұлтановпен кездесу
- «АЛАҚАН» орталығының басшысы Гаухар Шахатова және қыш шебері Аружан Ахметова 9А сыныбына шеберлік сағатын жүргізді.
  - Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов қонақта болды.
  - «AR» дәстүрлі садақ ату орталығының жаттықтырушысы, педагог Рима Атабаева ақпараттармен бөлісіп, садақ атудан шеберлік сағатын өткізді.
  - Біріккен Ұлттар Ұйымының халық қорының басшысы Ронни Линдстром қонақта болды.

- Экология сарапшылары Әділбек Қозыбақов, Бакытгүл Жақсылықова қонақта.
- Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» Орденінің иегері Еркебұлан Дайыров қонақта болды.
- Қоғам белсендісі Мағдатов Наурызбек Серікұлымен кездесу.
- Халықаралық орнитолог мамандармен кездесу.
- Көкшетау қаласының төтенше жағдайлар академиясының өкілдерімен кездесу.

## 12. MUN клубы жұмысы

MUNNISA клубы ұйымдастырған шаңырақтар арасында өткен әлемдік жаһандану бағытында өткен шаңырақ бұрыштарын өздеріне берілген елге сәйкес безендіру фестивалі;

- Біріккен Ұлттар ұйымының ұйымдастыруымен өткен "Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік" тақырыбы аясында шаңырақтар арасында өткен постерлер конкурсы
- MUN конференция «Inception. New Era with AI (Artificial Intelligence)»

## 13. «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобасы

7 сыныптар арасында "Полиглот" мақал-мәтел сайысы.

- 7-сыныптар арасында "Ділмар зияткер" зияткерлік ойыны
- «BE FAST» мақал-мәтел бойынша репортаж видео

### Қорытынды:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бекітілген әлеуметтік жобалардың барлығы жоғары деңгейде жүргізіліп келеді.
- Мектепте дәстүрге айналған бірқатар авторлық жобалары бар.
- Әлеуметтік жобалар координаторларын 2024-2025 оқу жылында ауыстыру қажеттілігі туындап отыр.
- Әдістемелік бірлестіктер біртіндеп кейбір әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді.

### Әлеуметтік жобалар бойынша SWOT анализ

#### Мықты тұстары:

- Оқушылар әлеуметтік жобаларға қызығушылықпен қатысады.
- Әлеуметтік жобалардан туындаған авторлық жобалар саны артып келеді.
- Кейбір жобалар бойынша жоғары деңгейдегі шаралар өткізіліп жүр.
- Ата-аналар әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуына көмектеседі

#### Әлсіз тұстар:

- Кейбір координаторлардың жаңашылдық әкелмеуі.
- Креативтілік пен сыни ойлау дағдыларды дамытатын шаралардың аз болуы

#### Мүмкіндіктер:

- Әлеуметтік жобалар тәрбие құралы болғандықтан пән мұғалімдерін көбірек жұмылдыру
- Сыртқы ұйымдармен жұмыс жүргізу
- Серіктес мектептерге тәрбиенің әлеуметтік жобаларын ендіру

#### Қауіп-қатер:

- Кейбір координаторлардың шараларға тыңғылықты дайындалмауы
- Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескермеу
- Шаралардың жиі өткізілуі

### 3.5.3. ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

7-8 сынып оқушыларына арналған «Ата-ана жұмысындағы 1 күн» әлеуметтік жобасы қатысатын оқушылардың жалпы саны 312. «Ата-ана жұмысындағы 1 күн» әлеуметтік тәжірибесі 3 маусым 2024 жылы өтті. Әлеуметтік тәжірибеден өту есептерін әр оқушы өз кураторына тапсырады. Кейін электронды нұсқада жинақ болып шығады.

«Кәсіпорындардағы жазғы тәжірибе» әлеуметтік жобасына 10-11 сынып оқушылары қатысып, кәсіби бағдар алып, зерттеушілік әлеуетін дамытады. Ал жоба бойынша нәтижелерді жинастыру шілде айының соңында аяқталады.

«Апталық ауыл өмірімен танысу» әлеуметтік жобасына 9 сынып оқушылары қатысып, ауыл тіршілігімен танысып, ұлттық салт-дәстүр элементтерімен танысады. Жоба бойынша жұмыс әлі де жүргізілуде. Жобаның қорытындысы тамыз айларында жиналыстырылып, эссерлер жинағы ретінде шығару жоспарлануда.

### **Әлеуметтік тәжірибелерді ұйымдастыру бойынша SWOT анализ**

#### **Мықты тұстары:**

- *Ата-аналар өз балаларының кәсіби бағдар алуына көңіл бөледі*
- *Оқушылар ауыл өміріне жақын болады*
- *Әлеуметтік саланың әр өкілінің қызметін және қоғам үшін маңыздылығын түсінеді*

#### **Әлсіз тұстар:**

- *«Екі апта ауылда» тәжірибесін сәтті жүзеге асыру үшін кейбір оқушылардың ауылда туысқандарының болмауы*
- *Алдыңғы оқу жылдарында жазғы әлеуметтік тәжірибелердің жүзеге асырылуының анализінің жүргізілмеуі*

#### **Мүмкіндіктер:**

- *Белсенді ата-аналардың болуы*
- *Ауылда туысқандары жоқ балалар, ауылда тұратын сыныптасының үйінде болуы*
- *Жергілікті БАҚ тығыз жұмыс жасап, Маңғыстау облысы бойынша жазғы әлеуметтік тәжірибелер бойынша эфирлер жасау*

#### **Қауіп-қатер:**

- *Кейбір оқушылардың ауылға немесе ата-ана жұмысна әдейі бармауы*
- *Бұрыннан бері қалптасқан ереже бойынша тек 10 оқушының тәжірибе бойынша жұмыстары НЗМ Тәрбие департаментіне жіберілуі.*

## **3.6. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ЖӘНЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ**

### **3.6.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ**

2023-2024 оқу жылында мектеп оқушыларының қауіпсіздігі мектеп директорының бұйрығымен бекітілген тұрақты мүшелерінің қатысуымен жүзеге асырылды.

Мектепшілік қауіпсіздік қызметінің мүшелері:

1. *Мурзабеков А. Б. - директордың орынбасары*
2. *Куандыков Н. А. - директордың орынбасары*
3. *Куандыкова Д.А. - заңгер*

4. Сарсенова С. Е. - жатақхана меңгерушісі
5. Mohamed Fatthi G. E. - химия пәні мұғалімі
6. Маскарова Т. О. -аға педагог-психолог
7. Арыстанова Б. А. - психолог
8. Рахметова А. С. -дәрігер
9. Туремуратова Г. С.- мейірбеке
10. Есенгазина Л. Т. - аға педагог-ұйымдастырушы-куратор
11. Муратов А. М. педагог-ұйымдастырушы-куратор
12. Ұзақбай И.Ж. - тарих пәні мұғалімі
13. Ерболат С. Е. - химия пәні мұғалімі
14. Бимағамбет Г. М. - қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау инженері
15. Наженова Б.Х. – педагог-психолог.
16. Утемисов Н.Т. – АӘД пәні мұғалімі.
17. Наргозиева Р.Б. – тәрбиеші

МҚҚ алғашқы отырысында 2023-2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіліп, қызмет мүшелерін арасында жауапкершілік бөлінді.

Қыркүйек айының екінші аптасында барлық сыныптарға МҚҚ мүшелерінің аты-жөндері, байланыс телефондары таныстырылды. Сонымен қатар қандай жағдайда МҚҚ мүшелеріне жолығуға болатындығы айтылды.

2023 жылдың 24 қазанында мектеп ұжымына МҚҚ мүшелері ««Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Оқушыларын қорғау саясаты және оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету» курсы оқытып, курс бойынша алған білімдерін тексеріп, арнайы сертификатпен марапаттады.

МҚҚ кезекті жиналысында мектеп қонақтарына арналған жадынама жасау қажеттілігі туындады. МҚҚ Төрағасы арнайы жадынаманы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Оқушыларын қорғау саясаты» құжатын негізге ала отырып жасап (қызық және орыс тілдерін), мектептің күзет қызметіне 10 данасын тапсырды.

2023 қыркүйек айында мектеп қауымдастығына арнап «Оқушы өміріне қауіп төнген кездегі іс-қимыл әрекеттерінің алгоритмі» және «Оқушыға жасалған зорлық-зомбылық әрекеттерін білген жағдайда жасалатын жұмыс алгоритмі» outlook.com почтасы арқылы таратылды.

2024 жылдың қаңтарында мектептің техникалық қызметкерлеріне оқушылардың әл-ауқаты бойынша арнайы семинар-тренинг өткізіліп, сертификаттар табысталды.

2024 жылдың ақпанында барлық педагог-ұйымдастырушы кураторлар МҚҚ мүшелерінің ұсынысымен «Буллингті анықтау және оның алдын алу» кураторлық сабақтарын өткізу. Оқушылар өзара қолдау сөздерін үйреніп, басқа оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне қысым көрсетпеу қажет екендігін түсінді.

2024 жылдың ақпанында Финляндияның Турку университеті өткізген «Insights on school and online bullying» вебинарына МҚҚ мүшелері қатысып, буллингтің алдын алу бойынша көптеген стратегияларды игерді. Сонымен қатар мектеп директорының орынбасары Мурзабеков А.Б., аға педагог-куратор Л.Т.Есенгазина, психолог Б.А.Арыстанова және педагог-куратор И.Б.Анесова «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету департаментінің ұйымдастыруымен өткен «KiVa буллингке қарсы бағдарламасының аймақтық тренері (2 деңгей)» курсына қатысып, сәтті аяқтады. Аймақтық тренерлер мектеп қауымдастығына буллингтің алдын-алу бойынша

оқыту семинарларын өткізеді және жетекші мектептерден тренерлерді дайындайды.

Оқу жылының басында жаңадан қабылданған 7 сыныпта буллинг болуы қауіп анықталып, МҚК кезектен тыс отырысында қаралды. Буллингке ұшыраған оқушының ата-анасымен кездесіп, мән-жай толық түсіндірілді. Оқушының бойындағы физиологиялық ерекшеліктерді басқа сыныптастары қабылдай алмай, оның ашуына тиетін іс-әрекеттер жасаған. Буллинг жасаушы оқушымен заңды өкілінің қатысуында әңгіме жүргізілді. Кейін мектептің тәртіптік кеңесінің отырысы өткізілді. Ал 9 сыныпта орын алуы мүмкін болған буллинг белгілері бар іс-әрекеттер дәлелденбеді. Себебі бұл іс-әрекеттер «буллингке ұшырауы мүмкін» оқушының ата-анасының тарапынан болған гиперқорғаншылық ретінде бағаланды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрағасы А.Жангозинның арнайы тапсырмасымен мектептерде құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша айлық жүргізу жоспарланды. Айлық барысында оқушылар параллельдар бойынша полиция департаменті және медицина саласыны қызметкерлерімен кездесті. Өз сұрақтарын қойып, полицияның есебіне не үшін қойылатындығы туралы оймен бөлісті. Сонымен қатар «Мұғалім мәртебесі» туралы Заңмен таныстырылып, өзгелерге буллинг жасау қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы туралы айтылды.

2024 жылдың наурыз айында мектеп ұжымына «НЗМ оқушыларының Ішкі тәртіп Ережелері» тақырыбында семинар өткізілді. Семинар барысында тәртіп ережелер бұзылуы орын алған бейнеролк көрсетіліп, талдау жасалды. Мұғалімдерге нақты кейстары бар проблемалық ситуациялар беріліп, оларды шешу ұсынылды. Ішкі тәртіп ережелерін жыл сайын қайталап, орталық аппаратқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырады.

Оқу жылының басында және екі жартыжылдығында МҚК мүшелері барлық сынып оқушыларынан қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға және ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша екі түрлі сауалнамалар алынып отырылды. Сауалнама қортындысы бойынша мектеп бойынша психологиялық климат жақсы екенін көрсетті.

МҚК жылдық жоспарына сәйкес химия, биология, физика пәндерінен техника қауіпсіздік ережелері журналдарын тексеру Салават Е. және Мистер Мохамедке тапсырылды. Сонымен қатар сабақтарды бақылау кезінде оқушылар мен ұстаздардың техника қауіпсіздік ережесін ұстануы бақыланып, өзара талқыланды. Әдістемелік бірлестік жетекшілерімен кездесу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы айтылды.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің арнайы хатына сәйкес 12 сынып оқушылары және ата-аналарымен «Соңғы қоңырау кезіндегі сақтық шаралары» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Аталған мәселе бойынша Маңғыстау облысында жағдайларды ескеріп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б. Мурзабеков ата-аналарға толыққанды түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың қандай да бір жарыстарға қатысуға және экскурсияларға бару алдында міндетті түрде инструктаж жүргізіп, арнайы журналға қол қойдырып алады.

**3.6.2. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** (Маскарова Т.О., Наженова Б.Х., Арыстанова Б.А.)

Жүргізілген негізгі жұмыстар:

1. Жаңадан қабылданған 7 сынып оқушылары үшін 2023 жылдың 28-31 тамызы аралығында «Менің сүйікті сыныбым» тақырыбында тренингтер жүйесін өткізді.
2. 7 сыныптарға арналған «Тұлғалық даму. Өзіңмен болу және басқалармен өмір сүру» элективті курсы оқушылардың зор бағасын алды. Себебі бұл курс арқылы әр оқушы өзін бағалап үйреніп, басқаларға құрметпен қарауды үйренді. Элективті курс аптасына 1 рет өткізілді. Сонымен қатар 7 сынып оқушыларына психологиялық диагностикалық тесттер алынды.
3. 7 сынып оқушыларына арналған «Берік отбасы» курсы өткізу. Курстың негізгі мақсаты жасөспірімдер мен ата-аналары арасындағы байланысты нығайту және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.
4. Аға педагог психолог Маскарова Т.О. «Буллингтың алдын алу» кураторлық сабақтарына контент дайындауға әдістемелік көрсетіп, тиімді әдістерді ұсынды.
5. 8 сынып ата-аналарына арналған «Профилактика аутодеструктивного поведения подростков» семинар-практикумы өткізілді. Ол үшін алдымен график құрылып, әр сыныппен жеке-жеке жұмыстар жүргізілді.
6. Кейс-менеджмент және ПМПК жұмыс мектеп бойынша үйлестіреді.
7. 8 сынып оқушыларына 5 сабақтан тұратын «Өз көңіл-күйіне әсер ет» бағдарламасын жүргізді.
8. Мектепке жаңадан қабылданған мұғалімдерге арнап «Программа профилактики деструктивного поведения подростков в школе» атты семинар өткізілді. Бұл сабақтан арқылы жас мамандар сабақты жоспарлау кезінде неге назар аудару қажет екендігін үйренді. Ал кураторлар мен тәрбиешілерге арналған «Суицидтың алдын-алу» сабақтары өткізілді.
9. Психологиялық қызмет мектеп мұғалімдері, оқушылар және ата-аналар арасында әл-ауқатын бағалауға бағытталған скрининг өткізді.
10. 10-12 сынып оқушыларының емтихан алдындағы қорқыныштарын сейілту үшін психологтар әр сыныпқа әртүрлі тренингтар ұйымдастырды. Соның нәтижесінде оқушыларда емтихан кезінде еш қорқыныш болмады.
11. Сонымен қатар емтихан тапсыратын сыныптардың ата-аналарына арналған арт терапия сабақтары ұйымдастырылды.
12. 10 сыныптарға арналған «ашуды қалай жеңуге болады?», 11 сыныптарға арналған «Болашағыңды басқар», 12 сыныптарға арналған «Жетістік психотехнологиясы» тақырыптарында арнайы сабақтар жиынтықтары өткізілді.
13. Әкелер форумында мектеп психологтары «Ұл тәрбиелеудегі әкенің ролі» және «Қыз тәрбиелеудегі әкенің ролі» семинарларын жүргізіп, әкелерге үлкен ой тастады.
14. Мектеп дәстүрі болып табылатын NIS FEST шарасында мектеп психологтарына арнайы локация беріліп, қатысушыларға ауқымды арт терапия жасалды.
15. Кәмелеттік жасқа толмағандармен жұмыс жасау полиция қызметкерлерімен бірігіп, «Заң және біз» тақырыбында кездесу кешін ұйымдастырды.
16. 9-11 сынып қыз балаларына арналған «Ерте жыныстық қатынасқа түсу», «Түсік жасату» сияқты тақырыптарды түсіндіру үшін медицина қызметкерімен арнайы кездесу кешін ұйымдастырды.
17. Жетекші мектептердің психологтары және сынып жетекшілеріне арналған семинарлар мен тренингтер уақытылы жүргізіліп тұрады.

18. Барлық психолог мамандар зерттеуге жұмылдырылған.

2023-2024 оқу жылындағы Оқушылар әл-ауқатын қамтамасыз ету SWOT анализі

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Психологиялық қызметтің барлық элективті курстар мен бағдарламаларды мектепте жүзеге асыруы</li> <li>• Суицид және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс</li> <li>• Диагностикалық тесттер мен сауаланамаларды уақытылы жүргізу</li> <li>• Жетекші мектептермен тығыз жұмыс жүргізу</li> <li>• Оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу</li> <li>• Мектептің қауіпсіздік қызметінің жұмыс жүргізуі</li> <li>• Аймақтық KiVa тренерлерінің болуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жас психолог мамандардың тәжірибесінің аздығы</li> <li>• Мұғалімдер, кураторлар мен профориентатордың оқушыларға кәсіптік бағдар беруі үшін ортақ стандарттарының болмауы</li> <li>• Кейс-менеджмент бойынша жүйелі жұмыс</li> <li>• Кейбір мұғалімдер мен кураторлардың жасөспірім психологиясы және физиологиясы білімдерінің жеткілікті деңгейде болмауы</li> </ul>
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Заманауи мәселелерге қатысты мектеп қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруы</li> <li>• Тәжірибе алмасу</li> <li>• Өзін-өзі оқыту</li> <li>• Әр проблеманы зерттеу арқылы шешу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кейс-менеджмент инструменттерін дұрыс қолданбау</li> <li>• Оқушыларда кәсіптік бағдар бойынша проблемалар бар</li> </ul>

### **3.7. КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ**

2023-2024 оқу жылында жоспарға сәйкес сәйкес 8–11 сыныптарында сабақты бақылау сағаттары өткізілді. «Кәсіби бағдарға кіріспе», «Схема – мен қалаймын – маған қажет», «Халықаралық тіл емтихандары», «Халықаралық қабылдау емтихандары», «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсу», «Шетел университеттеріне қабылдау», «Мотивациялық хат: идея және құрылым», «Рекомендациялық хат» тақырыптарына сәйкес талқылау, дискуссия сағаттары өткізілді.

2023-2024 жылының аралығында отандық және шетелдік университеттермен кездесулер және вебинарлар өткізілді: ҚБТУ, Назарбаев Университеті, Астана ІТ Университеті, Алматы Менеджмент Университеті, КАЗГЮУ, КИМЭП, Халықаралық бизнес университеті, СДУ, Гонконг политехникалық университеті, Гонконг баптист университеті, Гонконгтағы қалалық университет, KAIST, Дьюк Кушан университеті, KUAS, Калгари университеті, Джеймс Кук университеті, Түркия Бурслари, Кентербери Крист Черч университеті, Минерва университеті, Пусан Ұлттық университеті, Киото алдыңғы қатарлы ғылым университеті, ТМД халықаралық білім көрмелері, Италияда оқу және т.б.

Халықаралық қабылдау емтихандары ұйымдастырылды: кесте бойынша NUET, SAT, IELTS. Teams платформасында жеке консультациялар өткізілді.

12 сынып оқушыларына commonapp толтыру, университетке өтініш толтыруға көмектесу, ұсыныс хаттар жазу, құжаттар пакетін дайындау, университет сайттарына тіркелуге көмектесу, табель және басқа құжаттарды ағылшын тіліне аудару, қабылдау туралы акт жасау, түлектерді мемлекеттік, халықаралық, ректор және басқа гранттар туралы ақпараттандыру, құжаттарды тапсыруға жәрдемдесу жүзеге асырылды.



Түлектердің жоғары оқу орын өкілдерімен сұхбатына дайындық өткізілді.

Оқушылардың заңды өкілдерімен жұмыс, алдын ала жазылу бойынша жеке консультациялар форматында өткізілді (Teams қосымшасы, телефон қоңыраулары, офлайн кездесулер).

11-сынып оқушыларын Америкадағы жоғары оқу орындарына түсуге дайындау үшін USA Education компаниясымен бірлесіп жазғы лагерь ұйымдастырылды.

## **БӨЛІМ 4. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ**

### **4.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ**

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясатына сәйкес 7-12 сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне 2 рет мониторинг жүргізілді.

Бірінші мониторинг 2023 жылдың 2-13 қазаны аралығында өтті:

1) 2023 жылдың 2-6 қазаны аралығында 7-12 сыныптарда математика пәні және 7 сыныптарда «Кеңістікте ойлау бойынша;

2) 2023 жылдың 9-13 қазаны аралығында 7 сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)/Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша.

Екінші мониторинг 2024 жылдың 23-27 қаңтары аралығында өтті:

1) 2024 жылдың 15-19 қаңтары аралығында 7-10 сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)/Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша;

2) 2024 жылдың 22-25 қаңтары аралығында 7-11 сыныптарда «Математика» пәні бойынша.

Мониторинг нәтижелері бойынша әрбір пән бойынша үздіктер анықталды.

### **4.2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының 15.08.2019 ж. шешімімен бекітілген (хаттама №37) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау саясатына сәйкес 2023 жылдың 21 қарашасы күні 2009 жылы туған 8-9 сынып оқушыларының, 2024 жылдың 9 сәуірі күні 2010 жылы туған 7-8 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау бойынша байқау тестілеулері онлайн-платформада өткізілді.

2009 жылы туған оқушылар саны – 134, олардың ішінде 8-сыныптың оқушылары – 81, 9 сыныптар – 533. Барлық оқушының 91-і қазақ сынбының оқушылары, 43-і орыс тілді сыныптарда оқиды.

Байқау тестісінің нәтижелері көрсеткендей 2009 жылы туылғандардың математикалық сауаттылық деңгейі желілік көрсеткіштен 3,6-ға жоғары: орта ұпай – 39,5 (желілік 35,9), жаратылыстану сауаттылық деңгейі 2,3-ке төмен: орта ұпай – 46,9 (желілік 49,2), оқу сауаттылығының деңгейі 6,3-ке жоғары: орта ұпай – 54,5 (желілік 48,2).

2010 жылы туылғандардың математикалық сауаттылық деңгейі желілік көрсеткішке сәйкес: орта ұпай – 37,5 (желілік 37,7), жаратылыстану сауаттылық деңгейі желілік көрсеткіштен 1,8-ге артық: орта ұпай – 62,3 (желілік 60,5), оқу сауаттылығының деңгейі желілік көрсеткіштен 2-ге артық: орта ұпай – 39,9 (желілік 37,9).

### **4.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІ**

2023-2024 оқу жылында 12 сынып оқушылары соңғы рет НЗМ-нің ұйымдастыруымен қазан айында халықаралық IELTS емтиханын тапсырды. 12-сыныптың 89 оқушысының 6-уы (6,7%) 8.0 деңгейін, 24-і (27%) 7.5 деңгейін, 25-і (28,1%) 7.0 деңгейін дәлелдеп шықты. Мектептің орта нәтижесі – 7.0 болды.

2015 жылдан бері Ақтау қаласындағы НЗМ халықаралық SAT емтиханын тапсыру орталығы болып табылады. 2023-2024 оқу жылында 4 рет SAT емтиханы ұйымдастырылды. Оған Жазастаннан және басқа да шетелдерден 100-ден аса оқушы қатысты. Мектептен қатысушылардың орташа нәтижесі 1433 (1600-ден) болды.

#### **4.4. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ**

2023-2024 оқу жылының алдын ала қорытындысы бойынша Ақтау қаласындағы химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 89 түлегі келесі оқу орындарының 49 грантын жеңіп алды:

- 1) City University in Hong Kong – 2 грант
- 2) De Montfort University Kazakhstan – 1 грант
- 3) Franklin University Switzerland – 1 грант
- 4) Hong Kong University of Science and Technologies – 1 грант
- 5) Xiamen University – 4 грант
- 6) Budapest University of Technology and Economics – 7 грант
- 7) Kadir Has University – 1 грант
- 8) Semmelweis University – 2 грант
- 9) Corvinus University of Budapest – 3 грант
- 10) University of Pecs – 1 грант
- 11) Brno University of Technology – 1 грант
- 12) Obuda University – 1 грант
- 13) CIV Valbonne – 1 грант
- 14) Luiss Guido Carli University – 1 грант
- 15) Sapienza University – 1 грант
- 16) Nazarbayev University – 21 грант

Алдын ала мәліметтер бойынша, студенттердің басым бөлігі шартты гранттар бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ 50% және 85% жеңілдіктерге ие болды.

Ақпарат 2024 жылдың тамыз айында шетелдік университеттерге гранттар және Қазақстандағы жоғары оқу орындарына мемлекеттік гранттар бойынша барлық ұсыныстар түскен кезде жаңартылады.

#### **4.5. МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ**

2023-2024 оқу жылы барысында жүргізілетін мектепшілік бақылаудың іс-шаралар жоспары «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқарма отырысының 2023 жылдың 17 тамызындағы №39 хаттамасының шешімімен бекітілген «Білім беру қызметімен айналысатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарында мектепшілік бақылау туралы типтік ережесіне» (одан әрі – Ереже) сәйкес жасақталып, бекітілген. Типтік Ережеге сәйкес мектепшілік бақылау жоспарында пәндерді оқыту жағдайы, оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының жағдайы, олимпиадалық резев мектебі мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, сыртқы жиынтық бағалауға дайындық барысы, кадрлармен жұмыс, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарының жүзеге

асырылуы, мектеп асханасының жұмысы, білім беру жағдайын ұйымдастыру деңгейі, мектеп құжаттарының (соның ішінде электронды) жүргізілу жағдайы қамтылды.

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы төмен болған география, математика, информатика, қазақ тілі пәндерінің берілісін бақылау басты назарда болды.

Бекітілген жоспарға сәйкес оқу жылы барысында жүргізілген мектепшілік бақылау:

- 2023 жылдың 11-22 қыргүйегі аралығында 11,12 сыныптардағы география пәнінің берілісі;
- 2023 жылдың 25 қыргүйегі мен 13 қазаны аралығында 10,11,12 сыныптардағы математика пәнінің берілісі;
- 2023 жылдың 7-17 қарашасы аралығында 7-12 сыныптарда химия пәнінің берілісі;
- 2023 жылдың 10-14 қазаны аралығында 7 сыныптардағы математика пәнінің берілісі;
- 2023 жылдың 20-30 қарашасы аралығында қазақ тілі пәнінің берілісі;
- 2024 жылдың 22 қаңтары мен 2 ақпаны аралығында 7-9 сыныптарда жаратылыстану бағытындағы пәндердің берілісі;
- 2024 жылдың 5-16 ақпаны аралығында 10,11,12 сыныптардағы орыс тілі пәнінің берілісі.

Бақылау барысында мұғалімдердің 200-ден аса сабақтары талданып, кері байланыс берілді. Әрбір бақылаудан кейін пән мұғалімдерінің, психологтар мен кураторлардың қатысуымен директор жанындағы кеңес өткізіліп отырды. Сабақтарды бақылау бойынша құрылған жұмыс тобы мүшелері мұғалімдердің сабақтарында жоспарлау, мақсатқа сәйкес тапсырмалар беру, кері байланыс беру, оқушылардың шығармашылығын арттыру бағыттарының жолға қойылғанын айтты. Сонымен қатар, математика пәні мұғалімдеріне жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану, формативті бағалауды жүргізу, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму траекториясын құру, биология пәні мұғалімдеріне оқушыларды саралап оқыту әдістерін қолдану, белсенді әдістәсілдердің тиімділігін арттыру, кері байланыс беру формаларын түрлендіру, информатика пәні мұғалімдеріне оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту сияқты ұсыныстар берілді.

Мектепшілік бақылау аясында 10,11,12 сынып оқушыларының сыртқы емтихандарға және IELTS-қа дайындық барысы, сынақ емтихандарының қорытындысы, мониторинг нәтижелері, әрбір тоқсанда тапсырылған ТЖБ-дың тапсырмаларын орындау деңгейлері, оқушылардың және педагог кадрлардың жеке іс-қағаздарының толтырылуы, электрондық журналдың, педагогтардың электронды профильдерінің уақтылы толтырылуы бақыланып отырды.

#### **4.6. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ МЕН БІЛІМ САПАСЫ**

2023-2024 оқу жылында сыртқы емтихандардың нәтижелерін есептемегенде жылдық үлгерім – 100%, білім сапасы – 88,4% құрады (2022-2023 - 85,8%). Бұл нәтиже өткен оқу жылымен салыстырғанда 2,6%-ға жоғары. Оқу жылы барысында білім сапасында біршама өсім байқалды: 1тоқсанда – 58,4 (2023 - 49,9), 2 тоқсанда – 72,1 (2023 - 71,3), 3 тоқсанда – 71,4 (2023 - 69,4), 4 тоқсанда – 67,1 (2023 -74).


2023-2024 оқу жылының қорытындысы

Класс	Оқу тілі	Оқушы саны	үздік	жақсы	қанағат	Білім сапасы				
						жылдық	4 тоқс	3 тоқс	2 тоқс	1 тоқс
7	каз	110	9	83	18	82,7	60,9	66,4	79,5	54,2
7	рус	56		47	9	83,9	50	57,7	64,3	47,6
8	каз	97	14	77	6	93,8	74,2	75,7	78,0	59,2
8	рус	48	8	32	8	83,3	62,5	66,7	69,6	55,1
9	каз	97	16	71	10	89,7	69,1	70,7	68,4	64,6
9	рус	42	4	29	9	78,6	38,1	50	39,5	46,5
10	каз	92	17	67	8	91,3	72,8	70,3	67,7	54,8
10	рус	42	4	32	5	85,7	76,2	63,9	64,1	43,9
11	каз	89	13	69	7	92,1	57,3	75,6	81,8	68,9
11	рус	35	4	27	4	88,6	62,9	67,6	77,1	51,4
12	каз	74	23	46	5	93,2	83,8	80	83,3	74
12	рус	15	1	11	3	80	66,7	73,3	66,7	53,3
<b>Жалпы</b>		<b>796</b>	<b>113</b>	<b>591</b>	<b>92</b>	<b>88,4</b>	<b>67,1</b>	<b>71,4</b>	<b>72,1</b>	<b>58,4</b>

Жылдық қорытынды бойынша ең жоғары көрсеткіш 8,10,11,12 қазақ сыныптары – 91-94%.


Төрт тоқсандағы деректерді талдау Зияткерлік мектеп оқушыларының білім сапасы көрсеткіштерінің өсу үрдісінің оң нәтижесін көрсетеді (оқу жылының соңына қарай 30%-ға). Талдаулар көрсеткендей, жыл сайын 1-тоқсанда білім сапасы өте төмен, ал 4-тоқсан мен жылдық қорытынды біршама жоғары. Соңғы үш жылда білім сапасының біртіндеп тұрақты көтеріліп келе жатқаны байқалады.

Соңғы 5 жылдағы тоқсандық және жылдық білім сапасының көрсеткіштері





Соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша 8,10,11,12 сыныптардың барлығында өткен жылдармен салыстырғанда 3-9% аралығында өсім байқалады.

Сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіштері



Негізгі және жоғары мектеп оқушыларының білім сапасында жалпы алғанда айырмашылық аз немесе бірдей (2021-22 о.ж. – 81,8% - 84,6%, 2022-23 о.ж. - 85,8%, 2023-2024 о.ж. – 87,2% - 91,1%), ал оқыту тілі бойынша алшақтық байқалады. Қазақ тілді сыныптарда негізгі мектепте білім сапасы 2021-22 о.ж. - 87,2%, 2022-23 о.ж. - 90,7%, 2023-2024 о.ж. – 89,1%, ал жоғары мектепте сәйкесінше 85,2%, 89,2%, 92,6%. 2022-2023 оқу жылында негізгі мектепте орыс тілді сыныптардағы білім сапасы қазақ тілді сыныптарға қарағанда 15-18%-ға, жоғары мектепте 14%-ға төмен болған, ал 2023-2024 оқу жылында орыс сыныптарындағы білім сапасының жоғарылағаны байқалады: айырмашылық 6% құрап отыр. Жан-жақты талдаулар орыс сыныптарындағы қазақ тілі, Қазақстан тарихы, география пәндерінен сапаның төмен екендігін көрсетті.





2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша 7,8,9 сыныптардың 51 оқушысы оқу жылын барлық пәндерден «үздік» аяқтап, «Мақтау қағазымен» марапатталды. 12-сыныптардың ішінде 3 (100%) оқушы «Алтын белгі», 8 (80%) оқушы үздік аттестат иегері атанса, 10 сыныптардың 12 (92,3%) оқушысы негізгі мектепті үздік аттестатпен аяқтады. Үлгермеуіне байланысты мектептен шығарылған оқушы жоқ. Басқа мектепке ауысуына байланысты 9-сыныптың 4 оқушысы мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтіп, негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат алды.

## 4.7. СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

### 4.7.1 12-СЫНЫПТАРДАҒЫ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ

2023-2024 оқу жылының соңында мамыр айының 2-17-сі аралығында **12 сынып оқушылары сыртқы бағалау емтихандарын тапсырды.**

Қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы, физика пәндерінен соңғы үш жылда «2» алған оқушы жоқ, үлгерім 100%.


2021-2022 оқу жылында мектеп бойынша 17 оқушы әтүрлі пәндерден «2» алған (үлгерім 86,1%): география пәнінен 4 оқушы, биологиядан 7 оқушы, химиядан 3 оқушы, математикадан (қазақша) 10 оқушы.

2022-2023 оқу жылында 8 оқушы «2» алған (үлгерім 88,1%): информатика пәнінен – 1 оқушы, географиядан – 1 оқушы, математика қазақ тілінде – 2 оқушы, орыс тілінде – 4 оқушы.

2023-2024 оқу жылында 10 оқушы «2» алған (үлгерім – 88,8%): математикадан (орысша) – 1 оқушы, математика (қазақша) – 3 оқушы, химиядан 3 оқушы, биологиядан 1 оқушы, информатикадан 2 оқушы.

Мектеп бойынша үш жылда үлгерім көрсеткіштері тұрақты өсім байқалады: 2021-2022 – 86,1%, 2022-2023 – 88,1%, 2023-2024 – 88,8%.

*Соңғы үш жылда сыртқы бағалаудағы пәндер бойынша үлгерім көрсеткіштері*




2023-2024 оқу жылында 12-сыныптардағы сыртқы бағалау нәтижесінде білім сапасы 44,9% құрады (49 оқушы «3» пен «2» алған). Бұл көрсеткіш өткен оқу жылымен салыстырғанда -2,9-ға кем.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі жақсарған пәндер: қазақ тілі Т1 +15,3, орыс тілі Я2 +5, Қазақстан тарихы +4, математика орыс тілінде +3,3, математика қазақ тілінде +7,2, информатика + 74 (2022-2023 оқу жылында тек қана үш пәннен жақсарған болатын: химия +16,7, биология +24,2, география +6,3).

2023-2024 оқу жылында білім сапасы төмендеген пәндер: физика -9,7 (2022-23те -8,8), химия -28,5, биология -27,5. География пәнінің білім сапасы өзгеріссіз, математика орыс тілді сыныптарда үш жылда тұрақты өсім байқалады, ал физика мен информатика пәндерінен тұрақты кему процесін көруге болады.

Білім сапасы ең жоғары пәндер – қазақ тілі Т1 – 91,9%, Қазақстан тарихы – 83,1%, ең төмен көрсеткіш информатика (52,9%) мен биология (56,7%) пәндерінен.


### Соңғы үш жылдағы пәндер бойынша білім сапасы



Мектепшілік және сыртқы бағалау арасындағы ең көп айырмашылық информатика пәнінен – 47,1 (2023-те - 54,5), биологиядан – 40 (2023-те -15,8), химиядан – 33,8 (2023-те – 8), математика қазақ тілді сыныптарда – 27 (2023-те – 30,7), физикадан – 23,5 (2023-те – 12,8), географиядан – 22,7 (2023-те – 22,7), орыс тілінен – 20 (2023-те -25) байқалады, ең аз айырмашылық – қазақ тілінен -8,1.


Талдау нәтижелері көрсеткендей, информатика, математика (орысша, қазақша), орыс тілі пәндерінен МБ мен СБ арасындағы айырмашылықтары 3-5 аралығында азайған, ал биология, химия, физика пәндерінен, керісінше, айырмашылық 12-25 аралығында артқан.

### МБ мен СБ арасындағы айырмашылық, 2024 жыл






### МБ мен СБ арасындағы айырмашылық, 2023 жыл



Мектеп бойынша білім сапасына талдаулар соңғы жылдардың қорытындысы бойынша МБ мен СБ арасындағы айырмашылықтың теріс өсімін көрсетеді: -26,1-ден -46,1-ге дейін.


### МБ мен СБ айырмашылықтары, 2021-2024



## 4.7.2 10-СЫНЫПТАРДАҒЫ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ

2023-2024 оқу жылының соңында мамыр айының 18-25-і аралығында **10 сынып оқушылары сыртқы бағалау емтихандарын тапсырды.**


### Пәндер бойынша үлгерім көрсеткіштері



Үлгерім көрсеткіші ең төмен пәндер – орыс тіліндегі химия – 92% - 1 оқушы «2» бағасын алып отыр, биология қазақ тілінде – 93 – 1 оқушы «2» алған. Аталған пәндерден үлгерім мектепшілік көрсеткіштен 4- 5%-ға төмен болып отыр.

Орыс сыныптарындағы математика пәнінен үлгерім өткен оқу жылымен салыстырғанда 6%-ға жоғарылаған. Ал химиядан 8%-ға, биологиядан 3%-ға кеміген, нәтижесінде мектеп бойынша үлгерім 2%-ға төмендеген.

### Пәндер бойынша білім сапасы



Қазақ тілі Т1 пәнінен білім сапасы 21%-ға, орыс сыныптарындағы математика 13%-ға, информатика 7%-ға жоғарылаған, қазақ тілі Т2 және орыс сыныптарындағы физика пәнінен өзгеріссіз 95% және 82%, ал қалған пәндерден білім сапасы 4%-дан 46%-ға дейін төмендеген (биология орыс сыныптарында -46%, химия қазақ сыныптарында -25%, биология қазақ сыныбында -18%, химия орыс сыныбында -11%). Нәтижесінде мектептің білім сапасы 83-тен 80-ға төмендеген.

2022-2024 жылдардағы білім сапасына салыстырмалы талдау

Пәндер	2021-2022	2022-2023	2023-2024	Айырмашылық
Қазақстан тарихы	92,4	93,1	85	-8
Қазақ тілі Т1	93,4	72,5	93	+20
Қазақ тілі Т2	93,8	94,9	95	0
Русский язык Я1	100	87,2	80	-7
Русский язык Я2	97,4	95,6	88	-8
Английский язык	87	93,8		
Математика қаз	42,1	72,2	67	-5
Математика рус	43,8	53,8	67	+13
Физика қаз	78,3	97,8	94	-4
Физика рус	25	81,8	85	-4
Информатика	72,7	71,4	78	+7
Химия қаз	100	100	75	-25
Химия рус	100	87,5	75	-13
Биология қаз	52,6	81,8	64	-18
Биология рус	0	85,7	40	-46
<b>мектеп бойынша</b>	<b>80,3</b>	<b>82,5</b>	<b>80,2</b>	<b>-3</b>


Өткен оқу жылымен салыстырғанда сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі жақсарған пәндер: қазақ тілі Т1 +20, орыс сыныптарындағы математика +13, информатика +7. Ең жоғары білім сапасын көрсеткен пәндер: қазақ тілі Т2 – 95%, қазақ сыныптарындағы физика - 94%, қазақ тілі Т1 – 93%.

Жалпы мектеп бойынша көрсеткіш -3%-ға төмендеген..


#### 4.7.3 11-СЫНЫПТАРДАҒЫ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ

2023-2024 оқу жылының соңында маусым айының 3-4-і күндері 11 сынып оқушылары қазақ және орыс тілі екінші тіл ретінде және ағылшын тілінен сыртқы бағалау емтиханын тапсырды.

2023-2024 оқу жылында орыс сыныптарындағы қазақ тілі Т2 бойынша білім сапасы – 91,4% (-8,6%), қазақ сыныптарындағы орыс тілінен Я2 – 9,3% (-1,2%) құрады. Соңғы 2 жылда қазақ және орыс тілдерінен 90-100% білім сапасы тұрақты. Ағылшын тілінен 11-сынып оқушылары бірінші рет сыртқы емтихан тапсырды және нәтиже 94,4%.



Сыныптар арасында 11С сыныбы орыс тілінен, 11Е сыныбы қазақ тілінен 100 сапа көрсеткен. Ең төменгі сапа 11D – 87,5%.



Өткен оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілінен А\*, А бағаларының саны артқан, сәйкесінше В,С саны азайып, Д бағасы жойылған.

Орыс тілі пәнінен А\*,А, В, С бағаларының саны артқан, Д-дің саны азайған, Е деген баға мүлдем жоқ.



#### 4.8 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАР, КОНКУРСТАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

2023 жылдың 2-7 шілде аралығында 9 сынып оқушысы Жакубов Санжар «Туймаада» халықаралық олимпиадасына химия пәнінен қатысып, 1 орын алды. Сондай-ақ, 12 сынып оқушысы Нұрланова Альмира 2023 жылдың 16-25 шілде аралығында Швейцарияда өткен «International Chemistry Olympiad 2023» алықаралық байқауына химия пәні бойынша ел атынан қатысып, күміс медаль иегері атанды.



9 сынып оқушысы Азамат Жолжан 2023 жылдың 11-12 желтоқсан аралығында Шанхай Ғылым және Ғылымдар Ассотациясының мүшесі елдер арасында өткізілетін информатикадан XV Еуразиялық олимпиаданың III орын иегері атанды



11 сынып оқушысы Дамир Нұрланов бірнеше халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанды. 2023 жылдың 20 қазанында өткен халықаралық геометриядан «Иран олимпиадасының» қола жүлдегері атанды. Жетекшісі – математика пәні мұғалімі Алмаз Кенжанов. 2024 жылдың 8-13 қаңтары аралығында Алматы қаласында өткен Жәутіков атындағы XX халықаралық олимпиадасына қатысып, күміс медаль иегері атанды. 2024 жылдың 11-13 наурыз аралығында Алматы қаласында өткен Азия Тынық мұхиты елдерінің халықаралық математикалық олимпиадасында алтын медаль иегері атанса (абсолют бірінші), «Жібек жолы» математикалық олимпиадасында қола медаль жеңіп алды.



### «Infomatrix-Asia» халықаралық IT жобалар байқауына 2023 жылдың 16-18 желтоқсан

№	Аты-жөні	Сыныбы	Орын	Жетекшілері
1	Әлия Мұрат	11	II	Ольга Качнова
2	Фариза Ғинулла	10	II	Лаура Бекешова
3	Жаншуақ Абжетова	10	II	Лаура Бекешова
4	Дильшат Ришаттың	11	III	Айгерім Бимағамбетова

### Ғылым жоба байқаулары

2024 жылдың 21 ақпанында Yessenov University ұйымдастырған «Жас зерттеуші және жаратылыстану ғылымдарының дамуы» атты зерттеу жобаларының II Республикалық конкурсы өтті. Байқауда Карима Букенбаева және Аружан Талғат үздік атанып, жүлделі III орын иегері атанды. Жетекшілері: биология пәні мұғалімі Аякоз Жетесова, тарих пәні мұғалімі Марзия

Жеткізгенова. Сонымен қатар, Әлішер Демеген жүлделі ІІ орын иегері атанды. Жетекшісі биология пәні мұғалімі Айгүл Балғалиева, Алибек Аманов пен Амина Сабирова жүлделі ІІ орын иегерлері атанды. Жетекшілері биология пәні мұғалімі Гүлжан Нусипжанова, Амина Тайжанова және Сара Сайранова үздік атанып, жүлделі І орын иегері атанды. Жетекшілері - Бақытгүл Жақсылықова.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған «ЖАС ӘЛ-ФАРАБИ» атты мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының ХІ республикалық конференциясында Сара Сайранова және Амина Тайжанова жүлделі І орынға ие болды. Жетекшілері: биология пәні мұғалімі Айгүл Балғалие

### **«Креатив-тартыс»**

2024 жылдың 16 мамыр күні 8 сынып оқушылары «Креатив-тартыс» халықаралық конкурстың жүлдегерлері атанды, онда Ресей Федерациясынан 5 команда және Қазақстанның Астана ІВ, Павлодар және Ақтау НЗМ мектептерінен 3 команда қабылданды. «Пенза аймақтық сырттай бағдарламалау мектебі» ұйымдастырған конкурста Бағауетдинова Алина, Зинал Азамат, Туремуратова Асем, Оспанова Ясмина ІІІ орын алды. Жетекшілері - Дәулетов Қадырбек, Кенжанов Алмаз. «Креатив-тартыс» - оқушылардың сыни ойлауы мен функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған конкурс.

### **Республикалық олимпиадалар**

2024 жылдың 11-12 мамыр аралығында Алматы қаласында САВО 2024 байқауының финалдық кезеңі өтті. Байқау қорытындысы бойынша NIS оқушылары 2 алтын, 3 күміс және 3 қола медальға ие болды. Ақтаулық зияткер Арайлым Қостаулетова күміс жүлде иегері атанды. Сондай-ақ, «Республикалық физика- математика мектебі» ұйымдастырған мектеп оқушылары арасында ХХІІІ ашық қалалық Жәутіков олимпиадасынан физика пәні бойынша қатысқан 7-сынып оқушысы Мади Доскожаев 3-орын, 8-сынып оқушысы Алина Бағауетдинова 3-орын иеленді. Жетекшілері: физика пәні мұғалімдері Алмас Мұса, Нұрзада Қылышбаева.

**В.Я. Курбатов атындағы «Химия: Ғылым және өнер» мектептері,  
гимназиялары, лицейлері мен колледждерінің 5-11 сынып оқушыларының  
ғылыми жұмыстар-олимпиада XIV Халықаралық конкурсындағы  
оқушылардың жетістіктері**

*27-28 наурыз 2024*

№	Аты-жөні	Сыныбы	Орын	Форматы
1	Сайранова Сара	10 «С»	I	Офлайн
2	Тайжанова Амина	10 «С»	I	Офлайн
3	Балғабеков Еркебұлан	10 «D»	III	Офлайн
4	Мұстафаұлы Махмуд	10 «D»	III	Офлайн
5	Мұрат Ұлан	8 «D»	III	Онлайн
6	Мусиралиева Мерей	7 «D»	III	Онлайн
7	Умбетова Аяулым	10 «А»	III	Онлайн
8	Ғайнулла Фариза	10 «А»	III	Онлайн
9	Баянғали Аружан	11 «В»	III	Онлайн
10	Медал Динара	11 «В»	III	Онлайн

**XIX «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық  
жұмыстардың конкурсы**

№	Аты-жөні	Сыныбы	Орын	Секция
1	Арлан Нурадин, Батыр Жолан	7	II	Спорт және туризм
2	Арлан Нурадин, Батыр Жолан	7	II	Спорт және туризм
3	Нұрым Шотан	7	III	Химия-биология
4	Арайлым Ахметқызы	7	III	Химия-биология
5	Жұлдызай Кенжебек	7	III	Технология-өнер
6	Наз Кадис	7	грамота	
7	Айзере Серік	7	грамота	Физика-космос

## **4.9. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТАЦИЯ**

### **БӨЛІМ II**

#### **1. НЗМ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ**

#### **2. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП-2024**

3.1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша ақылы «Жазғы мектеп-2024» жобасын ұйымдастыру «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрағасының орынбасары С.У.Садуақасовтың 10.04.2024 күнгі №230 қызметтік хатын негізінде және оқушылардың бойында ғылыми-зерттеушілік дағдыларын (STEM) дамыту мақсатында жүргізілді.

«Жазғы мектеп-2024» жобасына мектептен жалпы 16 мұғалім жұмылдырылды. Олардың 1 шетелдік мұғалім болса, 15 жергілікті мұғалімдер. Мұғалімдердің сапалық құрамы бойынша 1 эксперт-мұғалім, ал 4 мұғалім. «Physics and digital science» 1 топ (13 оқушы), «Biochem Lab (STEM)» 1 топ (23 оқушы), «Математикалық ойлау және тілдік дағдыларды дамыту (+ағылшын тілі)» курсына 5 топ (76 оқушы) және «Математикалық ойлау және тілдік дағдыларды дамыту (+қазақ тілі)» курсына 1 топ (22 оқушы) қатысты. Жалпы білім беретін мектептердің 134 оқушысы ақылы жазғы мектеп курстарымен қамтылды. «Робототехника негіздері» және «Назарбаев университетіне және шетелдік оқу орындарына оқуға түсу» курстарына қатысушылар болмаған соң ашылмады. Барлық курстардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қатысушылардың жас-ерекшіліктерін ескеріп құрастырылған. Төмендегі кестеде жоба шеңберінде жүргізілген курстар мен мұғалімдер туралы ақпарат берілген.

№	Мұғалімнің ТАӘ	Қызметі / сыныбы	Курс атауы
1	Карасартов Т.	Информатика пәні мұғалімі	Physics and digital science (STEM)
2	Шадқам Т.	Химия пәні мұғалімі	Biochem Lab (STEM)
3	Турдымбетова А.Ю.	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Физикалық жаттығулар
4	Махметова В.К.	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	
5	Суюнбекова А.А.	Математика пәні мұғалімі	Математикалық ойлау және тілдік дағдыларды дамыту
6	Ғалымжан А.С.	Математика пәні мұғалімі	
7	Судейменова Н.И.	Математика пәні мұғалімі	
8	Оразбаева Н.Т.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	
9	Абдрахманова И.Т.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	
10	Әлібекқызы А.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	
11	Сағынбекова С.	Математика пәні мұғалімі	
12	Қосханова А.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Робототехника негіздері
13	Қалиев Қ.Н.	NIS Engeneering кеңейтілген зертханашасы меңгерушісі	
15	Қанаева А.К.	Кәсіби бағдар беру консультанты	Назарбаев университетіне және шетелдік оқу орындарына оқуға түсу
16	Benjamin Wanjui	Информатика пәні мұғалімі	

3.2. Мектепшілік жазғы мектеп курстары 2024 жылдың 3-7 маусымы аралығында ұйымдастырылып, 405 оқушыны бір шаңырақ астына біріктірді. Жалпы мектеп контингентінің 70,7% жазғы мектеппен қамтылды. 12 сынып оқушылары сыртқы жиынтық емтихан тапсыруы есебінен жазғы мектепке қатыстырылмады.

«Жазғы мектеп – 2024» қызметі келесі бағыттарда ұйымдастырылды:

- 1.1. 7 сынып оқушылары үшін «Химия және биология әлемінде»;
- 1.2. 8 сынып оқушылары үшін «Физика және математикалық жүйе»;
- 1.3. 9 сынып оқушылары үшін «ICT and digital science»;
- 1.4. 10,11 сынып оқушыларына арналған «Тілдік дағдыларды дамыту».

№	Курс атауы	Топ саны	Сыныбы	Оқу тілі	
1	Фестиваль мини-проектов	2	8	қазақша	Ғылыми-зерттеушілік бағыт
2	Ракетостроение	2	8	орысша	
3	Био старт	2	7 E D	орысша	
4	Биотехнология негіздері	4	7 A B	қазақша	



5	Изучение циклических процессов в биологии	1	11	ағылшын	
6	курс продвинутой грамматики	2	10	ағылшын	
7	«Қызықты және күрделі химия»	4	7А	қазақша	
8	«Интересная и сложная химия»	2	7Е	орысша	
9	Мыслим критически, пишем творчески	4	10 кл	орысша	Академиялық бағыт
10	“Having fun-learning English”	2	8 кл	ағылшын	
11	“Play and learn”	1	7 кл	ағылшын	
12	“СЖБ емтиханына дайындық”	2	10 кл	ағылшын	
13	Математическая грамотность	6	8а	қазақша	
14	Математический анализ и статистика	3	11	қазақша	
15	Математикалық анализ және статистика	4	11	қазақша	
16	«High school» (11 класс) химия	1	10	ағылшын	
17	«High school» химия	1	10	ағылшын	
18	СЖБ-ға дайындық 10-сынып	3	10	қазақша	
19	Олимпиадаға дайындық	1	9А, 8В	қазақша	
20	Сетевые технологии	4	9 кл	орысша	
21	«Education USA» летний лагерь (5-7 июня)	2	10,11	ағылшын	
22	Футбол 7-11	4			
23	Баскетбол 7-11	4			
24	Волейбол 7-11	4			
25	Тоғызқұмалақ, шахмат 7-11	4			

### Қорытынды:

- Жергілікті және шетелдік ұстаздардың бірге командалық сабақ беруі оқушыларға ұнады. Олар тек STEM бағытында ғана емес, сонымен тілдік дағдыларын дамытты.

- Ақылы түрде «Жазғы мектеп-2024» жобасы сәтті ұйымдастырылып, жалпы білім беретін мектептердің оқушылары өз білімдерін толықтырды.

- Ауа-райы ыстық болғаннан кейін кейбір сыртта ұйымдастырылуы қажет сабақтар іште ұйымдастырылды.

- Назарбаев Зияткерлік мектебінде болашақта оқығысы келетін оқушылар үшін арнайы экскурсиялар ұйымдастырылды;

- 7,8 сынып оқушылары жазғы мектепке қызығушылықпен қатысты;

- 9,10,11 сынып оқушылары академиялық білімдерін жетілдірді;

- Келесі оқу жылында 11 сыныпта оқу үшін тілдік дағдыларын дамытты.

- Кейбір сыныптарда олимпиадалық резервтегі оқушылар қосымша ақпарат алды.

### Ұсыныстар:

- Жазғы мектепте көбірек кәсіби бағдарға назар аудартып, түрлі зауыттарға апару.

- Келесі оқу жылының соңында жазғы мектепті ұйымдастырғанда 200 оқушыны қамту.



- 6-7 сынып оқушыларының қатысу ықтималдылығы жоғары екендігін ескеріп, теориялық контентті соған қарай бұру;

- Келесі оқу жылында НЗМ оқушыларына арналған жазғы мектеп курсының бағыттарын өзгерту;
- Жазғы мектепке дайындалған бағдарламалардың сапасын арттыру;
- Жазғы мектепті өткізу формасын түрлендіру.

### 3. ЦИФРЛАНДЫРУ


Ақтау ХББ НЗМ-де цифрландыру мақсатында жыл сайын көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Соларға біртіндеп тоқталып кетсек.

**Мектеп сайты.** Қазыргі кезде мектеп ашылғаннан бері (2015-2017ж.ж.) өзінің жұмыс істеп келе жатқан сайты бар. Оның URL адресі: «<https://akt.nis.edu.kz>», ол мектептің өз серверінде орналасқан. Бірақ бұл сайт қазыргі кезде қойылатын талапқа сай келмейтін болған соң және де барлық НЗМ филиалдары бір үлгіде сайт жасалып жатқан соң, мектеп сайты жаңадан басқа платформаға көшіріліп жатыр.

<p><a href="https://akt.nis.edu.kz">https://akt.nis.edu.kz</a> қолданыстағы сайт</p> <p>Сайт жаңа талаптарға сай келмейді, сайттың жұмыс жасауы өте жай, жаңарту жүйесі жасамайды.</p> 	<p><a href="https://schools.nis.edu.kz/aktau/aktau">https://schools.nis.edu.kz/aktau/aktau</a> жаңа платформа</p> <p>Қазіргі кезде қойылатын талаптарға сай. Сайт ішін ақпаратпен толтыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.</p> 
---	---

**Ақпарат және анықтама жүйесі (Magic Info samsung).** Мектепте ақпарат таратын телевизорлар жүйесі бар, барлығы 20 дана, олар әр этажда, әр блокта орналасқан. Күнделікті мектептің сабақ-қоңырау кестесі, әр түрлі маңызды ақпараттар, мектеп жаңалықтары жүктеліп, осы жүйе арқылы көрсетіліп тұрады.

**Мектепті басқару жүйесі (МБЖ н/е СУШ).** URL адресі: <https://sms.akt.nis.edu.kz>, мектеп серверінде орналасқан жүйе. Мақсаты: мұғалімдерге, оқушыларға және оқушы ата-аналары мен кураторлары пайдаланады. Бұл жерден оқушы үлегірімін, әртүрлі қортынды жиындық бағаларын және де мектепке оқушының қай уақытта келіп, қай уақытта кеткенін қадағалап отыруға болады. 2023/2024ж.ж. оқу жылынан бастап смартфонға (android пен ios жүйесіне) арналған программалық қосымшасы іске қосылды.



- <https://sms.akt.nis.edu.kz> (компьютер жүйесіне, браузер бағдарламасы арқылы).
- <https://apps.apple.com/kz/app/nis-mektep/id6453072405> (телефонға, IOS жүйесіне).
- [https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.edu.nis.mobios&hl=en\\_US](https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.edu.nis.mobios&hl=en_US) (телефонға, андройд жүйесіне).

**Кітапхана жүйесі** (<https://lib.nis.edu.kz>). Кітаптарды есебін бақылау мақсатында қазыргі таңда «Кабис» қосымшасы жұмыс жасайды. Бірақ орталықтан ЦИТС NIS командасы арқылы кітапхана жүйесі жаңа платформаға көшіріліп жатыр. Келесі 2024/2025 оқу жылы толықтай жаңадан еңген «кітапхана бақылау жүйесіне» көшеміз. Бұл бағдарламанын ерекшелігі барлық базалармен байланысы бар және әр оқушы/қызметкер қандай кітап алғаны туралы кез-келген уақытта бақылап отыруға болады.

**Асхана жүйесі** (<https://lib.nis.edu.kz>). Бұл жүйе кураторларға, интернат мамандарына және де мектеп бухгалтері мен қызмет көрсетуші арасындағы мектептегі асхана жүйесі. Яғни, бұл жерде мектепке келген оқушы санына алдын-ала куратордан, интернат мамандарынан асқа тапсырыс алынып, сол бойынша қызмет көрсетушілер тамақ дайындайды, осыны есепке ала отырып ай соңында ақша төленетін болады.

**Документолог** (<https://documentolog.com>). Бұл сыртқы компаниямен, ата-аналармен онлайн келісім жасауға арналған жүйе. Әзірге бұл жүйеде тек мектеп директоры, хатшы және юрист толыққанды жұмыс жасайды.

**Электрондық құжат айналымы жүйесі** (<https://doc.nis.edu.kz>). Бұл жүйе мектепте қазыргі таңда толықтай жұмыс жасап тұр. Яғни, кез-келген қызметкер кіре алады. Өзінің қызметтік хатын осы жүйе арқылы жазады. Бұл жүйе мектеп ішінде, НЗМ аралық және орталық басты НЗМ бөлімдерімен де қызметтік хат жазуға арналған жүйе.

**Тапсырыс беру жүйесі** (<https://sd.nis.edu.kz>). Мектеп ішіаралық жүйе, кез-келген қызметкер ІТ-бөліміне өзінің компьютерге қатысты бар ахуалы туралы жазып, керек қызметін алуға болатын жүйе.

**Қызметтік почта, онлайн сабақ жүргізуге арналған платформалар.** Microsoft жүйесінің мектепке арналған қызмет арқылы мектеп қызметкерлері мен оқушылары әлемнің кез-келген жерінен кіре алады және жұмыс барысында толықтай пайдалана алады.

Атап өтелік жыл сайын цифрландыру жұмысы қарқынды жүргізіліп келуде және де бұл жүйелер жаңарып отыратын болады.

#### **4. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

##### **Медициналық блоктың жұмыс бағыттары:**

- Амбулаторлық көмек көрсету;
- Медициналық құжаттарды жүргізу;
- Туберкулез бойынша қауіп тобын анықтау;
- Профилактикалық медициналық тексерістер, «Диспансерлік есепті жүргізу»;
- Профилактикалық екпелер, туберкулиндиагностика жүргізу;
- Мектеп қызметкерлерінің уақытылы медициналық тексерістен өтуін қадағалау;
- Мектептен тыс шараларда оқушыларды сүйемелдеу,
- Бракеражды комиссия құрамында болу;
- Салауатты өмір салтын сақтау, алғашқы көмек көрсету, әлеуметтік маңызды ауруларды алдын-алу дағдыларын оқушылар және қызметкерлерге үйрету.

1. Уақытылы медициналық көмек көрсетіп, ЕИОС базасына қабылдауларды енгізу медициналық қызметтің негізгі функциясы болып табылады.

Көптеген оқушылар медициналық блокқа ЖРВИ ауруларымен, бас және іш аурулары, әр түрлі сипаттағы жарақаттармен қаралуға келеді.

Мезгілдік жұқпалы аурулардың алдын-алу үшін тұмауға қарсы, қызылша, көкжөтел, сіреспе, дифтерия ауруларына қарсы екпелерді жүргіземіз. Әлеуметтік маңызды ауру-туберкулезді алдын-алу үшін Манту сынамасын жоспарлап, ж.ргіземіз. Профилактикалық шаралар есебінде бетперде, антисептик, витаминотерапияны қамтамасыз етеміз.

### Медпунктке қаралуға келгендер саны

Қаралуға келгендердің ішінен,	2023-2024оқу жылының 1-ші жарты жылдығы	2023-2024оқу жылының 2-ші жарты жылдығы
		1212
Тыныс алу жолдарының аурулары	241	332
АІЖ-ның аурулары	361	326
Көз аурулары	43	7
Травма, жарақаттар	98	107
ВСД	163	453
Басқа да аурулар	306	110

**2. Профилактикалық медициналық тексеріс ҚР-ның Денсаулық сақтау министрлігінің 15.12.2020жылғы № ҚР ДСМ-264/2020бұйрығына сәйкес жүргізіледі.**

2023-2024 оқу жылы 7-12 сынып аралығындағы оқушыларға «Ча-Кур» клиникасының мамандарымен қоса скринингтік медициналық тексеріс жүргізген болатынбыз.

### 3. Профилактикалық екпелер

Ұлттық күнтізбеге сәйкес оқушыларға дифтерия, көкжөтел, сіреспе, тұмау, Манту сынамалары егіледі.

### Профилактикалық екпелер туралы хабарлама

	Вакцинация жататындар		АДС бойынша				Манту сынамасы бойынша		
	орынд	қарсы	орынд	қарсы	шығып кетті	медотвод	Орынд.	қарсы	медотвод
<b>Барлығы</b>	<b>153</b>		<b>153</b>				<b>83</b>		
Саны	85	123	85	40	0	28	0	83	0

Профилактикалық екпелер ата-ананың келісімімен жргізеледі, қарсы болған жағдайда екпе салынбайды.

### 4. Диспансерлік есеп

Мектепте диспансерлік бақылау уақтылы ем және жүйелі түрде тексеру үшін жүргізіледі.Скринингтік тексеріс кезінде анықталған диагнозы бойынша тар бейінде мамандарға жіберіліп, емдеу және сауықтыру жұмыстары орындалады. «Д» есепке қазіргі таңда көп тіркелген балалар ол, көз аурулары және көз өткірлігі нашар балалар.

### Диспансерлік есепте тұрған оқушылар тізімі

№	Диспансерлік есепте тұрғандар	2023-2024 оқу жылы
---	-------------------------------	--------------------

		<b>Саны</b>	<b>%</b>
1	Миопия (төменгі, орташа, жоғары) дәрежелі	182(жалпы оқушы саны 800)	22,75
2	Веgetотамырлық дистония	5	0,625
3	Алиментарлы семіздік	143	17,8
4	Плоскостопия	3	0,375
5	Сколиоз	3	0,375
6	Бронхиальды астма	5	0,625
7	Билиарлы жолдардың дисфункциясы	9	1,125
8	Физикалық дамудың қалыс қалуы	0	0
9	Бүйрек аурулары	2	0,25
10	Дефицитті анемия	15	1,875
11	Қант диабеті	2	0,25
12	ДЦП	1	0,125
13	Қан аурулары	1	0,125
14	Целиакия	1	0,125
15	Туа пайда болған жүрек аурулары	1	0,125
	<b>Барлығы</b>	<b>373</b>	<b>46,55</b>

### **5. Санитарлық-ағарту жұмыстары:**

- Ай сайын кіші буын қызметкерлерімен дезрежим, кварцтау бойынша санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіледі;
- 2023жылдың қазан айында ата-аналар жиналысында күз-қыс айларында көп кездесетін жұқпалы аурулар және оларды алдын-алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді;
- 7-12 сынып оқушылары арасында кураторлық сағаттарды пайдаланып, «ЖРВИ және тұмау» туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді;
- Қараша айында 7-12 сынып оқушылары арасында эпидемия қарсаңында «Қызылша. Қызылшаға қарсы алдын-алу шаралары» туралы ақпараттандыру жұмысы жүргізілді;
- Ай сайын 7-12сынып оқушылар арасында педикуллезге, тазалыққа қатысты тексеру жұмыстары жүргізілді;
- 18.09.2023-22.09.2023 аралығында дене шынықтыру және медициналық қызметкерлердің қатысуымен спорт апталығына «Жастар орталығы» және ЖИТС-орталығынан арнайы мамандар шақыртылып волейболдан жарыс ұйымдастырылды.
- 13.09.2023 күні 7-11сынып аралығы оқушыларына алғашқы медициналық көмек негізі « Жүрек-өкпе реанимациясы» алгоритмі және дефибриллятор жұмысы туралы түсіндіру жұмысы өткізілді.
- Көкөніс, жеміс жидектердің пайдасы туралы диеталық медбике ағарту жұмыстарын жүргізді.
- 23.11.2023 күні «Ча-Кур» клиникасынан уролог, гинеколог мамандары арнайы шақыртылып, « Жыныстық тәрбие және жыныстық жетілу» тақырыбында семинар өткізді.
- Желтоқсан-қаңтар айларында мектептің медициналық қызметі жөнінде оқушылар және ата-аналар арасында сауалнама жүргіздік.
- Ақпан-сәуір айлары 7-11сынып оқушылары арасында скринингтік медициналық тексеріс өткізілді.
- 28.03.2024,29.03.2024 күндері конкурстық іріктеу кезінде кезекшілік қызметін атқардық.
- Еуропалық иммундау аптасына орай Облыстық денсаулық сақтау басқармасы және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталықтарының мамандарының

қатысуымен «Вакцинация жұқпалы аурулардан қорғайды» тақырыбында сурет салудан оқушылар арасында байқау өтті.

- 01.05.2024-01.06.2024 аралығы МЭСК емтихандарына кезекшілік қызметін атқарды.

- 11 сынып оқушы қыздарына «Жасөспірім шақтағы менталды денсаулықтың негізгі аспектілері» тақырыбында семинар өтті. Семинар мектеп психологтары мен медицина қызметкерлері және «Ча-Кур» клиникасының гинеколог маманының қатысуымен өткізілді.

- Жатақхана қызметкерлері арасында қан кету, естен тану, күйу, травматизация, анафилактикалық шок, суға кету және т.б. осы сияқты адам өміріне қауіп төндіретін жағдайларда алғашқы көмек көрсету алгоритмі туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

- 17.06.2024-22.06.2024 күндер аралығы «Туған елге тағзым» бағдарламасымен Орал, Қызылорда, Павлодар қалаларынан келген оқушылар медициналық көмекпен қамтылды.

## **5. МЕКТЕП ЖАТАҚХАНАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ**

### **Ұйымдастыру қызметі**

Жатақхананың ұйымдастыру қызметі «Жатақхана оқушыларының құқығын қорғау саясаты» негізінде жүзеген асады. Оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығы мен әл-ауқатын қолдау басты назарда ұсталады. Зияткерлер жатақхананы екінші үйлеріндей сезіну мақсатында барлық жағдай жасалады. Жатақхана тәрбиеленушілерінің ұлттық салт-дәстүрді құрметтейтін, ата-анасын сыйлайтын, отбасы құндылықтарын дәріптейтін, жауапкершілігі жоғары, сыни тұрғыдан ойлай білетін, шығармашыл, адамгершілік қасиеттерді жоғары қоя білетін, көшбасшылық қасиеті дамыған тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында жылдық жоспар бірнеше бағыттарды негізге алады.

Олар:

1. Патриоттық тәрбие,
2. Зияткерлік даму тәрбиесі
3. Дене және психологиялық даму тәрбиесі
4. Адамгершілік тәрбие
5. Алуан мәдениетті даму тәрбиесі
6. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту тәрбиесі
7. Көркем-эстетикалық даму тәрбиесі

### **Жатақхана тәрбиешілерінің сандық және сапалық құрамы**

Жатақханада барлығы 10 жоғары білімді педагог қызметкер жұмыс жасайды, жатақхана меңгерушісі – 1, тәрбиеші – 6, көмекші тәрбиеші – 4. Олардың ішінде біліктілігі бойынша филология ғылымдарының кандидаты – 1, педагогика ғылымдарының магистрі – 1 және математика пәнінің мұғалімі магистранты – 1. Тәрбиешілердің білімділік деңгейін көтеру үшін жыл бойы үздіксіз мектепшілік біліктілік арттыру курстарынан өткізіліп отырады. 1 тәрбиеші 1-біліктілік деңгейін қорғады. Келесі жылға 2 тәрбиеші 1-біліктілік деңгейін қорғауға ұсынылып отыр.

2023-2024 оқу жылында Сарсенова С.Е. «Хат жазамын қолына қалам алып...» жобасына және Мизамбаева Ж.С. «Суретті кілемше тоқу өнері» мен «Пирография – ағашты көркемдеп күйдіру өнері» жобаларына **авторлық құқық алды.**

Сонымен қатар, жатақхана меңгерушісі С.Е.Сарсенованың «Экологиялық тәрбие берудегі оқушылардың эстетикалық көзқарасын қалыптастыру»

тақырыбындағы мақаласы Республикалық «Білімді ел» газетіне жарияланды (15.12.2023ж.). «Педагогикалық әдіс-тәсілдер білім сапасын арттырудың басты құралы – 2024» тақырыбындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» арасындағы желілік онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясында тәрбиешілердің мақалалары (алты) жарияланды (04.04.2024ж.).

### **2023-2024 оқу жылында жатақханадағы ұйымдастырылған семинарлар, байқаулар, іс-шаралар**

**Патриоттық бағыт** бойынша «Тіл - ұлт жүрегінің бір бөлшегі», «Тәуелсіздікке тағзым», «Менің Қазақстаным», «Туған жер- алтын бесігім», «Кітап – ізгі дос», «Бірлік – ынтымақтастық» т.б. тәрбиелік сағаттар, эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың отанға деген, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілін қастерлеуге баулу. Зияткерлерге үлкен үміт артатынымызды сезіндіру.

**Рухани-адамгершілік бағыты бойынша** «Халықаралық қарттар күніне» орай «Ақылды қария – ағынды дария!», «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Волонтер дегеніміз кімдер?», тақырыптарында тәрбие сағаттары, «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Алғыс айту» күніне орай «Ата-ананың қарызы – ұрпақтың өмірлік парызы» жылы лебіздерін видео жолдаулар арқылы білдіру шарасы өткізілді.

**Зияткерлікті дамытуға тәрбиелеу бағыты** бойынша «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтел» жобасы аясында «Мақал – сөздің мәйегі», «Зерде», «Мамандықтың бәрі жақсы» дөңгелек үстел шарасы, «Мен білемін!» интеллектуалды ойыны, дудлинг және зентанг техникаларын қолдана отырып «Жаңа әдіспен креативті сурет салу», «100 кітап» жобасы аясында «Талаптан да білім мен өнер үйрен» атты шығармалар бойынша бөлмеаралық сахналық көрініс сайысы ұйымдастырылды. Нәтижесінде «Ақберен Education» - Ақберен Руспубликалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған Республикалық «Абай оқулары» конкурсына жатақхана тәрбиеленушілері Қуаныш Мағжан (жетекшісі: тәрбиеші Ғ.М.Ахметова) мен Қазы Дана (жетекшісі: Сарсенова С.Е) қатысып, жүлделі орындар иеленді (06.03.2024ж.).

**Тәні мен психологиялық саулығының дамуына тәрбиелеу бағыты бойынша** жатақхана медбикелері көптеген дәріс сабақтарын өткізді: жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтану ережелері, велошеру кезіндегі денсаулыққа келер қауіптің алдын алу жолдары, фаст-фудтың адам өміріне зияны, жүрек, өкпе реанимациясының маңыздылығы және алғашқы көмек, электронды темекінің(вейп) тарату және оның әсері, туберкулез ауруы және оның алу, көз жаттығулары, аллергия дегеніміз не?, естен тану, ИВЛ. Сонымен қатар, салауатты өмір салтының маңызы тақырыптарында түсіндірме сағаттарын өткізіп, оқушыларға медициналық, физиологиялық тақырыптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді, дене тәрбиесі мұғалімдерімен бірлесе, «Көңілді эстафета» ұйымдастырылды.

«Салауатты өмір салтын қалыптастыру» орталығымен «Денсаулыққа қатысты гендерлік ерекшеліктер» тақырыбындағы кездесу ұйымдастырылып, гинеколог, уролог дәрігерлер Зияткерлерге өз бағыттары бойынша өзекті тақырыптарда дәрістер жүргізді.

**«Алуан мәдениетті дамыту тәрбиесі»** бағыты әр айда екі рет мектептің шетел мұғалімдері жатақхана Зияткерлеріне сабақтар өткізіп отырды.

**«Көркемдік-эстетикалық талғамын дамыту» бағыты** бойынша 7-сынып оқушыларының өзін-өзі дамытуы, жаңа ортаға үйренісуі және оларды қолдау

мақсатында «Талантты Зияткер» шарасы, «Жеміс-жидектермен әсемдеу» тәжірибе сабағы, «Қыз қылығымен көрікті» таным сағаты өткізілді. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында кинотеатр, театр, мұражайға апару жылдық жоспар бойынша жүзеге асырылып отырды.

### Жатақхана тәрбиеленушілерімен бірге тұрақты түрде жүргізілетін жобалар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Өткізілген уақыты
1	«Redax»	Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру	Жылына екі рет
2	«Видеосумерки»	Актуальды тақырыптарды ашу, оқушының ізденісін дамыту, шығармашылығын шыңдау	Жылына бір рет
3	«Жаныңда жүр жақсы адам»	Өз облыс, қаламыздағы үлгілі жандарды насихаттау, балаларға үлгі ету	Айына бір рет
4	«Амал – ізгілік бастауы»	ұлттық салт-дәстүрімізді ұмытпау, сыйлау, кішіге ізеттілік көрсету	14 наурыз
5	Шетелдік ұстаздармен кездесу	7-8 сынып оқушыларының ағылшын тіліндегі сөйлесу дағдыларын дамыту	Аптасына бір рет
6	«Өзіңді таны – Прояви себя»	оқушылар арасында достық қарым-қатынас орнату, олардың жақсы қырларын көрсету болды.	Айына 1 рет
7	«Хат жазамын қолыма қалам алып»	Балаларға өз отбасына хат жаздыру арқылы отбасы құндылығын, жазылым дағдысы арқылы тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.	Жылына 2 рет
8	«Мамандықтар жәрмеңкесі» жобасы	Оқушылар пән таңдауда қателеспеуге, болашақ мамандықтарына бағыт беруге, ата-аналардың мектеп өміріндегі белсенділігін араластыру	Жылына 2 рет

### Жатақхана тәрбиешілерінің мектепшілік, республика, облыс деңгейінде өткізген іс-шаралары

Жатақхана ұжымы кураторлармен бірлескен апталықтар ұйымдастырып, түрлі семинар-форумдарға қатысып үздіксіз шыңдалып отырады. Тәрбиешілер Р.Б.Наргозиева, Г.Д.Сарсенгалиева **облыс бойынша жалпы білім беретін мектептердің жас мамандарына** арналған «Жас ұстаз табысқа апарар жол» II өңірлік форумында «Сәндік раушан гүлін жасау технологиясы» тақырыбында тәжірибелік сабақ өткізді. Мақсаты әріптестермен тәжірибе алмасу және әдіс-тәсілдермен бөлісу.

Патриоттық тәрбие бағыты бойынша жатақхана меңгерушісі С.Е.Сарсенова, тәрбиеші Г.М.Ахметова ҚР Тәуелсіздік мерекесіне орай, 14.12.2023ж. Назарбаев Зияткерлер мектептері арасында өткізілген "Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы" атты **желілік мәнерлеп оқу шеберлер сайысын ұйымдастырды**. Бұл желілік сайысқа барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақхана тәрбиеленушілері қатысты. Сайыс мақсаты: әр Зияткердің бойында патриотизм, азаматтық және белсенділікті қалыптастыру.



Жатақхана ұжымы және тәрбиеленушілермен бірге «Мейірімділік жүректен» қайырымдылық акциясын бойынша «Балалар үйінің» ауласына сенбілік ұйымдастырды.

«Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернат» тәрбиеленушілері және тәрбиешілерімен өткізілген семинар-практикумда тәрбиешілер түрлі іс-шаралар ұйымдастырды: «Атадан қалған асыл сөз» танымдық сайыс сағаты, «Алғырлар мен тапқырлар» интеллектуалды ойыны, «Жетістік жолы» психологиялық тренингі, «Карвинг» Искусство оформления. «Цветочная композиция» шеберлік сағаты өткізіліп, «Жусан иісі» қойылымы ұсынылды. Шара концерттік бағдарламамен аяқталды.

Жыл сайын өткізілетін «Рухани-адамгершілік» апталығында төмендегі сабақтар мен шаралар ұйымдастырылды:

№	Өткізілетін шара аталымы	Өткізу формасы	Жауаптылар
1	100 кітап жобасы аясында «Білім – көзі кітапта» «Болашақ» тобының тәрбиеленушілеріне кіріктірілген сабақ	Ашық сабақ	Жатақхана меңгерушісі: Сарсенова С.Е. Өнер пәні мұғалімі: Өмір Г.Ө.
2	«Қазақтың ұлттық өлшем бірліктері» 7А сыныбына кіріктірілген сабақ	Ашық сабақ	Тәрбиеші: Қалыбек А.Т. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Дауталиева С.А.
3	“Заңғар” тобының оқушыларымен көсбашыллықты дамыту мақсатында «Интеллектуалды жекпе-жек»	Интеллектуалды ойын	Тәрбиешілер: Наргозиева Р.Б. Әкімхан Ә.С.
4	I.Жансүгіровтің “Құлагер” поэмасы бойынша “Жақсыда мін жоқ, жүйрікте сын жоқ”	Кіріктірілген ашық сабақ	Тәрбиеші: Ахметова Г.М. Тарих пәні мұғалімі Жеткізгенова М.Т.
5	«Жүректен шыққан бір кітап» 100 кітап жобасы аясында	Дөңгелек стол	Тәрбиеші: Сарсенғалиева Г.Ж. Кітапханашы: Ермағамбетова М.
6	«Тігіншінің қолы алтын» “Шебер қолдар” үйірмесінің мүшелерінің қатысуымен кіріктірілген тәрбие сағаты	Тәрбие сағаты	Тәрбиеші: Мизамбаева Ж.С. Өнер пәні мұғалімі: Жумаева А.Т.

### Жатақхана ұжымының ата-аналар қауымдастығымен жұмысы

Жатақханада ата-аналар қауымдастығымен жұмыс жүйелі жолға қойылған. Оқу жылы барысында ата-аналармен бірлесе өткізілген шаралар:

- «Болашақ» тобы оқушылары және ата-аналарымен түйекұс фермасына саяхат;
- Ата-аналарды «Policy of child protection» балаларды қорғау саясатымен таныстыру сағаты;
- «Болашақ» тобының ата-аналарына «Ата-анамен ашық алаңда» тақырыбында танымдық жоба;
- «Зияткер» тобы тәрбиеленушілерінің эколог ата-анамен кездесу кеші;
- «Болашақ» тобы оқушылары және аналарымен «Көңілді старт» отбасылық сайысы;

- Жатақхана оқушылары мен ата-аналарның мұғалімдер күніне арналған мерекелік кеші;
- Жатақхана оқушыларының ата-аналарына арналған «Аналар, арулар – мейірім бұлағы» атты мерекелік кеші;
- Ата-аналардың қатысуымен «Амал – ізеттілік бастауы» дәстүрлі меркелік шарасы;
- «Зияткер», «Болашақ» тобы оқушыларының ата-аналарымен табиғатқа саяхат.

### Жатақхананың өзін-өзі басқару ұйымы

Жатақхананың тәрбиеленушілері арасында сайлау өткізіліп, жатақхана президенті мен министрлері сайланды. Сайлаудан кейін бірінші отырысы өткізіліп, жылдық жоспары жасақталды. Жоспарға сәйкес төмендегідей іс –шараларды жүзеге асырылды.

№	Шара атауы
1	«Тазалық – денсаулық кепілі»
2	«Видеосумерки» байқауы
3	Жатақхана тәрбиеленушілері топтар арасында футболдан жарысы;
4	Математикалық жарыс;
5	«Эколидер» клубы белсенділерімен бірлескен жұмыс
6	«8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне» арналған концерт


### Үйірме жұмыстары

Жатақханада оқушыларды жан-жақты дамыту, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, шығармашылық қабілетін дамыту, денсаулықты нығайту, эстетикалық талғамын арттыру мақсатында келесі үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірме мүшелері әр ай сайын екі рет жиналып, үйірме жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп отырды.

№	Үйірме жұмысы	Мақсаты
1	«Аспаздық академиясы» үйірмесі	Дастархан мәзірін дайындау, күнделікті өміріне пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.
2	«Пирография»	Ағаш бетін күйдіру әдістері туралы түсінік бере отырып, тәрбиеленушілердің ой өрісін дамыту, қолөнерге деген сүйіспеншілігін оятуос уақытын тиімді пайдалану.
3	«Эрудит»	Оқушылардың ой-өрісін дамыту.
4	«Оқырмандар әлемі»	Зияткерлерді кітап оқуға баулу, кітапқа деген қызығушылығын арттыру.
5	«Сандық данышпандар»	Математикалық әдіс-тәсілдерді меңгеру.

### 2023-2024 оқу жылындағы жатақхана оқушыларының білім сапасы

Жатақхана тәрбиеленушілерінің оқу үлгерімі мен білім сапасын арттыру мақсатында жатақхана меңгерушісі мен тәрбиешілер сабаққа қатысып, қосымша сабақтар ұйымдастырылуына ықпал етіп, үнемі бақылауда ұстайды, пән мұғалімдерімен байланыста болып, мониторинг жасап отырады. Әр тоқсанның және оқу жылының соңында ата-аналарға оқушылардың үлгерімі мен сапасы туралы ақпарат беріліп отырады. «Тәлімгер мен менти» жобасы жүзеге асырылып, оқушылардың өзара бір-біріне көмек беру жұмысы жолға қойылған.



2023-2024 оқу жылындағы білім сапасына жүргізілген талдаулар нәтижесінде I тоқсанда – 50,47% (мектеп бойынша – 58,4%), II тоқсанда – 76,64% (мектеп бойынша – 72,1%), III тоқсанда – 66% (мектеп бойынша – 71,4%), жылдық – 83% (мектеп бойынша – 88,4%), II тоқсанда білім сапасы көтерілген, керісінше III тоқсанда білім сапасы төмендеп, жыл соңында білім сапасының қайта көтерілді. Жан жақиы талдаулар жатақхана тәрбиеленушілерінің білім сапасы мектептің жалпы білім сапасынан 5%-ға төмен екенін көрсетіп отыр.

### **Қорытынды**

#### **Мықты тұстары:**

- 1.Тәрбиешілердің мектепшілілік, облыстық, желілік байқауларға қатысуы, семинарлар өткізуі арқылы кәсіби дамуы.
- 2.Жатақхана тәрбиеленушілерінің желілік конференцияларға, халықаралық байқауларға қатысуы, мақалалар жариялауы.

#### **Әлсіз тұстары:**

1. Пән мұғалімдерімен бірлесіп оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту;
2. Жатақхана жұмысына байланысты әдістемелік құралдардың жасақталмағандығы.
3. Жатақхана тәрбиеленушілерінің білім сапасының жалпы мектептің білім сапасынан төмендігі.

#### **Кәсіби дамуды басқару бойынша жоспар:**

1. Халықаралық, республикалық, желілік конференцияларға мақалалар жариялау;
2. Ағылшын тілі курстарына қатысу;
3. Іс-әрекеттегі зерттеумен айналысу;
4. Әлеуметтік жобалар бойынша желілік байқаулар ұйымдастыру.

## **6. БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**

**Мектептің баспасөз қызметінің жұмыс мақсаты:** Назарбаев Зияткерлік мектебінің имиджін қалыптастыруға күш салып, мектеп өмірі жайлы қоғамға мүмкіндігінше мол ақпарат тарату, мектептегі іс-шаралардың медиатекасын жасақтауға атсалысу.

#### **Баспасөз қызметі 2023-2024 оқу жылында келесі жұмыстарды атқарды:**

<b>1</b>	Мектептегі іс-шараларды фотоға түсіру
----------	---------------------------------------

2	Мектептің жеке сайты (www.akt.nis.edu.kz) тұрақты түрде контентпен толтырып, ақпаратты қазақ, орыс, ағылшын тілінде жариялау;
3	Мектеп сайтына жаңалықтарды тұрақты жариялап отыру
4	Мектептегі қоғамға маңызы бар іс-шаралардан хронометражы 2-5 минутты қамтитын бейнематериалдар, бейнероликтер түсіріліп, дайындалуын қамтамасыз ету, қадағалау
5	Әлеуметтік желілерге (Фейсбук, Вконтакте, Инстаграм, Телеграм) тұрақты материал салу, жазылушылардың көбеюін ұйымдастыру;
6	Телестудия үйірмесі және баспасөз хатшысы, IT-мамандар, ұстаздар дайындаған видеоматериалдарды Youtube арнасына тұрақты түрде жүктеп отыру;
7	Аймақтағы журналистерге мектептегі шаралар ретіне орай баспасөз мәлімдемесін жолдау;
8	Мектеп ішіндегі қоғам үшін маңызы бар шараларға журналистерге шақырту жолдау;
9	Тікелей журналистермен жұмыс істеп, имидждік материалдар дайындауға атсалысу;
10	Республикалық, ұлттық мерекелерде оқырмандарға, республикадағы Назарбаев Зияткерлік мектептеріне құттықтау ашықхатын даярлау;
11	Телестудия үйірмесі жүргізілді;
12	Мектептің имиджін қалыптастыруға ықпал ететін постер, баннерлер дайындау
13	БАҚ беттерінде жарияланған материалдарды жинақтап, архив жасақтауды жалғастыру;
14	Мектеп ішіндегі іс шараларды жинақтап медиатека мұрағат сақтау;
15	28-маусым- Журналистер күніне орай аймақ журналистерін марапаттау
16	Мектептің имидждік өнімдерінің жасалуын ұйымдастыру
17	Әр айдың 01-05-і аралығында Астанадағы баспасөз қызметіне, мектеп ұжымына жарияланған материалдардың медиаессебін жолдау
18	Астанадағы баспасөз қызметінің тапсырмаларын орындау
19	Арнайы түсірілетін, тақырыптық бейнематериалдардың сценарийін жазу
20	Зияткерлік мектептің басқа да ұйымдармен тығыз қарым-қатынасын орнатып, ақпараттық алаңды кеңейту мақсатында 3 жаңа баспасөз қызметімен бірлесіп жұмыс жасау
23	Мектеп миссиясын әлеуметтік желілердегі посттар арқылы насихаттау

**Зияткерлік мектептің «Facebook» және «Instagram» әлеуметтік желілерінде 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстар:**

**Instagram:** @nisaktaу парақшасында 2023-2024 оқу жылында **460** материал жарияланды. Оның 152-і видео материал. Қыркүйек айынан бастап есептегенде парақшаға 1500 адам қосылды. Сондай-ақ сторис қаралымы 600-ден 1500 дейін жетті.

**Facebook:** (*Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі*) әлеуметтік желі парақшасына 445 материал жарияланды.

**Youtube** платформасына **50-ге жуық бейне материал жарияланды.**

## ПРЕСС-ДАЙДЖЕСТ

**2023-2024 оқу жылында Бұқаралық ақпарат құралдарына әр айда жарияланған материалдар төмендегі сілтемеде:**

Қазан <https://aktaunis.tilda.ws/october2023>

Қараша <https://aktaunis.tilda.ws/november2023>

Желтоқсан <https://aktaunis.tilda.ws/december2023>

Қаңтар <https://aktaunis.tilda.ws/january2024>

Ақпан <https://aktaunis.tilda.ws/feb2024>

Наурыз <https://aktaunis.tilda.ws/march2024>

Сәуір <https://aktaunis.tilda.ws/april2024>

Мамыр <https://aktaunis.tilda.ws/may2024>

**2023-2024 оқу жылында осы БАҚ құралдарымен тұрақты түрде жұмыс жасалды:**

Республикалық: «Хабар24» телеарнасы, «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы

Ақпараттық портал: adyрна.kz, egemen.kz , inform.kz

Облыстық: «Маңғыстау» телеарнасы, «Маңғыстау» газеті, «Огни Мангистау» газеті

Ақпараттық портал: mangystaumedиа.kz, lada.kz, inaktaу.kz, caspiantoday.kz, mangystauzhastary.kz, Маңғыстау облыстық коммуникация орталығы.

**2023-2024 оқу жылы Зияткерлік мектептің баспасөз қызметі төмендегі шараларды басты ақпараттық негізге алып, жұмыс жасады:**

№	Дерек/шара атауы	Орындалу формасы	Жүзеге асырылған уақыты
1	<a href="#">Үздік жас мұғалім-2023</a>	- БАҚ (мақала, пост) - Әлеуметтік желіде әр қатысушы жайлы ақпарат берілді - Қорытынды видеоролик	қыркүйек-қазан
2	<a href="#">Тоғызқұмалақтан желілік спартакиадасы</a>	- Видеоролик - Қатысушылардан сұхбат - Әлеуметтік желіге пост жариялау - БАҚ (мақала)	Қазан
3	<a href="#">«Даналық бейсенбісі»</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Бейнеролик дайындау	Жыл бойы
4	<a href="#">Мына әлем қандай керемет</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп сайтына ақпарат	қараша
5	<a href="#">Ғылыми жобалар байқауы</a>	- Оқушылардан жеке жобалары туралы бейнематериал	қазан
6	<a href="#">Ғылыми жобаларды насихаттау</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	Жыл бойы
7	<a href="#">«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық шарасы</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау	Жыл бойы
8	<a href="#">«Жас ұстаз: табысқа апарар жол» облыстық форумы</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау - БАҚ беттеріне ақпарат тарату	қазан
9	<a href="#">Шахматтан желілік спартакиада</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау - БАҚ беттеріне ақпарат тарату	қараша
10	<a href="#">«Ақтаудағы NIS-ті бітірген үздік түлектер»</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - сұхбат алу - Бейнематериал дайындау	Жыл бойы
11	<a href="#">«Мәдени диалог: Қазақстан және Әзірбайжан» халықаралық форум</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - сұхбат алу - Бейнематериал дайындау	қараша
12	<a href="#">Конкурстық іріктеу</a>	-	Қаңтар-наурыз

13	<a href="#">«Дарын» олимпиадасы</a>	- Бейнематериал	<b>қыркүйек</b>
14	<a href="#">«Ұлы дала мұрагерлері»</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	14 желтоқсан
15	<a href="#">Авторлық құқық</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау	Жыл бойы
16	<a href="#">Облыстық «Үздік командир-2023» патриоттық байқауы</a>	- Әлеуметтік желілерде, мектеп сайтына пост жариялау	15 Желтоқсан
17	<a href="#">Самғау түлектер форумы</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	25 желтоқсан
18	<a href="#">Халықаралық конференцияларға шақырту</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау	Қаңтар-мамыр
19	<a href="#">Әкелер форумы</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	қаңтар
20	<a href="#">Республикалық пәндік олимпиада</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	қаңтар—наурыз
21	<a href="#">Облыстық Ырғақ би байқауы</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау	19 ақпан
22	<a href="#">Наурыз мейрамы</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Бейнематериал дайындау	20 наурыз
23	<a href="#">Шетелдегі оқу орындарына шақырту алғандар</a>	- Әлеуметтік елі пост	Қаңтар-мамыр
24	<a href="#">Кіші туған елге тағзым</a>	- Әлеуметтік желілерде, мектеп сайтына пост жариялау	Сәуір
25	<a href="#">Ата-аналар мектепте</a>	- Әлеуметтік желілерде, мектеп сайтына пост жариялау	Жыл бойы
26	<a href="#">Виртуалды мектеп дегеніміз не?</a>	- Ақпараттық пост - Мектеп сайтына ақпарат	қазан
27	<a href="#">NIS ұстаздары мен оқушылары Бакуде</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау	мамыр
28	<a href="#">WRO-2024</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Бейнематериал дайындау	30 мамыр
29	<a href="#">Жазғы олимпиадалық мектептің оқу-жаттығу</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау	маусым
30	<a href="#">Экологиялық жобалар</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	Жыл бойы
31	<a href="#">«Caspian Startup-2024» байқауы</a>	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жарияланды - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат берілді	Ақпан-маусым аралығы
32	<a href="#">«Туған елге тағзым-2024»</a>	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Әр күнге видеоролик дайындалды	17-22 Маусым

## 7. ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ СЕРІКТЕСТІК

### **№36 Ағайынды Новрузовтар атындағы орта мектеп (Баку қ., Әзірбайжан Республикасы)**

2023-2024 оқу жылында №36 Ағайынды Новрузовтар атындағы орта мектеппен Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы арасында қарқынды жүрді. 2023 жылдың 16 қарашасында Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Мәдени диалог: Қазақстан және Әзірбайжан» атты форумы ұйымдастырылып, серіктес мектеп ұжымы іс-сапармен келді. Форум барысында екі елдің салт-дәстүрі мен ортақ тарихы зерделеніп, ұлттық тағамдар пісіру және ұлттық аспаптарда ойнау бойынша шеберлік сабақтары жүргізілді. Форум барысында екі жақты жұмыс жүргізу бойынша серіктестік туралы меморандумға қол қойылды.

2023 жылдың 16 желтоқсанында №36 Ағайынды Новрузовтар атындағы орта мектеп ұжымы қазақ халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтау бейнеролигін жолдап, тілектерін арнады.

2024 жылдың 24-25 мамырында ОСЕР (Olympic Culture and Education Programme) аясында Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы директорының орынбасары А.Б.Мурзабеков және химия, физика, қазақ тілі, орыс тілі және кураторлар әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілері Баку қаласындағы №36 Ағайынды Новрузовтар атындағы орта мектепке барды. Сапар барысында Баку қаласының жетекші мектептері ұстаздарына арнап, «NIS progame», «НЗМ бағалау жүйесі», «Педагог-ұйымдастырушы-куратор қызметі», «Тұрақты даму мақсаттарын сабақтарға енгізу» бойынша семинарлар беріп, жақсы кері байланыс алды. Сонымен қатар келесі күні қазақ халқы мен әзірбайжан халқының салт-дәстүрлері дәріптелетін шара өтті. Қазақтың киіз үйін құрып, ішін ұлттық ою-өрнектермен өрнектеген екен.

2024 жылдың 28 мамырында Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы ұстаздары мен оқушылар әзірбайжан халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтау бейнеролигін жолдады.

### **Санкт-Петербург қаласындағы технологиялық институт (Санкт-Петербургский технологический институт), Ресей Федарциясы**

Санкт-Петербург қаласындағы технологиялық институтпен Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы 2021 жылдан бері жұмыс жасап келеді.

Биылғы жылы В.Я.Курбатов атындағы Халықаралық «Химия: ғылым және өнер» ғылыми жобалар байқауына мектебіміздің бірқатар оқушылар қатысуға ниет білдіріп, 6 жоба жеңімпаз атанды. 10 сынып оқушылары Сайранова Сара, Тайжанова Амина, Балгабеков Еркебулан, Мустафаұлы Махмуд, эко-координатор Жаксылыкова Б.О. және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мурзабеков А.Б. Санкт-Петербург қаласына барып, технологиялық институттың тыныс-тіршілігімен танысты. Соңғы заманауи құрал жабдықтары бар Фармакологиялық зертхана мен институт мұражайынан үлкен әсер алды. Сонымен қатар бұл конкурстың бір ерекшелігі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мурзабеков А.Б. халықаралық байқаудың әділқазы алқасы болды.

Серіктестік шеңберінде Зияткерлік мектеп түлектерінің Санкт-Петербург қаласына бармай, онлайн емтихан тапсыруға мүмкіндігіне қол жеткізілді.

## **Erudito Licejus (Vilnius, Lithuania)**

Мектепте дәстүрлі түрде өтетін MUN конференциясының биылғы жылғы тақырыбы «Inception. New Era with AI (Artificial Intelligence)» арналды. Конференцияға Қазақстан Республикасы бойынша бірнеше мектептер қатысты. Сонымен қатар Литвадағы серіктес мектеп Erudito Licejus мектебі оқушылары қатысты.

## **Башқортостан Республикасының Кумертау қаласындағы Муртаза Рахимов атындағы Башкирия Республикалық №3 мектеп-гимназиясы**

2023 жылдың 26-27 қазанында Ресей Федерациясының Башқұрт Республикасында өткен «Международный форум Полилингвального образования» форумына Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы директорының орынбасары Ы.А. Имамбаева мен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.А. Исмаганбетова арнайы шақыртумен қатысты. Форум барысында екі елдің білім беру жүйесіндегі озық іс-тәжірибелер талқыланды.

2023 жылдың желтоқсан айында Кемертау қаласындағы №3 Мұртаза Рахимов атындағы Башқұрт Республикалық мектеп-интернаты ұжымының бастамасымен онлайн форматта семинар өткізілді.

## **Crawford International school in Kenya**

2023 жылдың 27 қарашасында информатика пәні мұғалімдері Benjamin Wanjui және Пернепесов Жеңіс Кениядағы Crawford International school мектебі оқушылары және ұстаздарымен онлайн форматта кездесті. Кездесу барысында оқушылар өздерінің тілдері, дәстүрлері және елдері туралы диалог құрды.

## **Lucky International School in Tanzania**

«Introductory letter exchange among 9<sup>th</sup> graders at NIS and Lucky International school» шарасында Танзаниялық оқушылардың хаттары біздің мектеп оқушыларының тілді меңгеру деңгейіне қарай таратылды. Әдістемелік бірлестіктің ұстаздары арасында оқушыларды бөліп беріп, бұл шараға 9 сынып оқушыларын тарту туралы шешім қабылданды. Танзания мектебі оқушыларының хаттары кездейсоқ таратылды. Осыдан кейін хаттар серіктес мектебінен мұғаліміне интернет арқылы жіберді. Бұл іс-шараның мақсаты оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру және Lucky International мектебінің оқушыларымен одан әрі ынтымақтастықта жұмыс жасауға шақыру болды.

## **«Әл-Фараби» Олимпиадалық Дайындық орталығы (ҚазҰУ), қ. Алматы**

Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы оқушыларының математика пәнінен олимпиадалық қозғалысқа тарту үшін және мектептің олимпиадалық резерв оқушылары арасында дұрыс бәсекелестік құру мақсатында Қазақ Ұлттық университетінің «Әл-Фараби» Олимпиадалық Дайындық орталығымен біраз жылдан бері жұмыс жасап келеді. Осы жыл аталған орталықтың қолдауымен мектебімізде Халықаралық геометриядан Иран олимпиадасы, Л.Эйлер атындағы Халықаралық олимпиадасы, Ш.Смагулов атындағы олимпиаданың іріктеу, облыстық және республикалық кезеңге іріктеу өткізілді. Бұл орталықпен Математика ӘБ тығыз жұмыс жасайды.

## **Ecole Global International Girls School in India**

Физика әдістемелік бірлестігінің мұғалімдері Качнова О.С., Koogosh A. және Мұса А. Үндістандағы Ecole Global International Girls School мектебі ұжымымен



онлайн форматта кездесті. Кездесу барысында екі мектептің оқушылар мен ұстаздары саны, орналасу география айтылды және физика кабинеттерінің құрылымы таныстырылды. Ғаламдық азаматтылық пен тілдік құзыреттіліктерді дамыту бойынша арнайы шаралар ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

### **Uhamiaji secondary school in Tanzania**

2023 жылдың 12 қазанында химия пәні мұғалімі Mohamed Elshikh ұйымдастыруымен және информатика пәні мұғалімі Mr. Benjamin Танзаниядағы Uhamiaji secondary school мектебі өкілдерімен онлайн форматта кездесті. Кездесу барысында ұстаздар мен оқушылар мектептерінде білім беру бағдарламаларын, бағалау жүйесін, өздерін қызығушылықтарын және екі ел мәдениетіндегі ерекшеліктер туралы айтты.

2023 жылдың 10 қарашасында Mohamed Elshikh, Koorosh A., Mr. Benjamin және Mr. William серіктес мектептің өкілі Mr. Magaya онлайн форматта кездесіп, келесі мәселелер талқыланды:

- Екі мектепте Кәсіби бағдар сабақтарын өткізу.
- Балалардың құқықтарын қорғау және ғаламдық азаматтылықты насихаттау.
- Онлайн форматта командалық сабақтар өткізу.

### **Жергілікті серіктестік**

Ақтау қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы Ақтау қаласы бойынша жалпы білім беретін мектептердің бірқатарымен тығыз жұмыс жүргізеді. Солардың ішінде №12 мектеп, №13 мектеп-гимназия, БИЛ және ІТ мектеп-лицейі. Аталған мектептердің оқушылары Зияткерлік мектепте өтетін облыстық «Жас көшбасшылар форумыны», түрлі спорт түрлерін спартакиадаларға, облыстық «Ырғақ» би байқауына және оқушылардың экологиялық облыстық «Эколидер» қатысады. Маңғыстау облысы бойынша «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы» мекемесімен де экологиялық және шығармашылық жұмыстар жүргізіледі. Оқушыларымыз балалар үйі жанында сенбіліктер ұйымдастырып, ағаш екті. Ағылшын тілін дамыту бойынша сабақтар өткізеді. Балалар үйі тәрбиеленушілерін Зияткерлік мектепке шақырып, арнайы шеберлік сабақтарын өткізді.

## **8. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ**

**МАҚСАТЫ** Мектептің білім беру, ақпараттық-мәдени орталығы ретінде кітапхананың жұмысын ұйымдастыру, халықаралық деңгейге жету үшін кітапхана жұмысын дамыту, мектептің миссиясын жүзеге асыруды қолдау.

### **КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ**

• Оқушылар мен педагогтарға кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету арқылы оқу-тәрбие процесін және өзін-өзі тәрбиелеуді қамтамасыз ету. Мұғалімдер мен оқушылардың білім беру жобаларына қатысуына көмек көрсету;

• Жобалық және ғылыми-зерттеу қызметінде әртүрлі ресурстармен қолдау. Ақпараттық және функционалдық сауаттылық әдістерін қолдана отырып оқырмандардың зерттеу дағдыларын дамыту

• Оқырмандарда тәуелсіз кітапхана пайдаланушысының дағдыларын қалыптастыру: кітапты және басқа да ақпарат тасымалдаушыларды пайдалануды, ақпаратты іздеуді, іріктеуді және сыни бағалауды үйрету;

•Электрондық кітапханалар, цифрлық білім беру ресурстары кітапханалары нысанында білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;

•Дәстүрлі технологияларды жетілдіру және жаңа кітапханалық технологияларды игеру. Құжаттарға барынша толық және жылдам қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Педагогтерге, ата-аналарға, оқушыларға ақпарат алуда әдістемелік консультациялық көмек көрсету;

•Ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу және оны пайдаланушыға жеткізу. Кітапханада бар ақпарат көздері негізінде сыныптан тыс жұмыстар жүргізу;

•Пайдаланушылар арасындағы мазмұнды қарым-қатынасты дамыту, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;

•Пайдаланушылар арасындағы мазмұнды қарым-қатынасты дамыту, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;

•Педагогтар мен оқушыларды оқу, ғылыми-зерттеу қызметінде ақпараттық қолдау, сондай-ақ мектептегі инновациялық процестерді ақпараттық қолдау;

•Республикада және шетелде біліктілікті арттыру курстарында сатып алынған кітапхана қызметіне жаңа технологияларды енгізу.

•Пилоттық, инновациялық, жалпы білім беретін мектептер кітапханалары қызметінің мазмұнын жаңартуда Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларының инновациялық тәжірибесін тарату. Кітапхана және отбасы ынтымақтастығы: ата-аналарды кітапханаға тарту. Ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылығына ықпал ету.

#### **Педагог-кітапханашылар:**

Есмағамбетова Малика Аманғалиевна-аға педагог-кітапханашы

Дюсупова Ләззат Есқабылқызы-педагог - кітапханашы-жұмысын 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастады.

2023-2024 оқу жылына арналған жалпы кітап қоры – 20 173 дана кітапты құрайды, оның ішінде: қазақ тілінде 7602 дана, орыс тілінде 6618 дана және басқа тілдерде 4310 дана. Мектеп кітапханасының қоры кітапхана пайдаланушыларының қажеттіліктерін, оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық және білім беру сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларына сәйкес құрылады, сондықтан жинақтау ӘБ басшыларымен бірлесіп жүзеге асырылады.

Кітапхананың кітап қорына оқу, көркем, анықтамалық, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, мерзімді басылымдар кіреді. Кітапхана қоры дәстүрлі басылымдардағы электронды басылымдар мен қосымшалармен, оқулықтармен, анықтамалықтармен және энциклопедиялармен, оқу бағдарламаларымен және т.б. толықтырылады.

<b>№</b>	<b>Кітап қоры</b>	<b>Қазақ тілінде</b>	<b>Орыс тілінде</b>	<b>Ағылшын тілінде</b>
1	Оқулықтар	5546	3402	505
2	Қосымша әдебиет	275	504	1096
3	Көркем әдебиет	1051	1852	1734
4	Әдістемелік әдебиет	155	174	418
5	Энциклопедия	110	206	291
6	Анықтамалық әдебиет	7	41	31
6	Дидактикалық әдебиет	366	375	
7	Сыйлық әдебиеті	86	63	54
8	Электрондық әдебиет	6	1	181
	<b>Барлығы:</b>	<b>7602</b>	<b>6618</b>	<b>4310</b>

2024 жылдың қаңтарында ағылшын және орыс тілдерінде 200 көркем әдебиет қабылданды. 28.08.2023-01.09.2023 жылдар аралығында 7, 8, 9, 11 сынып оқушылары оқулықтар алды.

## **Кітапханада 2023-2024 оқу жылында өткізілген кітапхана сабақтары, іс-шаралар, әдеби сағаттар.**

### **Электрондық ресурстармен жұмыс:**

18.09.2023 - 22.09.2022 аралығында 7 сынып оқушыларына арналған ақпараттық сауаттылық және кітапхана ресурстарымен танысу сабақтарының апталығы өтті, онда Bilimland, TwigBilim және Gale электрондық-білім беру ресурстары бойынша тренингтер өткізілді. Осы платформаларда оқушылардың жеке кабинеттері алдын-ала құрылды және оқушылар ақпараттық ресурстарды пайдалануды белсенді түрде үйренді.

Сонымен қатар, жаңадан келген мұғалімдерге арналған Bilimland, TwigBilim және Gale электрондық білім беру ресурстары бойынша тренингтер өткізілді, онда оқыту процесінде электрондық ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын талдады.

11.10.2023 жылы қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің туған күніне орай әдеби сабақ өткізілді, онда 10 F сынып оқушылары "Еңлік-Кебек" пьесасына талдау жасап, осы шығарманың үзінділері бойынша қысқа көріністер қойды

13.11.2023 жылы Қазақ тілі мен әдебиеті және кітапхана апталығы басталды. Апта мектеп қатарында ашылудан басталды, одан кейін кітапханада "тәтті викторина" өткізілді, онда оқушылар белгілі шығармалар бойынша сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтар алды.

19.11.2023 жатақхана оқушыларына “GPT нейрондық көмегімен құндылықтар мен терминдердің сөздігін жасау” сабағы аясында Жасанды интеллектің қызметімен таныстырдық. Оның артықшылықтарын талдап, оқу барысында қалай тиімді пайдалануға болады екенің анықтадық.

9-10 сынып оқушылары үшін "Белгілі тұлғалардың өмірбаянын оқу арқылы оқушыларға кәсіптік бағдар беру" әдістемесін қолдана отырып, кітапхана сабақтары өткізілді, онда кәсіптік бағдар беру карточкаларының көмегімен студенттер белгілі тұлғалардың жетістікке жету тарихын талдап, талдады.

### **Мұғалімдермен бірге кіріктірілген сабақтар**

**20.11.2023** ағылшын тілі мұғалімі Павиз Х. - мен бірлесіп 11 B сынып оқушыларымен "Gale database. Using apa style in-text citations", онда біздің мектеп қол жеткізе алатын GALE платформасын пайдаланып, дәйексөз дағдыларын қолдану үшін мақалалар іздеді. "Медицина", "ғылым", "Нанотехнология", "өнер"мақалалары үшін 4 санат таңдалды.

**14.11.2023** «Ойындар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру» 9 F сыныбына кіріктірілген кітапханалық сабақ ұйымдастырушы-куратормен Амантұрлы А.Қ. «Kangaroo words», «Jenga Book» ойындарын қолданып.

**06.12.2023** - “Тұлғаларды танимыз ба?” Бейімбет Малинге арналған әдеби сағаты өтті. Сабағымыз педагог-ұйымдастырушы- куратормен Қамар Байдулақызымен бірлесе, “Ұлы дала ақындары” жобасы аясында өтті. 9 сыныптарға арнайы “Шұғаның белгісі” шығармасын тандап, “Read and write” әдісі арқылы талдады оқушылар. Сабақты қортындыла кете, “Jenga book” ойыны арқылы оқушылар сұрақтарға жауап берді.

**06.12.2023** - жатақхана оқушыларымен ReadX жобасы бойынша кездесу

**23.02.2024** - Мектеп кітапханасында 7 D сыныбына кітапханалық сабақ өтті. Сабақ барасында оқушылар “Six thinking hats” әдісін қолданып, Бейімбет Майлиннің “Алғашқы сабақ” шығармасын талдады.

**26.02.2024** - Рухани-адамгершілік тәрбие апталығы аясында “Жүректен шыққан бір кітап” “100 кітап” жобасы аясында кіріктірілген ашық сабақ өтті. Ашық

сабаққа дейін оқушылар ұнаған кітабын тандап, 10 күн бойы 20 минут кітапханаға келіп оқиды, одан соң кітапхана парақшасын толтырды. Ашық сабық барысында оқыған кітаптары талқыланды. Сабақтың мақсаты: 100 кітап» әлеуметтік жобасының кітаптарының мазмұнымен таныстыру.

**01.03.2024** - «Эколидер» клубының зиякерлерімен бірге Балалар үйінен келген жас қонақтарды қарсы алып, мастер-класстар мен активити өткіздік. Өртүрлі шығармашылық жұмыстар: тоғызқұмалақ, шахмат ойнау, хнамен сурет салу, тез оқи алу, химиялық эксперименттер жасау, квиз ойындары, ақбөкен маскасын жасау, трафарет, ескі киімге сурет салу, қақпақтар арқылы жануарлар сұлбасын жасау, шопперге сурет салу, картон қалдықтары мен скотчқа сурет салу.

Биылғы оқу жылында "Оқырмандар әлемі" Кітап клубы өз жұмысын бастады, әр апта сайын қатысушылармен Readx форматында кездесулер өткізіп, оқылған кітаптармен бөлістік. Сондай-ақ, "100 кітап" жобасы бойынша "Жүректен шыққан бір кітап" әдеби сағаты өткізілді.

### **Жаппай жобалар**

2023 жылғы 20 қарашада жыл сайынғы "Bookcrossing" акциясы басталды, оның мақсаты оқылған кітаптарға екінші өмір сыйлау, сондай-ақ оқушыларды кітаптарға ұқыпты қарауға, оқуды насихаттауға, оқуға деген қызығушылықты оятуға тарту болып табылады. Акцияға мектеп оқушылары мен қызметкерлері қатысты. 13.12.2023 жылы 200 дана акция аясында жиналған кітаптар үш ауыл мектебіне берілді.

2024 жылдың 19 сәуірінде "Кітап әлемді жаулап алады" атты дәстүрлі акция өтті, онда бір уақытта 700 студент пен қызметкер кітап сыйлады және алды.

"Тұлғаларды танимыз ба?", Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Бердібек Соқпабаев, Жүсіпбек Аймауытов туралы әдеби сағаттар өткізілді

### **Ата-аналармен жұмыс**

Ата-аналар айы аясында кітапханада READx өткізілді, онда спикерлер ата-аналар, оқушылар және мұғалімдер болды. Әр спикер оқыған кітабының тұсаукесері мен тұсаукесерімен сөз сөйледі, соңында тыңдаушылар "оқимын" немесе "ойлаймын" карточкаларын көтерді

### **Тәжірибені тарату**

2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің кітапханашыларымен "оқуды ілгерілетудің белсенді әдістерінің көмегімен оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру", "оқушылардың ақпараттық және оқу сауаттылығын дамыту", "мектеп кітапханасындағы функционалдық сауаттылықтың өзекті нысандары", "кітапхана оқушылар мен оқушыларға арналған мектептің Ресурстық алаңы ретінде" тақырыптарында 4 офлайн семинар және 1 онлайн семинар өткізілді. мұғалімдер". Семинарларға 30 кітапханашы қатысып, барлығы оң пікір білдіріп, жұмыс барысында осы әдістемелердің қажеттілігін растады.

### **Қорытындылар:**

#### **Оң жақтары:**

1) оқушылармен тиімді жұмыс жасау, кітап ресурстарының құндылығын және жаңа әдістемелер (әдеби сағаттар, кітапханалық сабақтар, дөңгелек үстелдер) арқылы оқу сауаттылығын дамытудың маңыздылығын сіңіру.

2) кураторлармен тығыз жұмыс, бұл оқушылармен және ата-аналармен тікелей байланысты қамтамасыз етеді

3) оқытушылармен тығыз жұмыс: кіріктірілген сабақтар, тақырыптық іс-шаралар өткізу, пәндік апталарға қатысу.

Мүмкіндіктер: жобаларды, кітап клубтарын бірлесіп жұмыс істеу және құру арқылы оқушыларға жеке көзқараспен жұмыс істеу.

**Әлсіз жақтары:**

- 1) оқушылармен және мұғалімдермен бірлесіп жобалардың болмауы;
- 2) басқа мектептермен бірлесіп желілік іс-шаралар өткізу
- 3) Басқа қалалық және облыстық кітапханалармен бірлескен жұмыстың болмауы

## **9. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ**

2023-2024 оқу жылында Ақтау қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Қамқоршылық кеңесінің екі отырысы өтті.

2023 жылғы 7 қарашада №2/23 хаттамамен ресімделген Қамқоршылық кеңес отырысының 2023 қаржы жылының қорытынды отырысы өтті.

Отырыста Қамқоршылық кеңесіне жаңа кандидатты енгізу, «Caspian Start Up-2024» халықаралық байқауынна демеушілік көмек көрсету мәселелері қаралып, 2022-2023 оқу жылының қорытындысы шығарылды.

2024 жылғы 6 наурызда 2024 қаржы жылына арналған Қамқоршылық кеңес отырысының бірінші отырысы өтті. Қамқоршылық кеңес отырысында келесі мәселелер қаралды: Қамқоршылық кеңестің құрамына жаңа кандидатты енгізу, Қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтату, Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2024 жылғы 15 сәуір мен 18 сәуір аралығындағы кезекті CIS халықаралық аккредитациясы делегациясының алдын ала сапарына дайындық, «Caspian Start Up-2024» халықаралық конкурсына демеушілік көмек ұйымдастыру және қаржыландыру көздерін анықтау мәселелері.

## **10. NIS ENGINEERING, РОБОТОТЕХНИКА, WRO**

2023-2024 оқу жылында мектебімізде оқушыларды жобалық іс-шараларға тарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді. Негізгі мақсат - оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін, ынтымақтастық және дербестігін дамыту болды. NIS Engineering 2023 жылдың қараша айынан бастап өз жұмысын бастады. Осы аралықта оқушылардың жасаған жобалары мен жұмыстары өз нәтижелерін желілік, республикалық деңгейде жүлделі орындармен көрсетті.

NIS Engineering білім берудің негізгі мақсаты – оқушыларды заманауи жоғары технологиялық, инновациялық жобаларға, зертханалық жұмыстарға және эксперименттік зерттеулерге қатысу арқылы оқушылардың теориялық білімдерін практикада қолдана білу дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- Жобалық топтарды ұйымдастыру;
- Оқушылар мен оқытушылар үшін оқыту семинарларын өткізу;
- Жоба қызметін бағалау және бақылау жүйесін құру;
- Сыртқы ұйымдармен серіктестік орнату.

Оқу жылының басында әртүрлі сынып оқушыларынан тұратын жобалық топтар құрылды.. Жобалардың тақырыптары ғылыми зерттеулерден бастап, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларға дейін болды.

Оқушыларды және мұғалімдерді әртүрлі бағыттағы жобаларға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында NIS Engineering ұйымдастыруымен “NIS HUB” өз жұмысын бастады. Бұл ұйым оқушылардың өз ойында жүрген жобаларын жүзеге асыруға себепкер болатын қауымдастық. Жас энтузиасттардың басын қосатын, оларға өз ойын жүзеге асыруға көмектесетін орта.

**Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері**

№	Өткізілген сайсытар	Жетістіктер
	Eco Hackathon	Қарымсақ Ақарыс пен Едилов Саназар финалдық кезеңде ерекше жетістікпен марапатталды Жетекшісі: Қалиев Қазбек
	Тәуелсіздік ұрпақтары 1 млн тг гранты	Баянғали Аружан Абдула Мадина Кунтуар Айдарбек Қуатова Камила Қаршыға Нұрсая Медал Динара
	WSO	Ғинулла Фариза Дүйсембаева Индира финалдық кезеңге жолдама алды Жетекшісі: Лаура Бекешова
	Smart space	Тілеу Ерсұлтан Жаңай Бағлан Раматулла Қыдырәлі Финалдық кезеңде ерекше жетістікпен марапатталды Жетекшілері: Лаура Бекешова, Қалиев Қазбек
	PROEKO экологиялық жобалар байқауы	Қыдырбай Дария республикалық кезеңде ерекше жетістігі үшін марапатталды Жетекшісі: Қалиев Қазбек
	Samsung	Баянғали Аружан Медал Динара Жартылай финалдық кезеңге жолдама алды

2023 жылдың 16-18 желтоқсан аралығында INFOMATRIX сайысына мектебіміздің 10-11 сынып оқушылары қатысты. Сайыс 6 бағыт бойынша өткізілді. Ғинулла Фариза мен Абжетова Жаншуақ - Life Saver AI (Computer Programming) бағыты бойынша 2 орын иеленді, жетекшілері Бекешова Лаура. Ришат Дильшат Ришатұлы Inferno Innovation (hardware control) бағыты бойынша 3 орын иеленді, жетекшісі Айгерім Бимағамбетова. Мурат Алия Оржанқызы Izizan (computer programming) бағыты бойынша 2 орын иеленді, жетекшісі Ольга Качнова.

2024 жылдың 29 сәуір күні Есенов университетінде өткізілген Ғылым.Тәжірибе.Нәтиже сайысы өткізілді. Бұл сайыс 3 секция бойынша ұйымдастырылды. 1 секция бойынша: Тілеу Ерсұлтан мен Жаңай Бағылан 1 орын, жетекшісі Лаура Бекешова. Букенбаева Карима 2 орын иеленді, жетекшісі Қалиев Қазбек. 2 секция бойынша: Қарымсақ Ақарыс 3 орын иеленді, жетекшісі Қалиев Қазбек. 3 секция бойынша: Демеген Алишер мен Қобылаш Арсылан 2 орын иеленді, жетекшісі Байғалиева Айгул. Ғинулла Фариза мен Абжетова Жаншуақ 3 орын иеленді, жетекшісі Лаура Бекешова.

2024 жылдың 3 мамыр күні Mangystau IT HUB-тың ұйымдастырған Pizza pith сайысында мектебіміздің екі командасы жүлделі орындарға ие болды. 1 орын CutZ командасы: Букенбаева Карима, Самат Толғанай, Талғат Аружан, жетекшісі Қалиев

Қазбек. 3 орын ResQ командасы: Гинулла Фариза, Сайын Ұмай, Куатова Камила, Дуйсембаева Индира, жетекшісі Лаура Бекешова.

2024 жылдың 30 мамыр күні WRO 2024 сайысы өткізілді. Сайыс 4 бағыт бойынша ұйымдастырылды. Сайысқа алдыңғы жылы жалпы барлығы 27 команда қатысса, биыл 31 команда қатысты. Біздің мектебімізден 10 команда қатысты. Соның ішінен республикалық кезеңге жолдама алған командалар: Future Engineers категориясы бойынша: Команда: Ура Работать, Тілеужан Ілияс пен Оразбай Рүстем 1 орын иеленді. RoboMission.Junior категориясы бойынша: Команда: S7, Амантай Батырхан мен Сағызбай Абубакир 1 орын иеленді, жетекшісі Қалиев Қазбек Нұртасұлы. Future Innovators.Senior категориясы бойынша: Команда: Skinprint, Баянғали Аружан мен Медал Динара 1 орын иеленді, жетекшісі Жетесова Аякөз.

2024 жылдың 10-11 маусым аралығында мектебімізде Caspian Startup 2024 сайысының финалдық кезеңі өткізілді. Өткен жылы сайыс ІТ бағытында ұйымдастырылса, биыл экологиялық бағытта ұйымдастырылды. Биылғы қатысушы командалар саны 250 болып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 50 ге артты. Сайыс жеңімпаздарына орындарына сай қаржылай сыйақы мен Қазақстан Республикасының ЖОО на түсуге арналған гранттар табысталды. Мектебіміздің ResQ командасы 1 орын иеленді: Гинулла Фариза, Сайын Ұмай, Куатова Камила, Дуйсембаева Индира, жетекшісі Бекешова Лаура.

### **NIS HUB орталығының 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

<b>№</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Күтілетін нәтиже</b>
1	NIS HUB үйірмелерінің қатысушыларын нақтылау және топ басшысын тағайындау	Қыркүйек	Әр үйірме қатысушылары жылдық жоспармен танысып соған сай жұмыс атқаратын болады.
2	NIS HUB үйірмелері арасында мектепшілік сайыстар өткізу	Қазан-Желтоқсан аралығында	Оқушылар өз үйірмелері арасында сайысқа түсу арқылы бәсекелестікті арттырады және білімін шыңдайды.
3	«ROBOT BATTLE» мектепшілік сайысын ұйымдастыру	Қараша	Оқушылар осы сайыс арқылы өздерінің жан-жақты қабілеттерін арттырады себебі бұл сайыс бірнеше кезеңдерден тұрады.
4	«ROBOT BATTLE» облыстық деңгейдегі сайысын ұйымдастыру	Желтоқсан	Бұл сайыстың облыстық кезеңін ұйымдастыру арқылы мектебіміздің имидждік жобасын қалыптастыру.
5	«BEST GRAPHIC DESIGNER» сайысын өткізу	Қаңтар	Бұл сайыста оқушылар графикалық дизайн бойынша шығармашылық қабілеттерін шыңдайды.
6	«BEST 3D MODEL» сайысын өткізу	Ақпан	Бұл сайыста оқушылар 3д моделдеу бойынша тапсырмаларды орындау арқылы жылдам әрі оңай шешім шығару жолдарын жетілдіреді.
7	«BEST MOBILOGRAPH» сайысын өткізу	Наурыз	Бұл сайыста оқушылар берілген тақырыптар арқылы видеотүсірілім бойынша сайысып өздерінің креативті ойлау қабілеттерін шыңдайды.
8	«BEST MOBILE APP» сайысын өткізу	Сәуір	Бұл сайыс арқылы оқушылар мобильді қосымша жасау үшін бағдарламалау және UX/UI дизайн қабілеттерін жетілдіреді.

9	Caspian Startup жобасын ұйымдастыру	Сәуір-Маусым аралығында	
10	WRO сайысын ұйымдастыру	Мамыр	

## **11. МЕКТЕПТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ**

### **11.1 МЕКТЕП ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Мақсаты:** Оқушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын оқу үрдісі процессі кезінде сақтау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқама ережелерін өз уақытында өткізу, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар өткізу кезінде нормалық талаптарды қадағалау.

#### **Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы.**

Жаңадан жұмысқа қабылдау барысында 2023 жылы – 56, 2024 жылы – 9 қызметкерге еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздік және жұмыс орнында алғашқы нұсқаулық жүргізілді. Олар мектептің жұмыс үрдісімен, оларды орындау үшін міндетті еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы нормалар мен талаптар және төтенше жағдайлар бойынша өрт қауіпсіздігі, су тасқыны, жер сілкінісі азаматтық қорғаныс, «терроризм» мен «экстремизм» қауіп-қатерінен сақтану алгоритмдерімен танысып, тиісінше журналдарға тіркелген.

2024 жылдың ақпан айында қауіпсіздік іс-номенклатурасы негізінде еңбекті қорғау және қауіпсіз техникасы бойынша 108 нұсқамалары жаңартылып, мектеп директорымен бекітіліп, тиісті қызметкерлеріне таныстырылды.

2023 жылы ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 25.12.2015 жылғы № 1019 бұйрығы негізінде, еңбекті қорғау бойынша -2 қызметкер, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 09.06.2014 жылғы № 276 бұйрығы негізінде, өрт қауіпсіздігі бойынша -4 қызметкер, 2024 жылы «Терроризмге қарсы іс-қимыл» туралы ҚР Заңының 10-3-бабы, 1-тармағы, 3-тармақшасына сәйкес «Антитеррорлық қауіпсіздік және қарсы тұру» бойынша – мектеп директоры мен 3 жауапты қызметкер біліктілігін арттырды.

Мектеп оқушылары немесе жатақхана тәрбиеленушілері жазатайым оқиға немесе жарақат алу кезінде, мектеп медициналық пункт қызметкерлерінің нақты іс-қимылы және тиісті мектептің тиісті тұлғаларына хабарлау алгоритмі жасақталып, таныстырылғаны жөнінде қол қойдырылған.

Қызметкерлер мен оқушының денсаулығына тиген зақымдар және өзге де еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайлар есеп жылдарының ағымдағы күнге дейін тіркелген жоқ.

Мектеп оқушыларының контингенті өсуіне байланысты, 2024 жылы сиымдылығы - 840 оқушыға негізделіп, мектептің 61 оқу кабинетіне қосымша 4 оқу кабинетінің еңбек қауіпсіздік нормалары мен талаптарына сай ресми құжат алу мақсатында, Ақтау қаласы «Санитарлық эпидемиологиялық бақылау» басқармасымен бірқатар жұмыстар жасалды.

#### **Мектеп қауіпсіздігі .**

Мектептегі жеке адамның өмірін, денсаулығы мен мектеп ғимаратының мүлкін, сондай-ақ мүлкін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау



02.02.2021ж. №19/21 келісім-шартымен ЖШС «Тісан секьюрити» күзет қызметі мектептің жалпы ауданы – 5,9 гектар құрайтын оның ішінде, құрылыс алаңы – 16 717,5 ш/м, абаттандыру алаңы – 31 035,1 ш/м, Bosh және HiKvision бейнебақылау камералары -214, ішкі бейнебақылау камералары – 144 дана; сыртқы бейнебақылау камералары – 70 дана, мектеп алаңындағы жарықтандыру 7 метр бағаналары-83, 4 метр бағаналары -38 дана, 320 күн панелін, сондай-ақ мектептегі 784 оқушыларды және 274 қызметкердің қауіпсіздігін жүзеге асырып келді.

2024 жылы ақпан айында мектеп күзет қызметі басшысынан бекітілген төтенше жағдайлар іс-шарасының өткізу жоспарының алдында ҚР "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" және осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру Үкімет қаулысымен бекітілген террористік ҚР 06.05.2021 жылғы № 305 қаулысы бойынша, «Жарғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау», «Жарылу қаупі бар заттардың табылуы кезіндегі іс-әрекеті», сондай-ақ лаңкестік актілері «Қарулы шабуыл жасалған кездегі», «Кепілге алу кезіндегі іс-қимыл тәртібі» және «Lockdown» атты (жедел оқшаулану) дабылы тақырыбында құзырлы органдарының қатысуымен мектеп күзет қызметкерлерінің (по факту) оқу- жаттығу өткізіліп жатқаны бойынша есеп – сурет талап етіліп, жіберілген болатын. Сонымен қатар күзет қызметінің білімін шыңдау негізінде, әр түрлі мектеп ғимаратына туатын қауіп - қатер жоспары ойластырылып, мектеп күзет қызметінің іс-қимылын тексеріп, одан әрі Акт жасақталып, ЖШС «Тісан секьюрити» күзет қызметінің басшысына жіберіліп отырды.

3 жылға созылған келісім-шарты бойынша ЖШС «Тісан секьюрити» мекемесі жұмыс қызметін аяқтап, 29.04.2024 жылы №71/24 келісім-шартымен ТОО «Бастион ГБР» күзет қызметі жұмысына кірісті.

Мектеп аумағы бойынша күзет – 5 постынан тұрады, оның: 3 посты – 24 тәулік ауысым сағатымен, 2 посты – 12 тәулік ауысым сағатымен жұмыс жасап келеді.

### **Тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету.**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы төрайымының 2016 жылдың 3 мамырдағы №18 шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы бөлімшелерінің қауіпсіздік ережелерін сақтауды іске асыру мақсатында, 784 оқушыға, оның ішінде 7 сынып – 126, 8 сынып – 147, 9 сынып – 140, 10 сынып – 128, 11 сынып – 120, 12 сынып – 86 оқушыға және жанадан 7 сыныпқа келген 40 оқушыларын 3 ағынға бөліп, қауіпсіздік ережелерін сақтау және төтенше жағдай кезіндегі міндеттері нұсқамасы өткізілді. Нұсқама барысында мектептің қауіпсіздік қызмет комитетінің міндеттерімен таныстырылып, мектептің ішкі-сыртқы тәртіп ережесі, мектеп ауласы алдындағы жаяу жүргінші өтпеліне арналған жол жүру белгілеріне арнайы сурет-схемасы жасақталып, толық түсінік берілді. «Әкімшілік құқық бұзушылық» және өрт қауіпсіздік қызметіне жалған соғу жөніндегі Қазақстан Республикасының жауапкершілік баптары да ескертілді. Химия, биология, физика, информатика пәндерінің кабинеттерінде жұмыс істеу кезіндегі өрт қауіпсіздігі, «эвакуация», оқушының «өрт мезетінде тап болған жағдайдағы нақты іс-әрекеті», «Жер сілкінісі» және «Терроризм» жарылыс қаупі мен «Экстремизм» «Lockdown» -қатаң оқшаулану кезінде нақты әс-әрекетін жете түсінуі мақсатында, оқушылардың қатысуымен, кішігірім видео-көріністер мектеп ішінде 360<sup>0</sup> - та 3Д форматында өткізілді.

Қауіпсіздік комитет мүшесінің оқушы тәрбиесі ұйымдастыру шаралары бойынша Ювенталдық полиция басқармасының мектепке қарасты учаскелік инспекторымен бірқатар жұмыстар жасалды.

ҚР қалалары мен шет елге шығудағы мәдени шаралар олимпиадалық, спорттық жарыстар, байқаулар, қоғамдық шаралар, сонымен қатар мектеп экспедициясына шығар кезде, «Жол қауіпсіздігі», «Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік», «Болуы ықтимал төтенше жағдайлар» негізінде 7-12 сынып оқушыларына және барып-келуіне жауапты тұлғаларға мақсатты нұсқамалар өткізіліп, 25.06.2024 жылға дейін қауіпсіздік іс-номенклатурасы бойынша, 62 негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтарға тіркеліп отырды, осыған орай қазіргі кезде қоғамда болып жатқан қауіптілік туралы жаңалықтарды, желідегі төтенше жағдай жөніндегі сайттардан хабардар болып отырып, жаңадан презентация жасақталып қысқаша заманауи жаңа видеороликтер көрсетіліп отырады.

### **Төтенше жағдайлар іс – шаралары.**

2023-2024 оқу жылдарына бекітілген жұмыс жоспары негізінде, төтенше жағдайлар, өрт қауіпсіздігі, су тасқыны, жер сілкінісі азаматтық қорғаныс, «терроризм» мен «экстремизм» қауіп-қатерінен сақтану, мектеп және жатақхана қызметкерлері мен оқушыларына теориялық сабақтары мен нұсқамалар жүргізіліп, сәйкесінше журналға тіркеліп, тәжірибелік оқу- жаттығулар ұйымдастырылып отырады. Мектеп қызметкерлері мен оқушыларының қатысуымен өткізілетін оқу-жаттығуларға мектеп директорымен бұйрық тағайындалып, өткізілу жоспары жасақталады. Одан әрі құрылған комиссия мүшелерінің бақылауымен оқу-жаттығу кезінде анықталған бұзушылықтар анықтамаға жазылып, директор бұйрығымен қайталау нұсқамалары жүргізіліп, тіркеліп, «NIS Ақпараттық технологиялар және қызмет көрсету орталығына» қауіпсіздік бойынша expert А.Б.Айманбетовке ай сайын есеп беріліп отырады.

### **Өрт қауіпсіздігі.**

Өрт қауіптілігін алдын –алу мақсатында мектепте автоматты өрт дабылы (АПС), жартылай автоматты газды өрт сөндіру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жұмыстары 01.03.2024ж. №25/24 келісім-шартымен ЖШС «Интегрософт» мекемесімен жүзеге асырылып, атқарылған жұмыстары жөніндегі сипаты журналға тіркеліп отырады.

Бекітілген теориялық жоспар негізінде төтенше жағдайлар шаралары сәйкесінше алғашқы өрт сөндіру құралдарының қолдануы және қолмен қосылатын өрт автоматикалық дабыл қаққыш құрылғысының жұмыс жасау тәсілдері мектеп қызметкерлеріне түсіндіріліп, әр жылдың маусым айында сатып алу тендері бойынша ҰӨҚ 05 – 102, ҰӨҚ 10 – 15, ҰӨҚ – 3 дана жұмыс істеу қабілеті тексеріліп отырады. Мектептің 31 анти-паника арқылы эвакуациялық шығу есіктері 3 қабатты мектеп ғимаратының 10 блок бойынша эвакуациялық жоспар- схемасы жасақталып, мектеп қызметкерлері мен жатақхана қызметкерлеріне нұсқама өткізілді. Жәй күндері бұғатталған есіктер анти-паника құрылғысы арқылы эвакуация кезінде автоматты түрде бұғатынан босайтыны, ал терроризм актісіне тап болған жағдайда автоматты түрде бұғатталатыны туралы түсінікте беріліп отырады. Эвакуациялық есіктердің дұрыс жұмыс жасауына, техникалық қызмет көрсету жұмыстары 21.05.2024 жылғы 138/24 келісім-шартымен ЖШС «Integrated Solutions Development» мекемесімен жүзеге асырылып, атқарылған жұмыстары

жөніндегі сипаты журналға тіркеліп отырады. Эвакуациялау бойынша мектептің әр блокқа жауапты қызметкерлеріне бұйрық шығарылып, нақты міндеттері түсіндіріліп, 2024 жылдың наурыз айында жаңадан келген 20 дана рация құралы таратылған болатын.

Мектептің IT саласындағы 5 бағдарлама жасақтау мамандарына 2023 жылы сервер кабинетінде ЖШС «Варса» мекемесімен орнатылған 2 ретті қолданыстағы жартылай автоматты газды өрт сөндіру құрылғысының жұмыс жасау тәртібі түсіндіріліп, қауіпсіздікті сақтау нұсқамасы жүргізіліп отырады.

ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 жылғы № 55 бұйрығына сәйкес жылына 2 рет өрт крандарының сынамасы жасалып, акт жасақталып отырады. Сонымен қатар сынама жасау барысында жатақхананың 10 тәрбиешілері мен 10 қызметкеріне тәжірибе түрінде көрсетіледі. Жыл барысында жатақхана қауіпсіздігін күшейту мақсатында, мониторға тәрбиеленушіні бақылап отыру үшін, бейнебақылау орнатылды.

Жыл барысында жоспар бойынша Ақтау қаласы ҚР «Төтенше жағдайлар департаментінің» азаматтық қорғаныс мамандары 7-8 сыныптағы 310 оқушыларына «Төтенше жағдайлар кезіндегі негізгі әрекеттері» тақырыбында танымдық сабағы өткізілді.

Оқу жылы соңына қарай, төтенше жағдайлар негізінде мектеп өрт қауіпсіздігіне жауапты мүшелерімен мектеп қызметкерлерінен 4 нұсқада барлығы 167 (мұғалім, лаборант, куратор, жатақхана қызметкері мен тәрбиелеуші, электрик және IT маманы) жасақталған онлайн-тест алынып, тиісінше хаттама толтырылып, мектеп директорының бұйрығымен дұрыс жауаптары қызметкерлерге ұсынылды.

### **«Терроризм» және «экстремизм».**

Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы (при акимате) «Терроризмге қарсы қорғаныс» басқармасының нұсқауымен төтенше жағдайлар бойынша жаңа алгоритмдер презентация және құжат түрінде жасақталып, мектеп директорымен бекітіліп, мектеп қызметкерлерге нақты іс-әрекеттер түсіндіріліп отырады.

Шетелдік қызметкерлер үшін, арнайы ағылшын тілінде төтенше жағдайлар бойынша видеороликтер жіберіліп отырады.

7-8 сынып оқушыларына кураторлық сағат кезінде «Терроризм актісі қатерінің төнуі не жасалуы кезіндегі қызметкердің іс-әрекеті және сақтану жолдары»; «Тұтқынға алу кезіндегі іс-әрекет», «Жарылу қаупі бар заттардың табылуы кезіндегі қызметкердің іс-әрекеті» негізінде жаңа презентация мен видеороликтер көрсетіліп отырады.

Жатақханаға жаңадан келген 10 тәрбиеленушілерінен тәжірибелік оқу – жаттығу алдында өткізілген нұсқамаға қарай төтенше жағдай бойынша қосымша тест алынды.

Мектепке оқушы ата-аналары мен келген қонақтар үшін, төтенше жағдайлар орын алған кезде нақты іс-әрекеті туралы жасақталған арнайы буклеттер дайындалып, орталықтағы күзет қызметімен ұсынылып отырды.

Маңғыстау облысы ҚР «Ұлттық қызмет комитеті» мен Ақтау қаласы ҚР «Ішкі істер департаменті» мамандары бірлесе отырып, 186 мектеп қызметкерлеріне, соның ішінде мұғалімдер, физика – 14, қазақ тілі әдебиеті-8, химия-13, тарих және география – 10, орыс тілі және әдебиеті-8, биология-11, спорт және өнер-6, математика-20, ағылшын тілі-8, информатика -8, әкімшілік қызметкерлері – 19, IT

саласындағы бағдарлама жөніндегі маман-5, куратор-педагог-ұйымдастырушы-13, жатақхана қызметкерлері-7, кіші қызметкерлер мен жұмысшылар -36 террористік акті бойынша «Жарылыс кезіндегі іс-әрекет», «Бір-бірімен атысу кезіндегі әс-әрекет» және «Тұтқынға алу кезіндегі іс-әрекет» жөнінде видео-көрініс арқылы дәрістер өткізді.

2024 жылы наурыз айында өтетін 7-сыныпқа түсуге Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантына 3000-нан аса үміткерлерді тағайындау үшін конкурстық іріктеу қарсаңында қауіпсіздікті күшейту мақсатында мектеп ғимаратының ішін және аумағын күдікті жарылғыш заттарды тексеру негізінде Ақтау қаласының кинологиялық орталығына жаттықтырылған итпен Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы (при акимате) «Терроризмге қарсы қорғаныс» басқармасының арнайы қызметкерлерімен келіссөз жүргізіліп, қауіпсіздік жұмыстары атқарылды.

### Су тасқыны.

Ақтау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21-ші қыркүйектегі қаулысы негізінде, қала бойынша төтенше жағдай (су тасқыны) орын алған жағдайда Ақтау қаласы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» Филиалы эвакуациялық пункт болуға жарамды деп табылып, 2024 жылы Ақтау қаласы бойынша Төтенше жағдайлар басқармасымен бірігіп, алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық ретінде 2023 жылы мектеп шатырының үстіне қойылған дабыл қаққыш құрылғысынан төтенше жағдайлар сигналын қосып, жатақхананың 20 қызметкерін және мектеп асханасының 15 қызметкерін, 4 мектеп күзетшілерін жұмылдырып оқу –жаттығуы өткізілген болатын.

### **2023-2024 оқу жылдарының жұмыс жоспары бойынша өткізілген тәжірибелік оқу -жаттығу ақпаратты.**

Өрт қауіпсіздігі негізіндегі эвакуация	Терроризм мен экстремизм қауіп-қатері «Lockdown» қатаң оқшаулану	Су тасқынынан зардап шеккен адамдарды эвакуациялық пункт мектеп жатақханасында қабылдау	Террорлық актісі жарылыс қауіп негізіндегі эвакуация
Мектепте – 1 Мектеп жатақханасында – 1 Ақтау қаласы «Өрт-сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің қатысуымен өтті.	Мектепте – 2 Мектеп жатақханасында – 1 Мектеп күзет қызметі ЖШС «Тісан секьюрити» мен ЖШС «Фурал» арасында жасалған келісім шарт бойынша «дабыл батырмасы» басылып «жедел әрекет ету тобы» құтқаруға неше уақытта мектепке жететініне тексеріс жасалып отырды.	Мектеп жатақханасында – 1 Ақтау қаласы бойынша «Төтенше жағдайлар басқармасы» қатысуымен өтті.	Мектеп жатақханасында – 1 Мектеп күзет қызметі ЖШС «Тісан секьюрити» мен ЖШС «Фурал» арасында жасалған келісім шарт бойынша «дабыл батырмасы» басылып «жедел әрекет ету тобы» неше уақытта

			мектепке құтқаруға жететініне тексеріс жасалып отырды.
--	--	--	--

**2023 -2024 оқу жылдарындағы тексеру нәтижесінде атқарылған жұмыстар.**

ҚР Бас прокуратурасының тапсырмасы негізінде, Маңғыстау облысы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің департаменті тарапынан тексеріс.	Астана қаласы «NIS ақпараттық технологиялар және қызмет көрсету орталығы» тарапынан ұсыныс.	ҚР Бас прокуратурасының тапсырмасы негізінде, Маңғыстау облысының өнеркәсіптік қауіпсіздігі тарапынан тексеріс.	Ақтау қаласы бойынша «Төтенше жағдайлар басқармасы» тарапынан бақылау негізіндегі ұсыныс.
ҚР ЕЖ №3.06.-101-2012 4.3.1.5, 4.3.1.6, 4.3.1.9 тармақтарына сәйкес, Мектеп автотұрақ аймағында «Мүгедек» танымдық белгісі бар ені кемінде 3,66м, ұзындығы кемінде 5,38м болатын автотұрақпен қамтамасыз етілді.	Оқушылардың қауіпсіздігі негізінде мектеп ішкі қабатының арасындағы өтпелі шағын биіктеу табалдырығынан қолайлы өту үшін 5 дана резеңке пандустары қойылды.	Прекурсор кабинетінде жұмыс жасау кезіндегі өнеркәсіптік қадағалау және бақылау ережесі және қауіпті қышқылдарды сақтау кезінде төгілуі және өртену қаупі болған жағдайда нақты іс-әрекет жоспары.	Мектеп ауласы алдындағы жаяу жүргінші өтпеліне қосымша жол жүру белгісі қойылып өтпелі жолақ сызылып, жаңартылды.

Мектепте Bosh және HiKvision бейнебақылау камералары бар.

Барлығы 214 камера:

- ішкі бейнебақылау камералары – 144 дана;
- сыртқы бейнебақылау камералары – 70 дана.

Мектеп алаңындағы жарықтандыру бағаналары:

- жарықтандыру бағаналары 7 метр – 83 дана;
- жарықтандыру бағаналары 4 метр – 38 дана.

Жыл сайын Зияткерлік мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде мектеп аумағының сыртқы бейнекамераларын Ақтау қаласы ДП және «Қазақтелеком» АҚ жедел басқару орталығына қосу туралы келісім жасалады.

## **11.2 МЕКТЕП АУЛАСЫН АБАТТАНДЫРУ**

Ақтау қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі филиалының ғимараты 5,9 гектар жер телімінде орналасқан. **Мектеп ғимараты туралы мәлімет:** жалпы ауданы – 5,9 га, құрылыс алаңы – 16 717,5 ш.м., абаттандыру алаңы – 31 035,1 ш.м., жобалық сыйымдылығы 840 орын, жатақхана – 132 орын. **Мектеп ауласында 320 күн панельдері орналасқан. Оның ауданы - 528 ш.м.** Сонымен қатар, мектеп алаңында дене шынықтыру, спорттық-экономикалық аймақ, демалыс аймағы бар. Аумақ торлы дуалмен қоршалған.

Мектеп алаңында блоктық типтегі панельді жылыжай орналасқан, жалпы ауданы 224 шаршы метр. **Мектеп аумағында 3994 дана ағаштар мен жасыл желектер ксірілген:**

1. Қылқан жапырақты өсімдіктер – 196 дана;
2. Жапырақты өсімдіктер – 550 дана;
3. Гүлдер – 220 дана;
4. Бұталар – 2930 дана;
5. Жеміс өсімдіктері – 98 дана;